

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551

«**БОЛАШАҚ**» УНИВЕРСИТЕТІ
ҚЫЗЫЛОРДА



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№2 (16)
2018

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қызылорда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНДЕ 13.02.2014 ж. ТІРКЕЛГЕН,
КУӘЛІК № 14158-Ж

Бас редактор – Досманбетов Б.С., ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Бас редактордың орынбасары және жауапты редактор – Рысмаханова Г.Ж., экономика
ғылымдарының кандидаты

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция алақасы:

Ким И.Л., экономика ғылымдарының докторы, профессор;
Досманбетова З.Р., PhD докторы;
Өтесінов Ж.Ө., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;
Нұрымов Д.И., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;
Насимов М.Ө., саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;
Тайманова С.Т., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Байдаулетова А.Ө., филология ғылымдарының кандидаты;
Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;
Арғынбекова Г.И., заң ғылымдарының кандидаты;
Райымбекова А.Т., экономика ғылымдарының кандидаты;
Шураева С.Н., экономика ғылымдарының кандидаты;
Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Жомартқызы М., заң ғылымдарының кандидаты;
Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Әлібекова Ф.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;
Төлепбергенова А.Ү., педагогика ғылымдарының магистрі.

Техникалық редактор: Алтынбеков Ш.Ф.

Жауапты шығарушы: Алтынбеков Ш.Ф.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

№2 (16), 2018

Басуға 28.12.2018 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 8,0 б.т. Офсетті қағаз.
Тапсырыс №226. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. 120000, Қызылорда қаласы, Абай
даңғылы, 31 «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

МАЗМҰНЫ

САЯСАТТАНУ, ТАРИХ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ

Насимов М.Ө. АЛТЫ БАҒЫТ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ӨСУНЕ БАСТАЙТЫН ТӨТЕ ЖОЛ.....	6
Насимов М.Ө., Паридинова Б.Ж. ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚҚА ЖАЛҒАСҚАН ТҮПІ-ТАМЫР.....	9
Насимов М.Ө. АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҰҒЫМЫ.....	13
Паридинова Б.Ж. ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ ТҮРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	19
Байхадамова Ж.А. ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҮҢҒЫШ ТЕМІРЖОЛШЫ.....	23

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГИЯ

Тұнгатова Н.Ә., Избанова Г.У. РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ДИАЛОГТІК, МОНОЛОГТІК СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ.....	28
Тұнгатова Н.Ә., Ақышева Н.М. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	32
Зинаханова Ұ.Т., Бақытбайқызы А., Көптілеуова А.Ж. ЖАСӨСПІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ.....	38
Қожахмет Ж., Тайманова С.Т. КӨРКЕМ МӘТІНДІ БЫҚЫЛАСПЕН ОҚУ.....	43
Бақи А.П. МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ РӨЛІ.....	47
Өмірзақов Б.С. МЕКТЕПТЕРДЕ «ҚАЗАҚ КҮРЕСЬ» САБАҒЫН ЖҮРГІЗІП ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	52
Есқуниева М.Е. ДИЗАЙНДАҒЫ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ.....	56
Құрманбаева С., Сәдуахасова Г.Ж. ЕҢБЕККЕ БАУЛУ САБАҒЫНДА ТОҚЫЛМАЙТЫН МАТАМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІСІ.....	60
Боранбаев Ә.С., Қасымбекова М.Д., Садықов Т.Қ. ТҮЛІГАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	64

ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ

Райымбекова А.Т., Марат А. АГРОӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ КӘСІПОРЫНДА ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ БАСҚАРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ.....	69
Шураева С.Н., Досманбетов Р.Қ. КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ.....	75
Муратбаева Г.А., Көшербаев Д.Ж. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ.....	81

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ХИМИЯ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

Жанзақов М.М., Дүйсенова А.

ЦАС ЖӘНЕ ОНЫ БІРҚАТАР ДАҚЫЛДАРДЫҢ БУДАНДЫҚ ТҰҚЫМ ӨНДІРІСІНДЕ
ПАЙДАЛАНУ.....87

Janзақov M.M., Orazbek J.

BÝDANDASTYRÝ AÝQYMY JÁNE BÝDANDYQ MATERIALMEN JUMYS KÓLEMİ.....94

Жанзақов М.М., Кенбаев Б.Қ., Сағаева А.

ЕГІСТІК ДАҚЫЛДАР СЕЛЕКЦИЯСЫНДАҒЫ КЕЗЕҢДЕП (РЕКУРРЕНТТІ) СҰРЫПТАУ.....99

Кенжалшева Ұ., Жанзақов М.М.

ТҰҚЫМНЫҢ ТАЗАСОРТТЫҒЫН САҚТАУ ЖӘНЕ СОРТТЫҚ ЕГІСТЕР ЛАСТАНУЫМЕН
КҮРЕС.....105

Тоқсанбаева А.А.

САЛАУАТТЫ ӨМІР СҰРУ МӘДЕНИЕТІ.....112

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Будикова А.М., Жақыпова Г.М., Бостандықов Б.Х.

ТОПЫРАҚТЫҢ ШЕКТІ КЕРНЕУЛІК КҮЙІНІҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....119

**САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ
ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ**

АЛТЫ БАҒЫТ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ӨСУІНЕ БАСТАЙТЫН ТӨТЕ ЖОЛ

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, «Болашақ» университеті*

Елбасының Қазақстан халқына әр Жолдауына ел тұрғындары үмітпен қарайтындығы белгілі. Ал жаңа міндеттерді атқаруды жүктейтін «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы әрқайсысы бірнеше міндетті жүзеге асыруды талап ететін әл-ауқатымыздың алты қадамын көрсетеді.

Біріншіден, халық табысының өсуі. Тұрғындардың тұрмыс деңгейі – халықтың табысы мен шығысын, білімі мен біліктілігінің дәрежесін, тіршілік әрекеттерінің шарттарын және қоршаған ортаның жағдайын танытатын күрделі әлеуметтік-экономикалық категория. Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру дамыған қоғамның негізгі мақсаты болып табылады. Халық табысының өсуі қоғамдағы экономикалық өсім мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, халықтың ұзақ, қауіпсіз және әл-ауқатының табысты шарттарын құрады. Ол үшін «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын 2025 жылға дейін ұзарту, монополияға қарсы ведомствоның жұмысын реформалау, «Қолма-қол ақшасыз экономикаға» бет бұру, сауда саясатында селқостықты болдырмау, агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуетін толық іске асыру, инновациялық және сервистік секторларды дамыту, қаржы секторының рөлін күшейту секілді міндеттер қойылды. Демек, халық табысының өсуі осы міндеттерді жүзеге асыру деңгейін арттыру арқылы маңызды болмақ.

Екіншіден, тұрмыс сапасын арттыру. Тұрмыс сапасы – мағынасы кең ұғым. Ол материалдық әл-ауқаттың құрамдасы болып табылатын өмір сүру деңгейі, эмоциялықтың құрамдас бөлігі саналатын өмірге деген көзқарас және уақытша қалыптасатын өмірдің болашақ құбылыстарының жиынтығы. Аталған құрамдастардың әрбірі адамзат үшін маңызды. Өмір деңгейі адамның материалдық жағдайы, әлеуметтік мәртебесі мен құзыреттілік деңгейін көрсетеді. Өмірге көзқарас адамның жеке басы мен қоршаған ортаға эмоциялық қатынасымен тығыз байланысты. Бұл құбылыстардың толыққанды қалыптасуы адамның өмірлік болашағын жүзеге асыруға көмектеседі. Жолдауда тұрмыс сапасын арттыру үшін білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі

жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу, мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту, білім сапасын бағалау жүйесін халықаралық стандарттарға негіздеу, «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдау, медициналық қызмет сапасын арттыру, өңірлік деңгейде бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру секілді міндеттерді жүзеге асыру мәселелері талданды.

Үшіншіден, өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру. Өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру – қазіргі қоғамның заманауи экономикалық үлгісінің көрінісі. Сондықтан әрбір азамат тұтыну, қарым-қатынас жасау мен өмір сүрудің жайлылығын жасауға ұмтылады. Қоршаған ортаның жайлылығы ең алдымен тіршілік әрекетінің қауіпсіздігімен байланысты. Мемлекеттік саясат адам өміріне қолайлы және мұқтаждықтардың орнын толықтыруға бағытталған сайын қоғам серпінді түрде дамиды. Көптеген сарапшылар да дұрыс айтады, жайлы орта қалыптастырған сайын біз экономиканы да тиімді басқара аламыз. Бұл үшін, Жолдауда айтылғандай, сапалы әрі қолжетімді тұрғын үй, еліміздің аумақтық дамуына жаңа тәсілдер енгізу, құқық қорғау органдарының жұмысына терең және сапалы өзгерістер енгізу, сот жүйесін одан әрі жаңғырту маңызды.

Төртіншіден, азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат. Мемлекеттік басқару мен саясаттың бюрократиялық үлгісінен бас тарту және мемлекеттік істерді заман талабына сай жаңа парадигмалар бойынша жұмыс жүргізудің де маңызы зор. Бүгінде қазіргі заманның жаңа құндылықтары мен жаһандық сын-тегеуріндеріне жауап беруге бағытталған тұжырымдамалар ғана азаматтар сұранысына бейімделеді. Сонымен қатар азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат азаматтық қоғамның дамуындағы маңызды қадам болмақ. Сондықтан Елбасы мемлекеттік аппаратты өзгертудің міндеттерін ұсынады: мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру, әрбір теңгенің қайтарымының мол болуына қол жеткізу, сыбайлас жемқорлықпен белсенді күресті жалғастыру, үкімет пен барлық мемлекеттік органдардың жұмысында формализм мен бюрократияны азайту, реформалардың жүргізілуіне бақылау механизмдерін күшейту.

Бесіншіден, тиімді сыртқы саясат. Шындығында тиімді сыртқы саясат – елдегі реформалар мен өзгерістерді сәтті жүзеге асырудың маңызды шарты. Еліміз тәуелсіздік алған күннен бастап үлкен жолдардан өтті. Еліміздің көпвекторлы сыртқы саясаты егемендігіміз бен мемлекеттілігімізді нығайтуға, халықаралық қатынастар жүйесіне енуге мүмкіндік берді. Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болуын қамтамасыз етті. Елбасы еліміздің бейбітсүйгіш бағыты мен осы саладағы нақты айқындалған қағидаттары өзін өзі толық ақтап отырғанын баяндады. Ресей Федерациясымен қарым-қатынас, Орталық Азия өңіріндегі

ықпалдастық, Қытай Халық Республикасы және Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық серіктестік, Еуропалық одақпен қарқынды ынтымақтастық сынды мемлекетаралық байланыстарды ерекше атап өтті.

Алтыншыдан, әрбір қазақстандықтың еліміздегі өзгерістер үдерісіне атсалысуы. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, елдегі өзгерістер үдерістеріне азаматтардың қатысуы елдің жаһандық сын-тегеуріндерге сай жаңғыруын жетілдіруге септігін тигізеді. Сондықтан Мемлекет басшысы елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың мәні және оның елді өркендету жолындағы маңыздылығын жете түсіну қажеттілігі жөнінде айтады. Реформаларды табысты жүзеге асыру үшін қоғам мүшелерінің ортақ мақсатқа жұмылуын үндейді. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шаралар платформасын қалыптастыру керектігін айта келе, келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынды. Ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға арнайы «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске қосу арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілету маңыздылығын атап өтті. «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құру нәтижесінде мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің рөлі күшейетіндігін түсіндірді.

Жолдауда баяндалған әл-ауқат өсуінің алты бағыты табыс пен тұрмыс сапасын арттыру арқылы ел тұрғындарының әл-ауқаты өсімінің кепілі болады және осы құжаттың негізгі міндетін көрсетеді. Елбасы Қазақстанның бағындыратын биіктерінің әлі алда екендігін айта келе, осы жолда халық сенімі рухымызды жігерлендіріп, бойымызға күш-қайрат дарытып, осы сенімді ақтау мұратын белгілейді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются новые задачи Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни».

SUMMARY

The article deals with the new challenges State of the Nation Address of President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, «Growing welfare of Kazakh citizens: increase in income and quality of life».

ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚҚА ЖАЛҒАСҚАН ТҮП-ТАМЫР

Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, «Болашақ» университеті;
Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,
философия магистрі,
«Болашақ» университеті

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы халқымыздың ортақ тарихын танытқан бағдарламалық құжат. Мемлекет басшысы жаңа еңбегінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы екендігін айтты. Президент ұлт тарихындағы кеңістік пен уақытты сараптай келе, Ұлы даланың жеті қырына ерекше тоқталды.

«Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» және «Тарихи сананы жаңғырту» екі бөлімі де өзара байланысты. Мұнда айтылған идеялар келешегіміздің іргетасы ретінде Ұлы даланың құнды мұраларын танымал ете отырып, ұлттың осы ойлар төңірегінде бірігуіне әсер етеді. Ұсынылған барлық тарихи-мәдени жобаларды толықтай жүзеге асыру бай мұрамызды тек отандастарымызға танытып қана қоймай, бүкіл әлемге таратуға мүмкіндік береді.

Елбасы кеңістік пен уақыт философиялық категорияларына айрықша мән берді. Материалдық дүние қозғалыс пен дамуда болатын құрылымдық нысандардан тұрады және бұл үдерістер нақты кезеңдерде жүзеге асады. Кеңістіктің жалпы сипаттамасы оның ұзақтығы және өзге құбылыстармен шектесумен өлшенеді. Үдерістердің өркендеу жылдамдығы, олардың ырғағы мен қарқыны секілді түрлі ұзақтықты салыстыру уақыттың еншісінде.

Кеңістік пен уақыт материя болмысының бейнесі саналады. Ғылымда кеңістік пен уақыттың екі тұжырымдамасы қалыптасқан: субстанциялық – Демокрит, Эпикур, И. Ньютон еңбектері бойынша кеңістік пен уақыт материалды заттардан тыс өзімен-өзі өмір сүретін өзгеше мазмұндағы құбылыс ретінде қарастырылады. Ал, реляциялық болса, әсіресе Г.В. Лейбниц еңбектерінде кеңістік пен уақыт заттар мен үдерістер арасындағы ерекше қатынастар ретінде айқындалып, бір-бірінен тыс әрекет ете алмайды. Дүниежүзілік философия тарихындағы материалистер мен идеалистер пікірлерінің әр алуандылығын ескерсек, қазіргі жағдайда қос тұжырымдаманың да маңыздылығы жоғары.

Ұлтты отаншылдыққа тәрбиелеуде халықтың өткен тарихына сүйенбей әрекет ету мүмкін емес. Қазіргі қоғамның рухани және

элеуметтік-саяси өмірінде өткеннің тарихи ойлары мен бейнелерін тану тарихи санамызды арттырады. Тарихи сананы Отан және дүниежүзілік тарихтағы оқиғалар мен деректерді сипаттайтын түсініктер мен ұғымдар, бейнелер мен бағалаудың жиынтығы негізінде қарастыруға болады. Тарихи сана қазіргі азаматтардың өткенін талдау мен бағалауды құрайтын санасы және ол ғылымнан кәдімгі санада қалыптасқан соқыр сенім мен қиялдарды алшақтататын құбылыс.

Кез келген қоғамның сана-сезімі тарихтан басталады. Тарихи маңызды оқиғалар ұлттық бірегейліктің мағыналық негіздерін қалыптастырады. Тарихи сананың біз байқамайтын күнделікті өзгерістер ықпалына бейімделетіні де бар. Өмір өзгерістеріне сай тарихи сана да бірте-бірте өзгеріп отырады. Тарихи сананы еліміздің шынайы тарихи өткенімен қайта қалпына келтіруді ұйымдастыру тарихи білім беру мен тарихи-патриоттық тәрбиемен байланысты. Осы күрделі мәселені жалғыз ғалымдар қауымы шеше алмайтындығы белгілі. Қоғамның барлық мүшелері бірлесіп қызмет атқарғанда ғана зор нәтижелерге жететіндігіміз анық.

Ғалымдар арасында тарихи сана түсінігін шартты түрде үш деңгейде қарастыру кеңінен таралған: мифологиялық, идеологиялық және ғылыми-философиялық. Уақыт мифологиялық санада туындайды және көрініс табады. Ұлы даланың мифологиялық материалдары бұл мақсатты толық қамтитындығы белгілі. Идеология тарихи сананың мағыналық өзегі саналады. Бұл қоғам тұтастығының уақыт өлшеміндегі өткенін, бүгінгісі мен келешегін қамтамасыз етеді. Ал ғылыми-философиялық деңгей болса, тарихи сананың ұтымды дәйектемелерін құрып, тарихи тәжірибені жинақтайды.

Мемлекет басшысы атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия, «Аң стилі» өнері, Алтын адам, түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы, Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны құбылыстарына жаңа қырынан қарады. Бұл түсініктердің өзара байланыстарының ерекшелігіне тоқталып, ортақ тарихи үдеріс ретінде баға берді. Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарап, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдау қажеттілігі туындап отырғаны баяндалады. Қазақстандықтардың тарихи санасын жаңғырту үшін бірнеше ірі жобаларды жүзеге асыру қажеттілігі белгілі болды.

«Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасын жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған ғалымдар отандық және шетелдік ірі архивтерде өзара жүйелі әрі ұзақ мерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуге баса мән беру керектігі айтылды. Бұл жұмыстардың барлығы «академиялық туризмге» айналмау қажеттілігіне ерекше мән берілді.

«Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында «Ұлы даланың ұлы есімдері» оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашу, қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасау, «Ұлы дала тұлғалары» ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру секілді бастамалар көтерілді. Бұл жобалардың нәтижелері отандастарымыздың ғана емес, ұлы есімдерді шетелдіктердің білуіне септігін тигізеді.

«Түркі өркениеті: түп-тамырынан қазіргі заманға дейін» жобасы да ауқымды жұмыстарды жүзеге асырады. Олардың қатарында Түркологтардың дүниежүзілік конгресін және Түркі халықтарының мәдени күндерін ұйымдастыру бар. Википедия үлгісінде онлайн кітапхана ашу да қолға алынатын болды.

«Ұлы дала» ежелгі өнер және технологиялар музейін ашу, «Ұлы даланың ұлы өркениеттері» жалпыұлттық тарихи реконструкциялар клубын құру тарихи үдерістердегі халқымыздың даму көрсеткішін танытады. Ежелгі Отырар қаласының бірқатар нысандарын қалпына келтіретін шаралар еліміздегі туризмнің дамуына серпін береді.

«Дала фольклорының антологиясын» жасау, «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару жұмыстарының цифрлы форматта жүзеге асуы қолжетімділікті арттыратындығы анық. Бұл жұмыстарды Интернет кеңістігінде таратсақ, өз тарихымызды кеңінен танытуға көп көмегін береді.

Әлемдік кинематография өнерінде әдеби шығармалар арқылы көркем фильмдер, ғылыми дәйектемелер мен тарихи құжаттарды пайдаланып деректі фильмдер түсіру тәжірибесі мол екендігі мәлім. Қазақстанның өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі-қойылымдық фильмдердің, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың арнайы циклын өндіріске енгізу әлемдік деңгейдегі отандық тәжірибе болады.

Мемлекет басшысының бұл мақаласында еліміздегі жаңғыру үдерісінің жаңа бастамалары көтеріліп отыр. Мақалада қоғамдық сананы жаңғыртудың өзекті бағыттарына жаңа көзқарастар ұсынылған. Әсіресе тарихи сананы трансформациялауға ерекше назар аударылған. Елбасы қойған міндеттер өскелең ұрпақ үшін ұлы тарихымыз бен жетістіктерімізді сақтауға ықпал жасайды. Бұл өз кезегінде ұлт бірлігін бекіту мен жаңа табыстардың кепілі болады. Патриоттық құндылықтар жүйесі құрылған еңбек ұлтымыздың шынайы тарихи санасын қалыптастыратындығына сенеміз. Осы бағыттардағы кесімді қадамдарды Елбасы ұсынған тарихи-мәдени жобалар арқылы жүзеге асырудың уақыты келді.

Біздің ойымызша, мақаланың басты мақсаты – жаңа құндылықтар жүйесіндегі тарихи және дүниетанымдық түп-тамырды

жалғастыру. Ұлттық тарихымыздың жаңа құндылықтары ХХІ ғасырдағы жаһандық шынайылыққа сәйкес келуі керек. Сондықтан біздің ата-бабаларымыз жеткен жетістіктерді бағалай отырып, қазіргі саяси және экономикалық тарихымызды жасауымыз керек. Бұл өз кезегінде Ұлы дала өркениетінің табыстары мен сол кезеңдердегі технологиялық жаңалықтардың еліміздің үшінші жаңғыру жолындағы міндеттерді жүзеге асыруға септігін тигізері анық.

РЕЗЮМЕ

В данной статье авторами рассматриваются основные идеи статьи Главы государства «Семь граней Великой степи».

SUMMARY

In this article, the authors considered the main ideas the article of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev «Seven Facets of the Great Steppe».

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҰҒЫМЫ

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«Болашақ» университеті*

Азаматтық қоғам түсінігі заманауи саяси ғылымдардағы маңызды ұғымдардың бірі. Бұл ұғымның теориялық және тәжірибелік аспектілерінің өзектілігі қатардағы азаматтар және олардың ерікті ұйымдарының экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани салалардағы рөлінің өсуімен тығыз байланысты. Сонымен бірге, бұл түсінік саяси ғылым сияқты ежелгі ұғым болып табылады. Сондықтан ұғым ұзақ тарихи дамуға ие. Адамзат қоғамының тарихи эволюциясындағы әрбір кезеңдерде жаңа мағыналарды иеленіп, көпнұсқалы жаңа сипаттамалық түсініктер қалыптаса түсті.

Негізінен азаматтық қоғам - азаматтардың құқықтарын сақтау, міндеттерін жүзеге асыру, қоғам мүшелерінің жауапкершіліктерімен сипатталатын қоғам дамуының деңгейі. Азаматтық қоғамның белгілері мен құндылықтары Еуропада XVIII ғасырларда қалыптаса бастады.

Азаматтық қоғамның *либералды тұжырымдамасын* ағылшын ойшылдары Т. Гоббс пен Дж. Локк дәйектеді. Олардың есептеуінше, ұғым жабайылықпен салыстырғанда адамзат қоғамының дамуының жоғары түрі деп көреді. «Азаматтық қоғам» мен «Мемлекет» ұғымы арасындағы ерекшеліктерді алғаш рет айқындаған ағылшын философы Дж. Локктың пайымдауынша, мемлекет азаматтар арасындағы қоғамдық келісіммен бекітілген өкілеттіліктер көлемінде қызмет атқаруы тиіс. Сонымен бірге, ол азаматтық қоғамның құрылуын әлеуметтік құндылықтар жүйесінің өзгерістерімен ерекшелейді. Адамзат тарихында бірінші рет тұлғаның құқықтық, бостандық және жеке мүдделері қоғам мен мемлекет мүдделерінен жоғары қойылды. Фэлсафашының пікірінше, адамдар азаматтық қоғамды қоғамдық келісімді бекіту жолымен жасайды.

Ойшылдың идеяларын Ж.Ж. Руссо келісім тұжырымдамаларында бекіте түсті. Кейін азаматтық қоғам түсінігін зерттеу Г. Гегель мен К. Маркс еңбектерінде дами түсті. Азаматтық қоғамның *позитивті-либералды (этатистік) тұжырымдамасының* қалыптасуы Г. Гегельдің есімімен тығыз байланысты. Г. Гегельдің ойынша, адамның тәуелсіздігі үшін негізгі мәнді жеке меншік, теңқұқық, таңдау бостандығы (экономикалық, саяси және т.б.), өмір сүруі үшін баламалы қайнар көздердің болуы иеленеді.

XIX ғасырдың ортасында К. Маркс азаматтық қоғамның *маркстік (коммунистік) тұжырымдамасын* қалыптастырды. Ол Құдай идеясы және гегельдік объективті идеализмнен бас тартты. Ол экономизмге ерекше мән бере отырып, тарихты материалистік тануды негіздеді. К. Маркстың пікірінше, «Азаматтық қоғам – бұл дәл қайнар көз және бүкіл тарихтың театры». Ол мемлекеттің азаматтық қоғам тарапынан нақтыланған ықпалдың болатынын айтады. Өйткені азаматтық қоғам тарихи дамудың өнімі болып табылады және меншік иелерінің мүдделерін танытатын институт саналады.

XX ғасырдың басында азаматтық қоғамның *социал-демократиялық тұжырымдамасы* пайда болды. Бұл тұжырымдамаға сәйкес азаматтық қоғамның өзегі болып саясат танылды. Саясат бүкіл азаматтық қоғамға ене отырып оның қалыптастырады және тұрақтандырады. Мемлекет азаматтық институттарды қалыптастыруда белсенді қызмет атқара отырып басқарудағы демократияландыруды кепілдендіре түседі. Ол қоғамның бір бөлігінің жойқын күш иеленуіне, нарықтың қоғамды жаншуына мүмкіндік бермейді (Й. Шумпетер). Азаматтық қоғамның социал-демократиялық тұжырымдамасының жақтастары мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және өзге де үрдістерін мемлекеттік реттеуді қолдайды.

Өзінің мәні және пайда болуына байланысты азаматтық қоғам – бұл буржуазиялық қоғам. Оның пайда болуы сословиелік-феодалдық құрылыстың қатал шектеулерін жойған және жеке адамның қоғамдағы маңыздылығын ұлғайтқан капиталистік өндірістік қатынастардың пайда болуымен тығыз байланысты. Сословиелік артықшылықтардың жалпы құқықтық теңдікпен ауыстырылуы тұлғаның қоғамдағы жаңа жағдайының қалыптасуына әкелді. Индивидтер өздерінің әлеуметтік және материалды жағдайына қарамай қоғамдық өмірдің толыққанды мүшесі болып мойындалды және мемлекетке бағыныштылықтан азаматтарға арналды.

Азаматтық қоғам идеясы бойынша философиялық сипаттаманы И. Кант еңбектерінде де кездестіруге болады. Оның пайымдауынша: адам барлығын жеке күшімен жасауы керек және өнімі үшін жауап беруі тиіс; адамзат мүдделерінің қақтығысуы және оның қорғау мүмкіндігі адамдардың өзін-өзі жетілдірілуіндегі себеп болып саналады; құқықпен заңнама арқылы қамтамасыз етілген азаматтық бостандық өзін-өзі жетілдірудің қажетті шарты, адам мәртебесін сақтау мен жоғарылатудың кепілі.

С. Франк бұл тізімді меншік пен билікті бөлумен толықтырды. Егер экономикалық билік саяси билік өкілдерінің қолында болса, ол саяси билікті шектеуге ықпалын тигізеді.

В. Гумбольдт Кант ілімі негізінде азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы қарама-қайшылықтарды айқындауға ұмтылды. Біріншісіне ол индивидтердің өзі құратын ұлттық, қоғамдық ұйымдар

жүйесін, адамның жаратылыстық және жалпы құқықтарын жатқызды. Оның пікірінше, мемлекет азаматтық қоғамға қарағанда мемлекеттік институттардан, мемлекет пен азаматтар құратын жағымды құқықтан тұрады.

Э. Геллер азаматтық қоғамды плюралистік деп таниды. Оның айтуынша: «Азаматтық қоғамның қарапайым белгісі – бұл, бір жағынан, шенеуніктер үшін салыстырмалы түрде азғантай лауазымдық жалақыны қарастыратын септілік пен ауысымдылық тетіктерімен қамтамасыз етілген толық орталықтану, келесі жағынан қарағанда, экономикалық плюрализм» [1].

Қазіргі шарттарда азаматтық қоғам нарық пен демократиялық құқықтық мемлекеттілік негізіндегі еркін және теңқұқылы индивидтердің мемлекетпен өзара қатынастарының жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Азаматтық қоғамда мемлекеттік құрылыммен салыстырғанда көлденең қатынастарға қарағанда, құқықтық жағынан еркін және тең құқылы әріптестер арасындағы бәсекелестік пен ынтымақтастыққа негізделген қатынастар жүреді. Азаматтық қоғамның қалыптасуындағы негізгі процесс ретінде индивидтердің құқығы жеке субъект ретіндегі басымдылығымен айқындалады.

Азаматтық қоғамның өмірлік қызметіндегі негізгі қағидаларға мыналарды жатқызамыз: барлық адамдардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі; адамдардың құқықтары мен бостандықтарының құқықтық қорғалуының кепілдігі; индивидтердің экономикалық тәуелсіздігі; мүдделері мен кәсіби белгілеріне сай азаматтардың тәуелсіз қоғамдық бірлестіктерді құру мүмкіндіктерінің заңмен кепілдендірілуі; партиялар мен азаматтық қозғалыстарды құрудағы азаматтардың бостандығы; ғылым, мәдениет, білім және азаматтарды тәрбиелеудің дамуы үшін қажетті материалдық және өзге де шарттарды қамтамасыз ету; бұқаралық ақпарат құралдарын құру мен қызметіндегі бостандық; мемлекет мен азаматтық қоғам арасындағы қатынастарды тұрақтандыратын (консенсус тетігі) және азаматтық қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тетіктердің болуы. Мұндай жағдайларда бұқаралық қозғалыстар, партиялар, мүдделер бойынша топтар белсенді түрде қызмет атқарады [2].

Азаматтық қоғам ұғымы кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынада азаматтық қоғам мемлекет реттемейтін барлық әлеуметтік құрылымдар мен қатынастарды біріктіреді. Мұндай түсінік бойынша азаматтық қоғам барлық мемлекеттерде, авторитарлық және тоталитарлық тәртіпте де өмір сүреді. Өйткені, билік адам өмір-салтындағы жаратылыс заңдылықтары мен белсенділігін толықтай бақылай алмайды.

Тар мағынада – бұл демократиялық және құқықтық мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық негіздері болып табылатын нақты

кезеңдердегі өз тарихи дамуын өткеретін қоғам. Көп жағдайда саясаттанудағы азаматтық қоғамның заманауи түсініктері осы тар мағынамен сәйкес келетіндігін айта кеткеніміз жөн.

Азаматтық қоғамның тар мағынадағы түсініктері мен кең мағынадағы ойларды алшақтау және заманауи ғылымдағы тарихи өзара байланысын айқындау үшін «азаматтық әлеуметтілік» ұғымы пайдаланылады. Ғалымдар азаматтық социальносттің үш негізгі түрлерін бөліп көрсетеді: антикалық азаматтық қауымдастық (полис); ортағасырлық азаматтық қауымдастық (феодалдық қала-мемлекеттер); заманауи азаматтық қоғам.

Азаматтық қоғамның құрылымын айқындауда оның өмір-салтын анықтайтын бес негізгі жүйелерін атап өтуімізге болады: әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани-мәдени және ақпараттық.

Әлеуметтік жүйе адамдар қауымдастығы мен олардың арасындағы өзара байланыстарды қалыптастыратын жиынтық болып табылады. Бұл оның өзге жүйешіктеріне ықпал жасайтын азаматтық қоғамның негізі саналады. Ең алдымен адамзаттың жалғасуы, адамның көбеюі, өмірін ұзарту, балаларды тәрбиелеу секілді қатынастар бөлігін айтуымыз қажет. Бұл отбасы және қатынастар институттары қоғамдағы биологиялық және әлеуметтік бастауларды біріктіруді қамтамасыз етеді.

Екінші бөлік адамның әлеуметтік мәнін айқындайтын қатынастарды құрайды. Бұл адам мен адам арасындағы, түрлі ұжымдардағы нақты қатынастар (ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер) болып табылады. Үшінші бөлік адамдардың үлкен әлеуметтік қауымдастықтары (топтар, таптар, ұлттар, нәсілдер) арасындағы жанама қатынастарды құрайды.

Экономикалық жүйе қоғамдық өнімді пайдалану, меншік, өндіріс, тарату, айырбастау қатынастарын жүзеге асыру үдерістерінде адамдар қатысатын экономикалық институттар мен қатынастардың жиынтығын құрайды. Мұнда экономикалық қатынастарға байланысты қоғамдық өндіріс пен тұтынудың барлық кезеңдерін қамтитын меншіктік қатынастар көрініс табады. Сондықтан барлық елдерде меншіктің жеке, мемлекеттік, жергілікті түрлері қорғалады.

Материалды және материалды емес игіліктер өндірісі қатынастары қоғамдық жүйенің кезекті маңызды құрылымы болып саналады. Өндірістің негізінде қоғам мүшелерінің жасампаз еңбектері жатыр. Өйткені экономикалық қатынастардың ажырамас бөлігіне еңбек қатынастары жатады. Экономикалық жүйенің құрылымдық бөлшектеріне жеке, акционерлік, мемлекеттік мекемелер, фермерлік шаруашылықтар, азаматтардың жеке кәсіпорындары енеді.

Саяси жүйені өзін-өзі реттейтін тұтас бөлімдер - мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық-саяси қозғалыстар, бірлестіктер және олардың арасындағы қатынастар құрайды. Индивид саяси тұрғыдан

азамат, депутат, партиялар мен бірлестіктердің мүшесі ретінде қатысады.

Мұндағы маңызды қатынастар қатарына барлық ортада, барлық кезеңдерде орын алатын саяси жүйедегі билік жатады. Билік қатынастары жан-жақты болып табылады: бұл мемлекет пен өзге құрылымдық бөлшектер арасындағы, мемлекеттік органдар мен мекемелер арасындағы қатынастарды қамтиды.

Рухани-мәдени жүйе адамдар, олардың бірлестіктері, мемлекет пен қоғам арасындағы рухани-мәдени игіліктер мен білім беру, ғылыми, мәдени, діни мекемелер жүзеге асыратын қатынастар болып табылады. Бұл тұста негізгі мәнді білім берумен тығыз байланысты қатынастар құрайды. Білім адам тұлғасының дамуы ісінде іргетас ретінде бағаланады. Оның жағдайы нақты қоғам дамуының басымдықтарын сипаттайды. Білімсіз тек рухани-мәдени сала ғана емес, жалпы қоғамдық жүйе дұрыс жұмыс жасамайды.

Адам мен қоғам үшін өмірлік қажетті қатынастар ғылым, мәдениет, діннің пайда болуы және дамуымен байланысты. Бұл қатынастардың қалыптасу жолдары мен адамға ықпалы да әр түрлі. Құндылықтардың біріктіруші ықпалдары ретінде тарихи тәжірибе, жалпы гуманистік дәстүрлерді сақтауға бағытталуы, ғылыми, адамгершілік-рухани, мәдени құндылықтардың жиынтықталуы мен дамуы саналады.

Ақпараттық жүйе адамдардың бір бірімен араласуы мен бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен жүзеге асырылады. Оның құрылымдық бөліктері қатарына меншік иелеріне қарамастан БАҚ өндірісі мен шығарылымдарының өнімдері жатады. Ақпараттық қатынастар алмаспайтын сипатқа ие және азаматтық қоғамның барлық салаларын қамтиды.

Жоғарыда аталған түсініктерге сәйкес азаматтық қоғамның бірнеше белгілерін ерекшелеп атап өте аламыз. Бұл мынадай қауымдастықтың жоғары түрі болып табылады: индивидтер арасындағы экономикалық, мәдени, құқықтық, саяси қатынастардың дамуы; мемлекетті бақылау мүмкіндігі; өзін-өзі басқару және өзін-өзі реттеу; плюралистік сипаттылығы (моноцентризмге қарама-қайшы меншік, партия, қозғалыстар, құбылыстардың көптігі); адам басыбайлылығының жоқтығы; адамдар меншігіндегі иеліктің болуы; дамыған демократияға тән түрлі топтар мен таптардың мүдделерін көздейтін көпжақты дамыған құрылымның болуы; қоғам мүшелерінің интеллектуалды, психологиялық дамуының жоғарылығы, азаматтық қоғамның кез келген институтына еркін енуі; құқықтық мемлекеттің қызмет етуі; адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының толықтай қамтамасыз етілуі; түрлі топтар құрылымдарының бәсекелестігі; қоғамдық пікірдің еркін қалыптасуы

және плюрализм; жалпы бұқаралық ақпараттану; үйлестіру қағидаларының болуы.

Жалпы азаматтық қоғам құқықтық мемлекетпен тікелей өзара байланыс жасайды және оның келесі белгілері бар: қоғам өмірінің барлық салаларындағы заңның үстемдігі; биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот болып бөлінуі; тұлға мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының ақиқаттылығы, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуы; Конституция шеңберінде қызмет атқаратын түрлі партиялар, ұйымдар мен бірлестіктердің еркін қызмет етуі бекітілген саяси және идеологиялық плюрализм; түрлі идеологиялық тұжырымдамалар, ағымдар мен қозғалыстардың болуы; қоғамдағы заңның сақталуы және құқықтық тәртіптің орын алуы.

ӘДЕБИЕТ

1. Матузов Н.И. Теория государства и права. – М.: Юристъ, 2004. – С. 22.
2. Венгеров А.Б. Государство и право. – М., 2005. – С. 47.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается понятие «Гражданское общество». Материал полезен для использования в курсе «Политология».

SUMMARY

The article discusses the concept of «Civil society» and its distinctive features. The material is useful for use in the course «Political Science».

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,
философия магистрі,
«Болашақ» университеті*

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы қазақстандық қоғамның саяси өмірі үшін орасан зор мән-мағынаға ие. Жолдауда еліміздің белгілі уақыттағы жетістіктері мен негізгі қорытындылары айтылып, мемлекеттің алдағы уақыттағы әлеуметтік-экономикалық дамуының міндеттері белгіленеді. Демек, еліміздің әр азаматы Елбасының Жолдауын тыңдауы және оқып білуі қажет деп ойлаймыз. Өйткені әрбір Жолдауда айтылатын барлық міндеттер еліміздің ертеңі үшін өте маңызды және өзекті. Мемлекет басшысының барлық Жолдауы бағдарламалық құжат іспеттес және еліміздің барлық салаларындағы инновациялық өзгерістерді көздейді. Сондықтан әрбір бағдарламалық құжат қоғамдық санадағы идеялық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады.

Білім және ғылым саласы өкілдерінің бірі ретінде тұрмыс сапасын арттыру бөліміне ерекше назар аударатындығымыз анық. Біздің пікірімізше, қабылданған шешімдер философиясының негізі әрбір қазақстандықтың отбасына байланысты. Елбасының «Біз жаңа міндеттерді атқаруға дайынбыз» деп атап көрсетуі әрбірімізге сенім мен үміт ұялатады.

Ұлт көшбасшысы бес жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажеттілігін айтады. Әрине, бұл өте мол қаржы және оның дұрыс жұмсалыуы еліміздің болашағы үшін маңызды деп ойлаймыз. Қаржыландыру көзі ретінде Елбасы мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың АХҚО алаңын белсенді қолдануын ұсынады.

Өскелең ұрпақты мемлекеттің стратегиялық ресурсы деп атауымызға болады. Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту тұлға, қоғам, мемлекет және білім беру жүйесінің мүддесі үшін өте маңызды. Елдің келешек азаматының даму іргетасы балалық шақта қаланады. Бүгінгі Қазақстан үшін белсенділігі жоғары, дербес ойлайтын, бастамашыл идеялары толы, мақсатына ұмтылатын, креативті және шығармашыл көзқарасы қалыптасқан, отансүйгіштік сезімі дамыған, өз саласының нағыз маманы сынды жаңа келбеттегі азаматтарға мүдделі. Міне осы сапалық белгілерді балабақшалардан бастап дамыту қажет. Сондықтан Елбасы бұл салада біліктілік

талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау қажеттілігі туралы айтты. Білім және ғылым министрлігіне әкімдіктермен бірлесе отырып, осы жылы тиісті «Жол картасын» әзірлеуін міндеттеді.

Орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдер белгіленгенін айтқан Елбасы, қазіргі кезеңде солардың орындалуына баса назар аудару қажеттілігін баяндады. Мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі ретінде Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесін мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуы керектігі туралы айтылды. Білім беру процесінің маңызды элементі болып табылатын бағалау жүйесін халықаралық стандарттарға негізделуін жүктеді. Бүгінгі таңда әлемде білімді бағалаудың көптеген өлшемдері бар. Посткеңестік кеңістік елдері арасында білім сапасын бағалау жүйесін өзгерткен елдер қатарында 12 балдық шкалаға ауысқан Украина, 10 балдық шкала негізінде бағалайтын Армения, Белоруссия, Грузия, Молдавия бар. Балтық елдері англосаксондық жүйені дұрыс көріп, тек Эстония ғана бес балдық межені қалдырды.

Жаңа заманның адамын тәрбиелеуде ұстаздардың орны ерекше. Ұстаз тек білім беріп қана қоймайды, ол тұтас ұлтты тәрбиелейді. Сондықтан Ұлт көшбасшысының мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастыратын, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалайтын «Педагог мәртебесі туралы» заңды келесі жылы әзірленіп, қабылданатындығы барша білім беру мекемелері қызметкерлерін шабыттандырғаны анық. Ұстаздардың мәртебесін арттыруға бағытталатын маңызды құжатта біліктілік талаптары, оқыту әдістері, еңбекақы жүйесіндегі өзгерістер заңмен реттелетіндігіне сеніміміз мол. Бұл заң мұғалімді рухани баулушы ретіндегі әлеуметтік мәртебесін жоғарылатады деп ойлаймыз.

Жоғары оқу орнын бітірген жастардың еңбек нарығына енуі көп жағдайда әлеуметтік-психологиялық факторлармен тығыз байланысты. Түлектердің жұмыспен қамтылуға сенімі мен жұмысқа орналасу мәселесі бойынша көзқарастары жұмыс орнындағы шынайы ахуал мен еңбек нарығындағы сұраныспен сәйкес келе бермейді. Бұл құбылыс көбінесе жоғары білім беру процесіндегі маман дайындау сапасының нәтижесі болып табылады. Жолдауда жоғары оқу орындарындағы маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтілетіндігі жөнінде айтылады. Жоғары оқу орындарының табыстылығын бағалаудың басты критеріі оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы және жалақысы жоғары жұмысқа орналасуымен өлшенетін болады.

Медициналық қызметтің сапасы және бұл қызметпен пациенттердің қанағаттануы медициналық жүйенің негізгі басымдығы

болуы керек. Аталмыш сапалық белгілер медицина ғылымы мен технологиялардың заманауи деңгейі негізінде белгіленген, іс жүзіндегі денсаулық сақтау жүйесі мен нақты медициналық мекеменің шынайы шарттарының өлшемдеріне сай медициналық көмек берілуімен өлшенетіндігі анық. Ең алдымен ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуына мән беріліп отыр. Сонымен қатар, 2019 жылдан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшетін болды.

Қазіргі қоғамда бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың маңыздылығы артып отыр. Бұқаралық спорт пен дене шынықтыру бірнеше маңызды әлеуметтік қызметтер атқарумен қатар, адами капиталды жетілдіруге мүмкіндік береді және қоғамның әлеуетін ұлғайтады. Дене шынықтыру және спорт адамның жалпы денсаулығын нығайту және оның қоғамдық әрекетін жетілдіру міндетіне қызмет ететін жеке және қоғамдық құндылықтарды таратушысы саналады. Жолдауда Елбасы Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырды.

Еліміз үшін ұлт саулығын қорғау әрдайым негізгі басымдық болып келеді. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау құқығын Қазақстан Республикасы Конституциясының 29 бабы кепілдік береді. Ұлт көшбасшысы қазақстандықтардың сапалы азық-түлікті пайдалануға тиіс екендігін айтты. 2019 жылдан бастап Тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитеті жұмысын бастайтын болды. Ұлт саулығын қорғау үшін бизнес саласының өкілдеріне тек пайда табуды ғана емес, мемлекетпен бірлесіп азаматтардың қауіпсіздігі мен жайлы тұрмысын қамтамасыз етуді ойлауы керектігіне баса назар аударылды.

Елбасы әрбір Жолдауында жастарға ерекше мән беретіндігі куантады. Мәселен, өткен жылғы Жолдауда «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырыла бастағандығы жөнінде айтып, тегін оқытумен ең әуелі жұмыссыз және өзін өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған жастарға тиесілі екендігін жеткізді. Ағымдағы жылдағы Жолдауда білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту - жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты екендігін дәйектеді. Жастардың репродуктивті денсаулығын қорғау және нығайтуға ерекше назар аударды. Бұл Жолдауда да жастар Елбасы назарынан тыс қалған жоқ. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауы қоғамның қозғаушы күштерін қолдауы деп түсінеміз.

Осылайша еліміз табыс пен тұрмыс сапасын арттырудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Оның түпкі мақсаты қазақстандықтардың әл-

ауқатының өсуі болып табылады. Қазақстан халқы Елбасының Жолдауын толық қолдайды. Әрбір азамат айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін өз салалары бойынша еңбек етуі қажет. Тек осы жағдайда ғана еліміздің өркендеуіндегі мол табыстарға жете аламыз.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются задачи повышения качества жизни Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни».

SUMMARY

The article deals with the challenges increase in quality of life State of the Nation Address of President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, «Growing welfare of Kazakh citizens: increase in income and quality of life».

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ТЕМІРЖОЛШЫ

*Байхадамова Жанар Амантаевна,
оқытушы,
«Болашақ» университетінің колледжі*

XX ғасырдың басы қазақ еліне патша үкіметінің геноцид саясатының ең күшейген кезі еді. Патша үкіметі бұратана халықтарды аяусыз жаныштап отарлаудың түрлі құйтұрқы әрекеттерін жасады. Ел алғашқысы қазақтың басқару жүйесін өзгерту болды. XIX ғасырдың өзінде ақ қазақтың жерін тартып алу, және байлығын тонау, қазақ халқына орыстандыру саясатын мейлінше басмашылдық әрекетпен жүргізді. Рухани және экономикалық отарлау саясатының нәтижесінде қазақ елінің шарушылығы тұралап, рухани дүниесі тозғындай берді. Осы бір аласапыран заманда патша саясатына қарсылық білдіріп, қазақ халқы үшін, ұлты үшін жан беруге дайын зиялы қауым өкілдері қалыптас бастаған еді. Олар Ресей тарапынан жасалған зорлық зомбылыққа өз көзқарастарын ашық білдіріп, хылықтың мұң-мұқтажын үлкен мінберлерден айта бастады. Міне, осындай азаматтарымыздың бірі және бірегейі, қазақтың ағартушы ғалымы көреген саясаткері - Мұхамеджан Тынышпаев еді [1].

Мұхамеджан Тынышпаев қазақтан шыққан тұңғыш жоғары техникалық білім алған - ғалым. Ол Алашорданың негізін салушылардың бірі, қазақтың аса көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш партиясының мүшесі және Алаш партиясының төрағасы Ә. Бөкейхановтың орынбасары, тарихшы-ғалым.

Мұхамеджан Тынышпаев 1879 жылы Жетісу облысының, Лепсі уезінде дүниеге келген.

Жастайынан аса дарындылығымен танылған Мұхамеджан өзінің алғашқы білімін Алматыда (Верный) ерлер гимназиясынан алып, оны үздік бітіріп шығады. Білімге құштар жас өрен ілім іздеп Ресейге аттанады. Ол Санкт-Петербургтегі жол қатынастары жөніндегі инженерлерді даярлайтын институтта оқып, бітіреді.

М. Тынышпаев алған білімі бойынша алғаш еңбек жолын Орталық Азия теміржолының құрылысынан бастайды. Ол теміржолдың құрылысына инженер болып тағайындалады. Мұхамеджан Тынышпаев қазақ ұлтының қоғамдық саяси өміріне белсене кірісуі XX ғасыр басындағы бірінші орыс революциясының кезі еді [2].

Патша үкіметінің атқарушы комитетіне арнап жазған арыз хатында Мұхамеджан Тынышпаев патшалық ресейдің елді басқару ережелері халық талабына сай емес, қазақ халқының ұлттық қарым-

катынастарын ғылыми тұрғыда реттеу және қазақ халқын әскеру басқару жүйесінен азаматтық басқару жүйесіне ауыстыруды талап етеді.

Патша үкіметінің әлсіздігі соншалық, қарапайым адамдар сескеніп оларға арнайытыңшылар қойып бақылауда ұстады. 1906 жылдан жас түлек аталған оқу орнын ойдағыдай бітіріп, елге оралған соң еліміздің қоғамдық саяси өміріне белсенді араласы бастайды. Ресейдің II Мемлекеттік думасына алғашқылардың бірі болып Жетісу облысынан депутат болып сайланады. Депутаттық мінберден қазақ халқының сол кездегі ауыр жағдайын батыл түрде қозғай біледі. Әсіресе сол уақыттағы Столыпиннің жер реформасының ушығып тұрған кезі. Қазақтарды шеткері аудандарға көшіріп шұрайлы жайлы жерлеріне орыс мұжықтарын қоныстандыру, оларға қазақтардың жерін тегін беру сияқты бассыздықтар көп орын алды [3].

Патшаны тақтан тайдыратын 1917 жылғы төңкеріске дейін Мұхамеджан өзінің темір жол инженері мамандығы бойынша біраз жыл қызмет етті. Осы 1917 жылғы ақпан төңкерісі Мұхамеджан Тынышпаевтың саяси өмірінің өзгеруіне түбегейлі бетбұрыс болды. Патша тақтан тайып, орнына келген қос өкімет, Уақытша өкімет пен Жұмысшы-солдаттардың кеңесі яғни кеңес үкіметінің алғашқы шығарған заңы Бұратана ұлттарға өз тәуілсіздігін беру туралы еді. Сондықтан Мұхамеджан Тынышпаев Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқтылар бастаған қазақтың ұлттық интелегенциялық серкелерінің бірі ретінде тұңғыш Алаш аталған партиясын құруға белсене араласты. М. Шоқаймен бірге Түркістан өлкесі мұсылмандарының төртінші съезіне қатысып, онда құрылған «Қоқан» автономиясының төрағасы және ішкі істер министрі болып сайланды. Кейін бұл қызметтерінен бас тартты [4].

Сөйтіп өз еркімен Алаш партиясына қайтып келді. Алаш партиясы 20 адамнан тұратын үкімет мүшелерімен 10 бөлімнен тұратын алғашқы бағдарламасын «Қазақ» газетіне жариялады.

Бірақ тәуелсіздікке деген қазақ елінің қуанышы ұзаққа бармады. Кеңес үкіметі өз уәдесінен тайып отарлау саясатын қайта жүргізе бастады. Өзге ұлттарға еркіндік беру қазақ жүзінде ғана қалып, барлығы көзбояушылыққа айналды. Алашорданың құрылғанына бір жыл толмай жатып кеңестердің кесіріне қайта күйреуге ұшырады. Алашорда құлағаннан кейін қазақ зиялыларының көп бөлігі амалсыздан Кеңес билігін мойындауына тура келді. Себебі, Кеңес үкіметі бұрынғы үкіметке қарсы шыққандарға кешірім жасалады деген.

М. Тынышпаев кеңестер үкіметі жағына шығып, білікті маман ретінде қазақстанның көптеген қалаларында теміржол саласында қажырлы еңбек ете бастады. Зиялы қауым ретінде Мұхамеджан Тынышпаевтың жаңа заманға шын пейілімен қызмет етті. Алашорда

таратылып бұрынғы алашордашыларға кешірім жарияланғаннан кейін қазақ халқына шын ниетімен аянбай қызмет ете бастады. 1921-25 жылдар аралығында Түркістан және шымкент қалаларында су шаруашылығын басқарды. 1925 жылы Астана болған Қызылордаға келіп қаланы көркейту жұмыстарымен айналысты.

Мұхамеджан Тынышпаевтың есімін елге әйгілеген 1927 жылғы Түркістан-Сібір яғни Түркісіб темір жолының құрылысының басталуы еді. Қазақстанның Оңтүстік батысы Жетісу, Орталық, және кенді Алтай, Шығыс қазақстанды орталықпен яғни Ресеймен қосатын теміржол құрылысы 1932 жылға дейін аяқтау тапсырылды. Сол кездегі білікті мамандардың қажырлы еңбегінің арқасында Теміржол құрылысы мерзімінен бұрын яғни 4 жылдың ішінде аяқталды. Мұхамеджан дарынды жобалаушы, білікті инженер, іскер ұйымдастырушы, ойлы экономист ретінде әр қырынан жарқырай көрінді.

Бірақ Кеңес үкіметінің солақай саясаты теміржол құрылысын аяқтатуға мүмкіндік бермей 1930 жылдары кезінде қокан автономиясын құруға қатысқаны үшін халық жауы атанып түрмеге қамалды. Мұхамеджанның Тынышпаев қамаудан босағаннан кейін мүлде жана қырынан танылды ол білікті саясаткер, білікті техник-инженер, білікті басшы ғана емес, білімді тарихшы ғалым ретінде танылды. Ол қазақтың шежіресін, қазақ халқының арғы-бергі тарихына қалам тартты. Сонымен қатар Ташкенттегі қыздап педагогикалық институтында математикадан дәріс оқып, әдістемелік құралдар шығарды. Қазақ тарихына қатысты зерттеулер жүргізіп, ғылыми мақалалар жазып қалдырды. 1930 жылдардан кейінгі Сталиндік репрессияның басталуы бұрынғы Алашордашылардың мойындарына кісен салдырды. Халық жауы, контрреволюционер, Шоқайшыл, Алашордашыл, деген сияқты негізсіз айыптар тағылып, түрмеге қамалды. Репрессияның құрбанына айналды [5].

Бірақ қазақта күшті мақал бар: Ер есімі, ел есінде. Сондықтан Мұхамеджан Тынышпаев Секілді қазақтың біртуар азаматтарын, олардың азаттық жолында күресін, болашақ ұрпақ ешқашан ұмытпауға тырысуымыз қажет.

Елімізден шыққан тұңғыш инженерге еліміздегі ең ірі техникалық университеттің есімін беру арқылы Тынышпаев есімін ұлықтадық. Бұл ұлы тұлғаның атын ұмытпауымыз үшін жасалған кішкене ғана болса қадам екенін ұмытпауымыз қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Алаш. Алашорда: Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. - Алматы: Арыс баспасы, 2009. - 335-337 бб.
2. Алаш қозғалысы. Т.2. – Алматы: Алаш баспасы, 2005. – 31-33 бб.; 315-321 бб.; 420-422 бб.

3. Жұртбай Т. Қазақ ауылына – азаматтық соғыс жариялады!..
// Ақиқат. - 2010. - №10. - 41 б.

4. МұхаметжанТынышпаев // ЖасАлаш. - 2011. – 20 қаңтар.

5. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. - 334-339 бб.

РЕЗЮМЕ

В этой статье речь идет о жизни первого железнодорожника, инженера и одного из создателей Алашординской автономии, вышедшего из казахского народа Мухамеджана Тынышпаева.

SUMMARY

This article is about the life of the first railway worker, engineer and one of the founders of the Alashorda autonomy, who came from the Kazakh people Mukhamedzhan Tynyshpayev.

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ДЕФЕКТОЛОГИЯ**

РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ДИАЛОГТІК, МОНОЛОГТІК СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

*Түнгатова Нұргүл Әмірханқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
«Болашақ» университеті;
Избанова Гүлбақыт Уәлиқызы,
студент,
«Болашақ» университеті*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты халыққа жолдауында, өскелең ұрпаққа тәрбие беруде баланы жас кезінен бастап ойынға қызығушылығын оятып, жақсы мінез-құлыққа, мейірімділікке, жасы үлкенді сыйлауға үйретуге, ата-ана мен тәрбиешінің бірден-бір қасиетті міндеті екенін, балалар ойындарының тәрбиелік маңызының жоғары болатындығы туралы атап өткен [1].

Рөлдік ойындар - балалардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, олардың жаңашыл ойлар мен тұжырымдар жасау қабілетін жетілдіруге арналған ойын түрі. Рөлдік ойындар балалардың елестету, қиялдау қабілеттерін ұштауда ерекше қызмет атқарады. Бұл ойын барысында балалар мәтін мен өлең құрастыруға, дәлелдеуге, тілдік қарым-қатынасқа еркін түсуге үйренеді. Рөлдік ойындар балалардың сөздік қорын дамытады, балаларға айтар ойын жоспарлауға, автор ойын жалғастыруға, өзге адамның пікірін бағалауға үйретеді.

Мектеп алды даярлық тобында рөлдік ойындарды пайдалану балалардың ойын өзгеге әсерлі жеткізу қабілетін, сөйлеу дағдысын жетілдіріп, танымдық қызығушылығын күшейтуде зор рөл атқарады. Ойында қатысушы сөйлеуге мәжбүр болады, дұрыс жауап беру үшін басты назарын әңгіменің мазмұнының толық түсінуге аударады. Баланың әсерлі сөйлеуге деген қызығушылығы қалыптасады. Тәрбиешімен баланың арасында қарым-қатынас орнайды.

Рөлдік ойындар белгілі талаптарға сай ұйымдастырылады:

- 1) рөлдік ойындар балалар үшін қызықты болуы;
- 2) оқылып отырған материалдың мазмұнымен байланысы мұқият ескеріледі.

Ойын барысында балалардың бойында мынадай қабілеттер дамиды:

- а) жағдаятты бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу;
- ә) жағдаят кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну және әңгімеге қатысушылардың тапсырманы орындауға дайын тұруы;
- б) әңгімеге қатысушылар арасында байланыс орнату;

в) ықпал ету құралын белгілеу, қарым-қатынас жасаудың теңбе-теңдік жағдайын және қарым-қатынасты ой-ниетін таңдап, жүзеге асыра білу.

Сөйлесу ойындары. Сөйлесу ойындары тілдесімге диалогке, жеке сөйлесуге (монологке) жаттықтырады. Ойын-жаттығулар балалардың дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Қатысымдық ойын - тілді меңгеруде тілдік бірліктер арқылы қатысымды жүзеге асыруға үйрету. Қатысымдық ойын әдісінде ойынға қатысушы жеке тұлға, әрекет жасаушы субъект деп қаралады, ол ойынға қатысушылармен ойын кезінде тілдік қатынасқа түседі. Тілдік қатынаста тіл мәдениетімен танысады, ол баланы тәрбиелеуге негіз болады, сана - сезімін дамытады.

О. Сергеева мектеп жасына дейінгі баланың шет тілін меңгеруін зерттеген, бірақ ол балабақша балаларының тілін дамытуымен тікелей байланысты. О. Сергеева мектеп жасына дейінгі балаларға шет тілін оқытумен байланысты мына заңдылықтарды көрсеткен:

1. Тілді оқытудың басты және шешуші факторы - сөйлеу әрекетінде көбірек жаттығу жұмыстарын ойын түрінде пайдалану және таңдалымнан айтылымға көшу.

2. Жаңа тілдік кодтар арқылы берілетін ұғым бірінші кезекте мектеп жасына дейінгі балаларда көрнекіліктер арқылы беріледі. Өзге тілдегі ұғым түсінігін, бірінші, түсіндіріп алу керек. Осындай жолмен қатысымдық-ойын әдісінде мағынаны түсіндіруде аудармасыз жолды таңдаған жөн. Сонда ғана тілді үйрене алады.

3. Өзге тілде сөйлеу әрекетіне жаттығу екі тілдегі ұқсас белгілер арқылы салыстыра оқытады. Ал тілдік ережелер жаттығулардан соң нәтежиге жетіп, ережені баланың өзі шығаруы керек. Демек ереже жаттығудан соң түсіндіріледі.

4. Балада тілді игеруде сезімдік, интуитивті тип түзілу керек. Бұл тип сөйлем мазмұнына бағытталуы керек.

5. Тілді игерудегі бұл тип коммуникацияға бағытталған жаттығулар орындауда және сөйлеу тәжірибесінде жинақталады, ойын типі тапсырмалары баланы ойынға қатыстыра отырып, ширықтырады.

Ғылымда қатысымдық-ойынды тіл дамыту мақсатында қолданғанда, мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

1. Ойын мазмұнды болу керек;

2. Сөйлесім әрекеті ойын негізінде құрылу керек;

3. Сөйлеушінің сөзі тыңдаушыға бағытталуы керек;

4. Сөйлесу дұрыс орфоэпиялы, интонация нормаларын сақтай отырып, орындалуы керек;

5. Сөйлесімдік қатысым бұл талаптарға сай құрылуы керек.

Ойын – әрекетінің бір түрі ретінде ертеден келе жатқан құбылыс. Оны оқыту әдісі ретінде қолданылғаны, ойынды тілді оқыту

мақсатында ертеде қолдана бастады. Алайда, ойынды тілді оқыту мақсатында қолданудың теориялық негізі түгел ашылып, ғылыми негізі анықталған деп санау қиын.

Оқыту әдісі ретінде ойынды қолдану ең кемі екі-үш немесе бір топқа қатысты. Сондықтан баланың ойын кезінде атқаратын қызметі көбіне балаларға байланысты. Ойында жеңу-жеңілу сияқты нәтижелер балаларға жауапкершілік артады. Бұл балада басқалар алдындағы міндетін орындауды талап етіп, оны жауапкершілікке тәрбиелейді.

Дидактикалық ойынды қолдануда тәрбиеші мына мәселелерге мән беруі керек:

- ойын кезіндегі балалардың әрекетін бақылау;
- ойынды бала қызығатындай етіп ұйымдастыру;
- ойынның мақсатын балаларға түсіндіру;
- ойында болатын түрлі жағдайларда бала өзінің білімін, дағдысын, әрекеттерін қолдана білуге дайындау;
- балалардың ойынға белсенді қатысуына жағдай жасау;

Ғалымдардың айтуынша, дидактикалық рөлдік ойын ойнау тәсілдері ойын жүйесінің қорын, негізгі базасын құрайды. Мәселен, ойын-қиял ойыны дидактикалық рөлдік ойынға мысал бола алады. Онда балалар шындық өмірді қайталайды, оның көшірмесі болады, немесе өмірде жоқ жағдайда қиял жағдайына түседі.

Балабақшаның ересектер тобында ойын-қиял мен ережеге құрылған ойын (жарысу элементі бар ойын, жасыру мен табу ойыны т.б.) түрлі тілдік жағдайды жасауға, қатысымға өте қолайлы саналады. Ондай ойындарда балалар бір-бірімен эмоционалды қарым-қатынаста сөйлеседі, біріне-біре көмектеседі, достық қарым-қатынасқа түседі, жеңіс нәтижесі ортақ қуанышқа бөлейді. Алайда, бір ойынды өзгеріссіз қайталаудан сақ болу керек, ондайда балалар тез зерігіп, ойынға қызықпайды, нәтижесі төмен болады.

Ойындағы рөл ойынның негізгі құрамдас бөлігі болып саналады. Ойын нәтижесі де ойынның негізгі құрамдас бөлігіне жатады. Ойынның мақсаты мен нәтижесі туралы тәрбиеші алдын-ала үлкен даярлық жасайды.

Тіл дамытуда қолданылатын ойын-жаттығулардың әрқайсысының өзіндік атқаратын қызметі бар. Жүйедегі жаттығулардың әрқайсысы белгілі мақсатта қолданылады. Сондай-ақ, ойынға қатысушылар белгілі оқиғаны бірнеше рет қайталап, өмірдегі түрлі жағдайларды қайталауды еске түсіреді, ойынға қатысушылардың әрқайсысының өмірдегідей жеңіске жеткісі келеді. Яғни балалар шындық өмірдегі рөлдерді, не қиялдағы рөлдерді ойнайды. Ол баланы жан-жақты дамытады, тез шешім қабылдауға, өзін бағалауға үйретеді, жеңіске жетуге талпынуға бағыттайды, балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын күшейтеді, бір-бірімен

достық қарым-қатынасқа баулиды. Ойын жаттығуда ойын ережесін сақтауға жаттығады, ол тәртіпке бағынуға үйретеді.

Қорыта келе, балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының жалпы жүйесінде рөлдік ойындар маңызды орын алады. Өз ойындарында балалар отбасының тұрмысын, елдің жағдайын, адамдардың жұмысын, жалпы, күнделікті өмірде көретін және еститін құбылыстарды бейнелейді.

Ойын барысында балаға кездейсоқ рөлдерге еніп, қиялындағы мүмкіндіктерін байқап көруге жағдай жасалады. Үлкендердің берген нұсқауына қарап, олар өздерінің көзқарасын білдіреді, мәселелерді шешіп үйренеді және бір-бірімен қарым-қатынас жасауға дағдыланады. Ұйымдастырылған әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім тауып, бойларына сіңірген рухани құндылықтарды көрсете біледі. Осылайша бұл рөлдік ойын баланың өзіне ой қалыптастырып, ойындық әрекеттер баланың әлеуметтік тәжірибесіне байланысты болып, таңдаған рөлін анықтауға, рөлді ережемен ойнатуға үйретеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Қазақстан-2050 Стратегиясы // <https://baribar.kz/student/640/qazaqstan-2050-strategiyasy-qalyptasq/>

2. Волобуева Л., Авилова Е. История дошкольной педагогики. – 2017.

3. Лункина Е. Подготовка детей к школе. - 2017.

4. Мендаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы, 2008.

РЕЗЮМЕ

Способы научить детей играть в диалоги, монолог через ролевые игры. Ролевые игры развивают детский словарный запас, учат детей играть в игры, продолжают играть в игры авторов и оценивают мнения других людей.

SUMMARY

Ways to teach children to play dialogue, monologue through role-playing games. Rolled games develop children's spoken stories, spy games, play games, play games, and evaluate others in the game.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түнгатова Нұргүл Әмірханқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
«Болашақ» университеті;
Ақышева Нұргүл Мақсұтқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
«Болашақ» университеті

Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік міндетті білім беру стандартының жобасында: «Мектепке дейінгі білім беру - Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімі ретінде маңызды рөл атқарады, себебі оның шегінде баланың табиғилық сапалары мен ерекшеліктері анықталып, олардың даму жағдайлары қамтамасыз етіледі...», - деп көрсетіледі [1].

Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуына қарым-қатынас мәдениетінің ерекшелігі көптеген ғалымдардың еңбектерінде ғылыми тұрғыда дәлелденіп, нақтыланған. Қарым-қатынас әрбір адамның жеке іс-әрекеті болып табылады. Мұның бәрі мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлға ретінде қалыптастыруында қарым-қатынас мәдениетінің маңызды екенін көрсетеді.

Елімізде білім беру жүйесінің мақсаты мен міндетін анықтайтын жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, діні мен тіл мәдениетінің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылып жатқан кезеңде қарым-қатынас мәдениеті көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады. Білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген мемлекеттік құжаттар аясында мәдениеттілік жаңарып, ерекше маңызға ие бола бастағаны анық [2].

Мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негізін аксиология тұғырымен қарауға және құндылықтарды теориялық тұрғыдан талдау өзекті мәселе болып табылады. «Құндылық» ұғымына тұңғыш рет анықтаманы Р. Лотце, Г. Коген берген. Құндылықтарға бейімделу азаматқа тән болып, болмыс құбылыстарының құндылықтарынсыз әлеуметтік жан иесі ретіндегі адамның іс-әрекетінің де, өмірінің де мәні болмайды [3, 4].

Педагог-психолог ғалымдардың көпшілігінің ойынша, қарым-қатынас таңбаланған ақпараттың субъекіден субъектке берілуі. Олар диалогтық сипаттар алады. Қарым-қатынас зерттеу объектіміздің негізі болып табылғандықтан, балалық шақтағы мәдени тәрбие мектеп

жасына дейінгі балалардың қарым-қатынасын және мәдениетінің коммуникативтік негіздерінің дамуын қарастырады.

Бір-бірте қарым-қатынаста қажеттілік балаға тек ересектермен ғана емес, сонымен қатар өз қатарластарымен эмоционалды қатынасқа итермелейді. Үш жаста балалар арасында тұрақты, кейде қарама-қарсы деңгейде болатын қатынас орнай бастайды. Мектепке дейінгі топтардың бір-бірімен орнайтын қатынастарын зерттеу арқылы, балалар арасында осы кезде өте күрделі қатынас орнайтынын және мұнда нағыз әлеуметтік тәуелділік пен ересектердегі осындай жағдаймен ұқсастығын айтуға болады. Бұдан шыға келе, біздің болжауымызша, бұл түрде әлеуметтік қарым-қатынастың шешімі ретінде балалар қауымдастығындағы балалардың қарым-қатынас мәдениетінің игерілуін айта аламыз. Оларға басқалардың құндылықтарын қабылдау, оны тыңдай алу, әріптеске бағалы ақпаратты жеткізгенде вербалды және вербалды емес тәсілдердің болуын жатқыза аламыз.

Мектеп жасына дейінгі баланың туылуынан бастап алты жасқа дейін ересектермен қарым-қатынастың төрт формасы алмасады: оқиғалы жеке (екі ай мен алты ай), оқиғалы іскерлік (алты ай мен үш жас), оқиғалы емес танымдық (үш жас пен бес жас), оқиғалы емес жеке (бес жас пен жеті жас). Бұл пішіндердің алмасуы балалардың ересектермен қарым-қатынасына қажеттіліктерінің мазмұнының өзгеруімен орын алады. Жаңа қарым-қатынасқа қажет қажеттіліктердің пайда болуы соған дейінгі қажеттіліктерді алып тастамай, керісінше солардың үстіне қосылады. Алдында болған қажеттіліктермен қосылып, бірегей мазмұн құрады. Бірақ балалардың қарым-қатынасы тек ересектермен қатынаспен шектелмейді. Баланың басқа балаларға талпынатын кезі болады. Зерттеулер бойынша баланың құрдастарымен қатынасы оның қарым-қатынас іс-әрекетінде өмірінің үшінші жылында көрініс табады. Бұған дейін бала басқа нәрселерге, ойыншыққа, қызықтырған заттарға жалпы жаны жоқ заттарға қатынасқан. М.И. Лисина, Қ.Т. Шериязданованың зерттеулерінде көрсеткендей, алғашқы жеті жыл ішінде балалардың ересектер мен құрдастары арасындағы қатынастың өзгеру тәсілдерін талқылай келе, өз тұжырымдамамызды №1 кестеде көрсеттік.

Кесте 1. Қарым-қатынасты қалыптастырудың кезеңдері

<i>Жас кезеңдері</i>	<i>Баланың қатынаста алатын орны</i>	<i>Қатынас үрдісінің қалыптасу динамикасы</i>	<i>Қарым-қатынастың басым түрі</i>
2-4 жас Жалпы қызықтарға қатысуға ұмтылу	- құрдастарымен қатынас біріккен тәжірибелік сабақтарда орнайды; - құрдастар арасында өз беделін көрсету үшін, өзінің «Менін» көрсетумен сипатталады; - құрдастарға қызығушылық білдіру; - құрдастармен «тең» дәрежеде қатынасу; - басқа балалармен аз іс-әрекет	- басымдылық таныту; - өзін-өзі тануының дамуы; - эмоция деңгейінің кенеюі.	Эмоционалды тәжірибелік
4-5 жас Бірлестікке ұмтылу	- құрдастар мен іскерлік бірлестік құруға тырысу; - әрекеттерді үйлестіруге ұмтылу; - өз достарының баға беретін және қызығатын объектісіне айналу; - бірлестіктен өзінді көру.	- «көрінбейтін айна» феномені пайда болады (М.И.Лисина) - өз-өзінді өзінің жақсы сапаңмен көру; - құрдастың сыйы мен мән берушінің қажеттілігіне сұраныс.	Оқиғалы іскерлік
6-7 жас Бірлестікке ерекше ұмтылыс	- құрдастармен біріккен істерде, ойында негізгі бірлестік; - өзінің міндеттерін сезіну.	-жан-жалдарды шешу жолдарын қалыптастыру; -бірлескен істер арқылы басқалармен қарым-қатынасқа түсу; -қабылдаудың эмоционалды тәжірибесін меңгеру.	Оқиғалы емес іскерлік.

Мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастармен қарым-қатынастың өзгеше ерекшеліктерін бөліп көрсетсек:

- ашық эмоционалды: құрдастармен әңгімелесу кезінде дауыс ырғағы еркін шығады;

- балалардың сөйлеу үлгілерінің болмауы: қатал ережелер мен заңдардың болмауы; айтылудың нақты ережелеріне бағытталуы;

- жауапты сөздерді басым сөздердің жеңуі: ересек пен құрдастың әңгімесін тыңдап қоймай, өз сөйлеу шеберлігінде қолдана білу;

- қарым-қатынас өзінің берілуімен, қызметімен бай: баланың серіктеске қатынасының көп түрлілігі; бала ересекпен қатынаста өз іс-әрекетіне баға алғысы келеді немесе жаңа ақпарат күтеді; өзінің көңіл-күйін тек сөзбен ғана емес, сонымен бірге вербалды емес құралдарды да қолдануы.

Баланың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда арнайы коммуникативтік кедергілер туындауы мүмкін. Олар әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерге ие. Кедергілер қарым-қатынас жағдайын түсінбеушіліктен туындауы мүмкін. Олар объективтік әлеуметтік себептерден, серіктестердің коммуникациясы бойынша әртүрлі әлеуметтік топтарға қатыстылығына байланысты туындайды. Коммуникация өзара қарым-қатынастың бір тарабы екендігін ғана көрсетеді. Басқа жағынан тоқталатын болсақ, коммуникация барысындағы кедергілер психологиялық ерекшеліктерге ие, яғни ол қарым-қатынасқа түсушілердің жеке психологиялық ерекшеліктерінің нәтижесінде немесе қарым-қатынасқа түсушілер арасында ерекше психологиялық қатынастардың туындауы нәтижесінде: бір-бірін жақтырмауы, бір-біріне сенбеуі нәтижесінен туындауы мүмкін.

Қарым-қатынас барысында адам басқаларға өзінің көңіл-күйін, қатынасын білдіреді. Мұндай белгілерге мимикалық (ым-ишара) және пантономиялық ерекшеліктер жиынтығы жатады, олар ашу, қуаныш жағдайларына сай келеді. Бала жұрттармен қарым-қатынас барысында көңіл-күй белгілерін меңгере отырып, әрбір көңіл-күйге тән белгілерді бөледі және біріктіреді. Баланың басынан өткеріп жатқан жағдайды анықтауда еріксіз ым-ишара маңызды рөл атқарады. Р. Кроут әртүрлі ым-ишаралар мен белгілі бір көңіл-күй арасында корреляция болады деген тұжырымға келді.

Қарым-қатынас мәдениеті психикалық сапалар мен қабілеттердің қалыптасуын болжайды:

- назар аудару көлемі, назар аудару білу, назардың тұрақтылығы;

- байқампаздық – жады, басқа адамдарға жүгіну,- бұл олармен сәтті қарым-қатынасқа түсу шарты;

- адамның ойлауы – бұл адамның іс-әрекетін сараптау және олардың себептерін байқау қабілеті, олар осының барлығына басшылық етеді;

- интуиция – басқа адамның ерекшеліктерін негізсіз тани білу қабілеті;

- эмпатия – өзінді басқа адамның орнына қойып әлемге және болып жатқанның бәріне соның көзімен қарауға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынасқа түсуінің өзіндік ерекшеліктері сөйлемді меңгеру мен эмоциялық күйін білдіретін әрекет пен ым-ишараны меңгеруден, көмек сұрауына және қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты. Ым-ишараларға мақсатты вокализация ықпал етеді. Олар тілдік қарым-қатынастың алдын алады. Осының барысында бала ересектерге қарағанда құрдастарын жеңіл түсінеді. Ол бала мәдениетінің ерекшелігі болып табылады.

Біз, баланың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда қабылдау қабілетінің қиындығы, олардың көз алдында тұрғанды сезіп көретіндігіне және басқаның сыртқы жүріс-тұрысына байланысты деген тұжырымға келдік. Ал осы жүріс-тұрыстың астарында басқа адамның тілектері мен көңіл-күйі жатқандығын олар түсіне алмайды. Ол үшін оларға ересектер көмек көрсетуі тиіс. Балалардың адам туралы түсінігін дамыту керек, оларды қабылдау ситуациясының шегінен шығуға, басқа баланың ішкі ерекшеліктерімен таныстыруға ұмтылу керек. Мұның барлығын арнайы жасалған жағдайда жүзеге асыруға болады, яғни баланың қарым-қатынасты дамытуына қарай.

Қарым-қатынас мәдениеті адамның қоршаған ортамен қатынасқа түсу қабілетімен ерекшеленеді, ол оның жеке тұлғасын заттық қызметімен қатар басқа адамдармен қатынас барысында да дамытуға мүмкіндік беріп, адамның шығармашылық потенциалын жүзеге асыру құндылығын қалыптастырады. Осылайша, қарым-қатынас мәдениеті - түсіну мен қатынастың оңтайлы әдістерін таба білу жетістіктерін болжайды, ол қоршаған ортада қарым-қатынастың дамуына алып келетін адамның ауызбіршілігін қалыптастырады.

Басқа адамдармен сәтті қарым-қатынасқа түсудің шартына оның эмоциялық саласының тәрбиесі жатады, ол адамның басқа адамның қайғысымен бөлісе білуінен көрінеді. Қатынастық-тілдік қабілеттің психологиялық ерекшелігі оның компоненттерінің танымдық-шығармашылық қабілеттерін белсенді түрде жүзеге асыруға тікелей қатысты, ол қиялдың дамуында айқын көрсетілген. Басқаша айтатын болсақ, коммуникациялық-тілдік қызмет қабілетінің маңызды белгілерін сараптап баяндайтын тілдің когнитивті-лингвистикалық, аффектілі-еріктік және шығармашылық көрсеткіштерін айқын көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген сараптамалар адамның мәдениеті мен адамгершілігін дамыту мәселелерінің маңыздылығын, сонымен қатар қазіргі адамның мәдени тұлғасының ерекшеліктерін атап өтуге мүмкіндік берді. Мәселен: маңызды және қажетті жағдайдың біріне қарым-қатынас мәдениетінің құрылымдық қажетті шарты жатады және жеке тұлғаның мәдениеттегі

ұстанымы мен тұлғалық қалыптасуына алып келетін ерекшеліктерін жобалай отырып ол әлеммен қарым-қатынасқа түсудің оңтайлы тәсілі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік міндетті білім беру стандартының жобасы. – Астана, 2006.
2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2004. – 45 б.
3. Парыгин Б.Д. Психологическая готовность к работе в новых условиях: проблемы, тенденции и пути решения. Психологический журнал. – 1986. – Т. 7. - №6. – С. 3-13.
4. Биева Л.П. Человеческий фактор: новое мышление и новое действие. – М., 1988. – 63 с.

РЕЗЮМЕ

Формирование культуры общения дошкольников. Теоретический анализ ценностей и рассмотрение методологических основ формирования культуры общения дошкольников является основой аксиологии.

SUMMARY

Formation culture of communication preschoolers. The theoretical analysis of values and consideration of the methodological foundations of the formation of a culture of communication among preschoolers is the basis of axiology.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

Зинаханова Ұлбосын Төрбекқызы,
оқытушы, «Болашақ» университеті;
Бақытбайқызы Айнұр,
оқытушы, «Болашақ» университеті;
Көптілеуова Айдана Жаңабайқызы,
студент, «Болашақ» университеті

Суицид – адамның өзіне-өзі қиянат жасап, өз өмірін қиюы. Жалпы, «суицид» сөзі латын тілінен аударғанда «өзін-өзі өлтіру, өзіне қол жұмсау» деген мағынаны білдіреді. Суицид термині итальян психологы Г. Дзезен 1947 жылы енгізіп, оны «Өзін-өзі өлтіруге әрекет ету» - деп түсіндіреді. Суицид – жан жүйесі қатты күйзелген кезде, немесе психикалық аурудың ықпалымен адам жасайтын өзін-өзі өлтіру әрекеті. Бұндай мінез-құлық жасөспірім шақтан бастап жиі байқалады. Статистика бойынша суицидтік мінез-құлық 14-28 жас аралығында - 30 пайыз, жасөспірім шақта - 20 пайыз құрайды. Ғалымдар суицидке екі түрлі түсінік береді екен. Бірі, адам бойындағы жеке мінез-құлық әрекеттердің өзгеруі болса, екіншісі, кейбір адамдардың қоғамға байланысты өз еріктерімен өлімге баратынын жатқызып жатады. Қазіргі таңда өте салмақты мәселеге айналып отыр, яғни дертті әркім әрқалай қабылдап, өз алдына топшалайды.

Суицидтік мінез-құлық – бұл суицидтік белсенділіктің пайда болуы. Оларға суицидтік ойлар, әрекеттер, қорқыту, өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері жатады. Суицидтік ой деген – өлім, өзін өлтіру туралы ойлау. Ал, суицидтік әрекет – өз-өзіне зақым келтіру. Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр. Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен, дені сау адамдар болып табылады. Суицидті мінез-құлыққа әсіресе екі жас топтары бейім болады кәрі адамдар мен жасөспірімдер. Жастар арасында жеке адам аралық қатынастары бұзылған: жалғыздар, алкоголь және есірткіні шектен тыс пайдаланатындар, гомосексуалистер сияқты суицидальдық рискісі жоғары жас адамдар ерекшеленеді [1].

Суицидтің себептері сан қырлы. Ол адамның биологиялық, генетикалық, психологиялық, әлеуметтік сфераларынан іздеуге болады. Жасөспірімдердің көбісі мектептегі кемсітушілік, сабақтағы проблемалар, сатқындықтан өз-өзіне қол жұмсайды, алайда, бұл

себепке емес жай жағана суицидке бару салдары болып табылады. Оның себептері: депрессия, яғни жан дертіне ұшырау, және стресс, яғни психологиялық күйзеліс. Сәтсіз суицидтік әрекет жасаған адамдар саны бастан асады. Ер балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау қыз балаларға карағанда әлдеқайда көбірек, ал қыз балалар демонстротивті түрде көрсетіп отырады. Қазіргі кезге дейін, суицидтік әрекетті толық зерттеген адам жоқ. Ересек адамдардың 10–нан бірі ғана, жасөспірімдердің 50–ден 1-уі суицидтік әрекетке бейім болады. Жыл сайын 10–20 миллион адам суицид жасайды. Олардың бір миллионға жуығы жарық дүниемен қош айтысады. Алдыңғы қатарлы суицид жасаушылардың отаны ретінде, басқасын айтпағанда көрші мемлекеттер Ресей мен Қытай және Қазақстанды айтуға болады.

Қазіргі жастардың көпшілігі жоқшылыққа, қиыншылыққа төзе алмайды. Бос уақыттарында кітап оқымайды, пайдалы заттармен айналыспайды, «не жеймін», «не киемін» деп ойламайды, басына түскен қиындықтарды жеңгісі келмейді, сондықтан да өз өмірлері үшін күрескеннің орнына мәңгілік сапарға аттанғанды жеңіл жол деп түсінеді. Осындай қиын кезеңде адам, алдымен депрессия, стресске ұшырайды, соңында «суицидке» жол береді. Кейде мұндай жағдай жасөспірімдерді еліктеушілікке де әкеліп соғады. Жасөспірім айналасындағы болып жатқан теледидар және әр түрлі кітаптардан оқып көрген іс-әрекетті қайталағысы келеді. Сөйтіп, жасөспірім өлім ренжіткен адамды қорқытады деп түсінеді. Осы арқылы өзіне жұрттың назарын аудартқысы келеді. Әр адамның өмірінің қиылуы өзінен-өзі трагедия. Адам өзін жер бетіндегі ең керемет пендемін деп есептейді. Бұл таңғажайып емес, себебі махаббат, реніш және налу, кек алу, жүрекке жылы қабылдау сезімдері – адамға тән қасиеттер.

А.Г. Амбрумованың ойынша суицидтік ой, әрекет конфликт кезінде әлеуметтік психикалық дезадаптацияның пайда болуынан көрінеді: мазасыздық, фрустрациялық күй, қоршаған адамдардың негативті қатынастары, өмір сүруге құштарлықтың болмауы, әлеуметтік ортаның төмендеуі т.б. Осындай келеңсіз жағдайлар барлығы жасөспірімдерді қылмысқа тартады, олардың ішінде өз-өзіне қол жұмсау жиі кездеседі [2].

Өзіне-өзі қол салу негізгі үш топқа бөлінеді: ашық, демонстративтік және жасырын.

Ашық суицид – анық күйзелістік жағдайдан соң, адам өзін ұзақ уақыт өлімге дайындау, басқаша шынайы суицид деп те аталады. Суицид жасаушы адам өз өмірін тоқтатуға бекініп, алдын-ала дайындалып, жоспар құрып, сөзсіз шешім қабылдайды. Бұл кездегі басты ерекшеліктер: қашанда жабырқау, дағдарыстық жағдай және өмірден бас кешу жайлы ой, өмір сүруді мәні жайлы ойланып, күйзелу жатады. Өйткені, өзін ешкімге керексіз сезінеді. Ондай жағдайда, өз-

өзіне қол жұмсаушы адам, басқалардың пікірін тыңдамай, өз шешімін басшылыққа алады.

Демонстративтік суицид - өлуге деген ниеті жоқ, жай ғана басқалардың назарын өзіне аудару үшін өз-өзіне қол жұмсау әрекеті жатады. Адам өзінің өмірлік жағдайлармен күресуі қиындық тудырып жатқандығын көрсеткісі келеді. Яғни, көмек көрсетуді қажет ету. Бұндай суицид түрі адамның өзіне зақым келтіруі емес, жанындағы адамдардың жасөспірімнің проблемалары жайында ойлауын, оларды бір қорқытып алуды көздейді. Бұл өз тамырын кесу, улы емес дәрі-дәрмек ішумен көрініс береді. Бұндай суицид жасөспірімдер арасында, бір нәрсені дәлелдеу үшін, ерегісу түрінде байқалады. Басқалай айтқанда «шантаж» ретінде қарастыруға да болады.

Жасырын суицид - өлуді мәселенің шешімі деп санамайды, өмірден басқа жол таба алмай қиналатындар баратын мінез-құлығының бір түрі. Адам өзін өлтіруге арнайы дайындалмайды. Тек саналы түрде тәуекелге бел буу күтпеген өлімге алып келеді. Жастар арасында еліктеуіш күште қарқынды әсер етеді.

Жасырылған немесе тікелей емес суицид – ол өз-өзіне қол жұмсаудың бүркемеленген түрі. Олардың әсерінен адам өзінің санасында немесе санасынан тыс өлімге байланысты үрейі арқылы өз-өзін күйреуге әкеп соғатын әрекеттер нәтижесінде (немесе сыртқы күштер, көбінде өзі арандатып жасаған) көз жұмады [3].

Суицид мәселесі қазіргі таңда қоғамды алаңдатпай қоймайтын тақырып. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 10 қыркүйек – Дүниежүзілік суицидті болдырмау күні деп белгіледі. Көптеген деректер бойынша әлемдегі суицидтың 20% балалардың жасөспірімдік шағына қатысты келеді. Әлемдік статистика көрсеткендей, соңғы 30 жыл ішінде суицидке баратын жасөспірімдер саны 8 есе көбейген. Психологтардың айтуынша, балалардың өзін-өзі өлтіруі – дер кезінде олардың жан айқайын, яғни ол арқылы бала өзіне көңіл аудару ниетін естімеудің нәтижесі. Осыған орай, жасөспірімдер суицидін алдын-алуға байланысты нақты тәжірбиенің жоқтығы мен оны алдын-алу жолдарына арналған зерттеулердің болмауына байланысты, зерттеу қарама-қайшылығының орын алып отырғаны белгілі. Соңғы 15 жылдықта 15-24 жас аралығында өз-өзіне қол жұмсау 2 есеге артты, экономикасы дамыған елдерде бұндай жағдайлар көптеп кездеседі. Зерттеу эксперименті бойынша өз-өзіне қол жұмсау ырықсыз түрде пайда болатыны анықталды [4].

Жасөспірімнің өзіндік «МЕНІ» жоғары болады. Олар ересек адамдарға еліктегендіктен, солар сықылды қылықтар жасап, оны үлгі тұтады. Кейбір жағымсыз мінез-құлықты дұрыс деп санайды. Ересектер жасөспірімнің намысына тимеуі тиіс, өйткені өте намысшыл болады, оларға үнемі сенімділік артып, кішкентай сәл ғана жетістіктермен мадақтап, «Сенің қабілетің бар, сенің қолыңнан келеді,

мен саған сенемін» т.б сөздерді қолданып, психологиялық тұрғыдан дені сау адам етіп шығару керек. Олар достыққа, жолдастыққа берілген болады. Досының, жолдасының алдында адал, сатқындықты көтермейді, кешпейді. Егер жасөспірім сенімді жолдас болып, басқаға дос бола берсе онда мақсатына жеткені. Ал, егерде достарының алдында күлкіге қалса, оппозицияға ұшырайды, өзінше топ құрып сыныптың, мұғалімнің берекесін алып, бұзық жолға түседі. Осыдан «қиын оқушы» туындайды. Егерде олар сыныптан, мектептен өз орнын таппаса, сол орынды сыртқы ортадан табады. Сыртқы орта оны түсінеді, сыйлайды. Жасөспірім келеңсіздікке ұшыраса, одан шығу өте қиын болады. Себебі бұзақылық тобынан шыққан адам сатқын болады.

Қорыта келгенде, қазіргі таңда Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан азаматтарының өз өмірлерін қиюы бойынша әлемде үшінші орында. Ал осыдан үш жыл бұрын деректер бойынша Қазақстан бесінші орында болған. Әлемде жыл сайын бір миллиондай адам өзін-өзі өлтірсе, бір миллион адамның 8 мыңы Қазақстандықтардан тұрады екен. Бұл дегеніміз әрбір сағат сайын бір қазақстандық суицид жасайды дегенді білдіреді. Тұңғыш президентіміз «Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында» десе, өкініштісі, суицид жасаушы көбінесе, еліміздің болашағы деп санаған жас буын өкілдері болып табылады.

Суицид аса қауіпті дерт деп қарастырсақ, мәселенің алдын алу, балалар өмір сүретін ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ең алдымен біз – психологтардың басты міндеті. Отбасындағы жақын адамынан айырылу, ортадан шет қалу, нашар тәрбие т.б. себептермен қатар психикасы әлі толық қалыптаспаған балаларға әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар көп [5].

ӘДЕБИЕТ

1. Бойко И.Б. Введение в суицидологию. - М., 2008. – С. 29.
2. Суицидтік мінез-құлық психологиясының ерекшеліктері // Сыныптағы тәрбие. – 2009. - №1. – 80 б.
3. Кондрашева В.Т. Суицидальное поведение. – Минск, 1999. – С. 45.
4. Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаушылық әрекеттерінің алдын алу // Алтын ұя. – 2009. - 7 мамыр. -56 б.
5. Жасөспірімдердің мінез-құлықтарындағы ауытқушылықтың сипаты // Таптым-таптым – эврика. – 2009. - №4. – 78 б.

РЕЗЮМЕ

Суицид – самоубийство, совершаемое человеком, когда человеческая система сильно переживает, или под влиянием психического заболевания. Такое поведение часто наблюдается в

подростковом возрасте. По статистике суицидальное поведение составляет от 14 до 28 лет-30%, В подростковом возрасте-20%. Ученые дают два разных понятия суициду. В то же время, если есть изменения в поведении человека, то другие относят к тому, что некоторые из них имеют добровольную смерть, связанную с обществом.

SUMMARY

Suicide is a suicide committed by a person when the human system is strongly experiencing, or under the influence of mental illness. This behavior is often observed in adolescence. According to statistics, suicidal behavior is from 14 to 28 years-30%, In adolescence-20%. Scientists give two different concepts of suicide. At the same time, if there are changes in human behavior, others refer to the fact that some of them have voluntary death associated with society.

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЫҚЫЛАСПЕН ОҚУ

Қожахмет Жанерке,
студент,

«Болашақ» университеті;

Тайманова Сара Тамшыбайқызы,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
«Болашақ» университеті

Білім беру мәселесі қай кезеңде болмасын қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі ХХІ ғасырда еліміздің болашағы – жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ. Ұстаз ғалым Ахмет Байтұрсынов та елді алға бастырудың бірден бір жолы бала оқыту ісін түзетуден бастау керектігін айтқан болатын. Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда Елбасы Н.Ә. Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Білім беру жүйесінің тарихын зерделей қарасақ, ол бірнеше кезеңдерден өтті. Мәселен, «ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ресей педагогтарының арасында мектепте пәнді оқытудың негізгі мақсаты мектепте алып шығатын ақпараттар беру емес, жалпы іскерлікті қалыптастыру, атап айтқанда, ойлау, сөйлеу, жұмыс қабілеті, тәртіптілік дағдыларын бірінші кезекке машықтандыру деген пікір үстем болды. Ол пікірді ұстанушылардың ой-ниеті кейін тез ұмытылады немесе өмірде тіптен пайдаланылмайды, ал логикалық ойлау, жаңа жағдайларға тез бейімдей білу, сөйлеу және жазу, жұмыс істей білу іскерліктері барлық жерлерде керек болады, олар әрі әрқашан ұмыт болмайды деп түсінген. Сол себептен де мектепте осы мәселелерге айрықша мән беріліп, оқу құралдары негізінен хрестоматиялық сипатта жасалынған болатын», - деді Б. Керімбекова [1, 16 б.].

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол–2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», - деген [2]. Ал дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Ол бастауыш мектептен басталады.

Бастауыш мектепте қазақ әдебиеті мұралары үлгілерін оқу құралына енгізуді алғаш Ы. Алтынсарин бастады. Ол 1861 жылы Торғайда «Қазақ даласында өзіне дейінгі мектептерден және сол кездегі діни мектептерден мүлде өзгеше жаңа бағытта мектеп ашып, онда орыс тілінен басқа пәннің таза қазақ тілінде жүргізілуіне назар аударып, қазақ халқының келешегі осы мектептерде», - деп жазды [3, 56 б.]. Ол үшін ең алдымен оқулық қажеттілігін түсініп, 1879 жылы Орынборда «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы» атты оқулығын жазды.

Ы. Алтынсарин өз оқулығында балаларды қазақтың әдеби мұраларымен ғана таныстыруды мақсат тұтпай, ол кітапты әлемдік әдебиет үлгілерімен қамтамасыз етуді ойластырған.

Ол адамзаттық ізгілікті озық құндылықтардың қазақ қауымының да рухани игілігіне айналуын кемеңгерлікпен армандап мәдени интеграцияны сезіне білген. Ы. Алтынсарин аударған Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинский, И. Паульсон т.б. педагогтардың шығармашылық тәжірибесінде бар құбылыс оның оқулығында да көрініс тапқан.

«Қазақ хрестоматиясының» қазақ әдебиеті пәнінің атасы, әдебиеттік оқулық жасаудағы алғашқы тәжірибе деп бағалану және қазақ педагогикасының классикалық туындысы әркетінде тұлғалану себебі – ол бастаған көш кейін үзіліп қалмай, Ыбырай оқулығы үлгісінде қазақ тілінде әдеби мазмұндағы оқулықтар шығып, бүгінгі кәсіби педагогикалық сападағы әдебиет пәніне ұласқан мектепке ұлт тілі мен ұлт әдебиетін енгізудің тамаша бастамасы болды. Хрестоматия жасау арқылы Ыбырай қазақ жерінде тұңғыш әдебиет пәнін туғызып, соның методикасына жол салды.

Ыбырай Алтынсарин балаларды оқыта отырып тәрбиелеуді мақсат тұтқан. Мысалы:

Мейірімділікке баулу;

Дұрыс тәрбие беру;

Борышты ақтау, сенімділік;

Талаптылық, еңбексүйгіштік;

Ұқыптылық, жинақылық, тазалық;

Байқағыштық, зерделілік, зеректілік; т.б. Осы тәрбиені ол мәтінді оқыту арқылы жүзеге асырды.

Қазіргі жаңа білім беру бағдарламасының мазмұны да білім мен білік жүйесін анықтаумен қатар, өмірлік құндылықтар мен мұрағаттарды да қамтиды. Сондықтан мектеп жаңа ұрпақты өмірге және қоғамдағы белсенді қызметке дайындауға бағытталған әлеуметтік міндетін атқару барысында оқушылардың бойында ұлттық және жалпы адами құндылықтарды қалыптастыруы қажет. Тәрбиесіз берілген білімнің нәтижесіз болатынын ұлыларымыз да айтып кеткен болатын.

Әдіскер ғалым Ә. Қоңыратбаев: «Әрбір шығарманың өзінен ұғым, нәр, ләззат ала білмеген оқушының жан дүниесі ойдағыдай өсіп

жетілмейді. Әрбір оқушы жанында көркем шығарманы қызығып оқитын ынта туса, бұл білімнің басы.

...Оқу, талдау – сандық оқу, мақамдап оқу – сапалық оқу. Мақамдап оқу тұсында оқушы бізге өзінің алғанын қайтарады. Оны қайтарма оқу дейміз», -дейді [4, 137 б.] де, мәнерлеп оқуды даралап оқу, мәтінді рольге бөліп оқу, әндетіп оқу деп жүйелейді. Әндетіп оқуды – мақамдап оқудың ең мәнді түріне жатқызады. Жанартылған білім беру жүйесінің мақсаты да осы.

С. Желдербаева «Мәнерлеп оқу» (А, 1992) көмекші оқу құралында бастауыш мектепке арналған мәнерлеп оқудың әдістемесін береді. Автор мәнерлеп оқу дегеніміз – қарапайым сөйлеу тіліне жақын еркін оқу деп түсіндіреді де, бастауыш мектепте көркем шығарманың көркемдігін сақтай отырып мәнерлеп оқудан оқушы ләззат алатындығын айтады. Ғалым Ж. Өміржанова: «Бұрынғы догматикалық, репродуктивті оқу түрінің жана технологиялармен алмастырылуы білім берудің тиімді әдістеріне жол ашқанымен, пішіндік өзгерістер мазұнды толық өзгертпейді. Қазір де инновациялық технология дәстүрлі оқыту жүйесімен бәсекеде басым түскенімен «қосылғыштардың орны өзгергенмен қосынды өзгермейді» деген аксиоманы еске алсақ, берілер білім жинақталып тереңдетілді, жанартылды, сол білімді жеткізудің амал-тәсілдері өзгеріске түсті, яғни білімді нәтижелі түрде меңгерудің жолы өзгерді», - деген пікірі [5, 74 б.] көңілге қонымды шындық. Олай болса, қай кезеңде де әдеби білім берудің ғылыми–теориялық негіздерінің бірі мәтінді талдау десек, талдауға дейін игерілетін жұмыс – мәтінді оқу. Оның негізі бастауыш сыныпта қалыптасады. Оқудың сыныпта, сыныптан тыс, дауыстап оқу, іштей түсініп оқу, мәнерлеп оқу сияқты түрлері бар. Мәтінді оқытудың жеке (дара) оқыту, жұптық оқыту, топтық оқыту, ұжымдық оқыту деген түрлері бар. Біз көркем мәтінді «ықыласпен оқуды» ұйымдастыру арқылы шәкірттердің бойына рухани құндылықтарды қалыптастырамыз, шәкірттерді тәрбиелей отырып білім береміз, білім бере отырып тәрбиелейміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Керімбекова Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Астана: Фолиант, 2017. - 160 б.
2. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халқына Жолдауы. - 17 қаңтар, 2014.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: Ғылым, 1994. – 356 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері - Алматы, Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1962. – 211 б.

5. Өміржанова Ж. Модульдік оқыту жүйесіндегі риторика // Қазақ әдебиетін жоғары және жалпы білім беретін мектептерде оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері. – А., 2006, 7 сәуір, Абай атындағы ҚазҰПУ Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.

РЕЗЮМЕ

В статье авторы подчеркнули важность чтения текста в начальной школе. Результаты были основаны на трудах педагогов-просветителей Б.А. Алтынсарина, А. Конаратбаева и С. Желдербаева.

SUMMARY

This article deals with the importance of teaching text in primary school. Teachers-educators: S. A. Altynsarin, A. S. Konyratbaev, S. Zhelderbaevs works were taken into consideration based on the works.

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ РӨЛІ

*Бақи Ақтоты Полатбекқызы,
оқытушы,
«Болашақ» университетінің колледжі*

Қазіргі таңда білім беруді ақпараттандыру процесінің жүргізілуіне байланысты өзекті мәселелердің бірі – мультимедиялық технологияларды оқу үдерісінде пайдалану болып отыр. Ал, оларды оқыту процесінде қолдану – сапалы білім берудің бірден-бір құралы болып табылады.

Еліміздегі білім жүйесі ел өміріндегі стратегиялық маңызды сала болып табылатындығы белгілі. Ал, оқу процесіндегі ескі әдістердің озық заман талабына жауап бере алмайтындығы өз-өзінен түсінікті. Бүгінгі уақыт талабына сәйкес білім беруді одан әрі жетілдіру оқу-тәрбие процесіне озық тәжірибені, ғылыми жетістіктерді талап етеді.

Қазіргі кезді электрондық веб оқулықтың қандай екендігі туралы біртұтас ой жоқ. Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық [1].

Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға, пәнге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек оқытушының айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жана деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді, әр тақырыпқа сәйкес тапсырмаларды өздігін орындауға мүмкіндік береді.

Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнероликтер немесе жана ақпараттарды көрсетуге көмекші құрал. Бейнероликтер уақыт көлемін өзгертуге, көріністерді тез және жәй түрде көрсетуге пайдалы. Электронды түрдегі оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электронды

оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудиохабарлар. Мысалы: құстардың дауыстарына қарай қандай құс екенін ажырата білу, жүрек қағысын байқау [2].

Мультимедиялық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын.

Мультимедиялық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Сондай ақ мұғалімдерге де өзіне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Электронды оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе.

Мультимедиялық оқулықпен оқыту, мұғалімнің оқушымен жеке жұмыс істегеніндей болады. Дәстүрлі оқытуда кейбір оқушылар түсінбей қалған материалды мұғалімнен қайталап сұрай беруге кейде қысылады, сол себепті жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына әкеп соғады. Ал электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті түсінбеген сөзді бөліп анықтама бөлімінен қарауға, сол сөздің түсіндірмесін білуіне, оның грамматикалық жасалу жолдарын білуіне көптен-көп көмегін тигізеді.

Сонымен қатар оқушы грамматикалық анықтамаларды оқи отырып білімін тереңдете алады. Міне, осындай мүмкіндіктердің барлығы оқудың мотивациясын күшейтеді, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырады, оқуға деген белсенділігін арттырады, оқытудың дәстүрлі ұйымдастыру формасынан шығып, оқытуды даралауды күшейтуге көп көмегін тигізеді [3].

Электронды оқулықта берілген мәтіндік материалдар белгілі бір қатынас жағдаяттарында қолданылатын сөйлемдерді құрайды. Сұхбаттар көлемі жағынан шағын және жеңіл жатталады. Сұхбаттық жағдаяттар қазақ тілінде бір-біріне сұрақтар қойып және жауап қайтара алуға үйретеді. Сонымен қатар берілген тақырып төңірегіндегі сөйлемдер мен әңгімелерді микрофонның көмегімен компьютерге басып, өздері тыңдап, өзін-өзі тексеруге, дұрыс сөйлеуге көмектеседі.

Жас ұрпақ тәрбиелеудегі ұстаздар ұстанатын бұлжымас қағидаларының бірі – білімділікпен қоса өзіндік ой-пікірі бар шәкірттер даярлау. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдісінің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлдем жаңа міндеттер қойып отыр. Ол өз жұмыс орнында және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз бейімделе алатын орындаушының тұлғасын

калыптастыру. Осыған орай елдерде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Сондықтан педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдістеріндегі елеулі өзгерістерге байланысты білім берудің мазмұны жаңарып, тың көзқарас қалыптасуда.

Қазіргі жаңа технологияның қарқындап дамуы, компьютерлердің аппараттық және бағдарламалық мүмкіндіктерінің жоғарылығы сабақта қолданылатын оқулықтарды алмастыра алады. Электронды оқулықтармен жұмыс жасаудың мүмкіндіктері және сабақты меңгертудегі тигізер пайдазы үлкен дәрежеде [4].

Дидактикалық функция дәстүрлі оқулықтың безендірілуі мен мазмұнын оқып үйренуді мақсатқа сай таратушы болып табылады. Әрбір оқулық нақты дидактикалық жүйеде құрылады және ол мынадай функциялардан тұрады:

- оқу бағдарламасының көлемі мен сапасына сәйкес келетін ақпараттарды береді;
- сабақта берілген тапсырмалардың шешімін хабарлайды;
- жеке бөлімдердің бастапқы позицияларын зерделеп, оқу құралдарының әдістерін анықтап, автоматтандырылған жобалада оқытады, нәтижеге жетуге бастайды;
- оңтайлы оқу материалдарын жүйелендіру арқылы білімнің жүйелеген элементін қабылдайды, ойлауды дамытады;
- оқушының қызығушылығын тудырып, жаңа білімге деген құштарлығын арттырып, оқулықтағы материалдарды өздігімен меңгеруге көмектеседі.

Электронды түрде берілетін оқулықтар – бұл ақпаратты жүйені ұсынушы кітап, әдістемелік және бағдарламалық құрал-жабдықтарды нақты тәртіппен оқыту болып табылады. Оның құрылымы мен мазмұны оның қолдану мақсатына байланысты.

Электрондық оқулықтың негізгі функциясына мыналар жатады:

- оқуда берілетін ақпараттарды сақтау;
- сабақта қолданылатын ақпаратты беру;
- оқуда көмек беру және диалог жүргізу;
- оқушының жауаптарын саралау, салыстыру;
- оқу іс-әрекетінің нәтижесін тіркеу, сақтау.

Электронды түрдегі оқулықтарды жобалау кезінде шешетін негізгі проблеманың бірі барлық жүйенің бір жүйе ішіндегі өзара іс-әрекетін ұйымдастыру [5].

Қандай да бір пәнді дайындап оны зерттеу үшін бүкіл қолданған материалдарды саралап электрондық оқулық өңдейтін жүйені ажыратып көрсету керек. Бұл мақсатта мазмұнында әрбір жүйенің әдіс-тәсілін айқындауға, қажетті құралды таңдауға, дайын немесе өзінің программалық қамтамасыздандырылуын қосуға, яғни

мультимедиялық оқулықты бүтіндей тиімді өңдеу жұмыстарын жүргізуге көмек береді.

Электрондық оқулықтарды құру технологиясы көп еңбекті қажет етеді және келесі этаптардан тұрады:

- оқулықтарды жасаудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- оқулықтар құрылымын жасау;
- оқулық тараулары мен тақырыптары бойынша мазмұнды дайындау;
- электрондық оқулықтардың жекелеген құрылымдарын әзірлеу;
- программалау;

Электрондық оқулықтармен оқыту жүйесін арттырумен қатар бірқатар пайдалы жақтары бар. Біріншіден, сыныптардағы барлық оқушыны жұмыспен қамтамасыз етеді, әрбір оқушының белсенді қатысуын қадағалайды, белсенділігін оятуға түрткі болады. Екіншіден, әр оқушы өзіне тән қарқынмен өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізеді, тапсырмаларды дербес орындайды. Қойылған мақсатқа жету үшін қажетті мәліметтерді қалыптастырады. Үшіншіден, оқушы өз еңбегінің нәтижесін көріп, өзін-өзі бағалайды, саралау жұмыстарын жүргізе алады. Өз бетімен жұмыс істеу біліміне ғана әсер етпей, мінез-құлқына да, дағдысын қалыптастыруға да зор ықпалын тигізеді. Оқушыларды тиянақтылыққа, бастаған ісін жемісті аяқтауға тәрбиелейді, жауапкершіліктерін оятады, сабаққа қызығушылығы артады. Бұл өз ретінде оқушының ізденімпаздығын, жүйелі ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытады.

Электронды түрдегі оқулықтар бойынша оқушы тапсырманы қызығушылықпен орындайды. Сонымен қатар өз қатесін өзі табады, өзін-өзі бағалауға үйретеді. Арнайы бағдарламамен жұмыс істеу оқушының қисынды ойлауының бірізділігі, жүйелілігін дамытады. Оқушының жас ерекшеліктеріне сай және әркімнің шамасына, мүмкіндігіне қарай тапсырма беруге қолайлы жағдайлар туғызады.

Электронды түрдегі оқулықтар жасаудың педагогикалық технологиясының құрылымы оқыту үрдісінің заңдылықтарына негізделіп, бір-бірімен байланысты төрт бөліктен тұрады:

- мотивациялық-мақсатты;
- мазмұндық;
- операциялық;
- бағалы-нәтижелік.

Электрондық оқулықтың мотивациялық-мақсатты бөлігі модульдер мен шағын модульдерді құрастырудан тұрады. Модуль – пән салаларындағы жүйелік және қызметтік білімнің жиынтығы. Ол электрондық оқулық арқылы оқытуды ұйымдастырудың «қызметтік түйіні» болып табылады [6].

Қорыта келгенде, электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт

артатындығы байқалады, тақырыпты толық меңгеруге септігін тигізеді. Сондай-ақ мұғалімдерге де өздеріне қажетті әдістемелік көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану - оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Специализация 030109, Организация информатизации образования // Информатика и Образование. - 2002. - №4.
2. Абубаева А. Электронды оқулықтарды пайдалану // Информатика негіздері. – 2006. - №4.
3. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2006. - №6.
4. Дәстүрлі және электрондық оқытуды кіріктіру // Қазақстан мектебі. – 2006. - №7, 8.
5. Мұратәлиева Н. Жаңа формациядағы ұстаз, оның кәсіби мәдениеті // Мектеп директоры. – 2006. - №3.
6. Бидайбеков Е.Ы., Байгушева К.М., Нурбекова Ж.К. Теоретические аспекты обучения программированию для Интернета // Вестник ПГУ. Серия пед. - 2007. - №2.

РЕЗЮМЕ

Данные время информатизация в сфере образование основных вопросов изготовление электронных учебников. В учебном процессе качественное обучение является одним из применяемым средством.

SUMMARY

To form an electronic textbook to inform proces conducted to associate basic questions first - to prepare was. And, they to teach to apply on process - there is one mean that high-quality forms.

МЕКТЕПТЕРДЕ «ҚАЗАҚ КҮРЕСІ» САБАҒЫН ЖҮРГІЗІП ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Өмірзақов Бауыржан Серікұлы,
оқытушы,
«Болашақ» университетінің колледжі*

«Спорт денсаулық кепілі», «Күшті болсаң күресіп көр» және тағы басқа да халық даналығынан шыққан сөздер тегіннен-тегін айтылған емес. Өткенге көз жіберіп терең үңілсек «Қазақ күресінің» даму жолдары өзгеше, әрі өзіндік сыр-сипаты бар. Қазақ елі той думанда халық мол жиналатын орындарда палуандардың күшін сынап сарапқа салған. Ұлттық спортымыз туралы сөз қозғағанда алдымен тілімізге түсетін спорттың бірі «Қазақ күресі». Ғасырлар бойы маңызы артпаса да тұғырдан түспеген. Қазіргі кезде «Қазақ күресі» жана сипат алып, жоғарғы серпінмен өркен жая дамып халықтың нағыз ұлттық ойындарының бірі болып отыр.

Ұлттық күрес ертеден-ақ жастардың бойындағы алғырлық, ептілік, батылдық, өжеттілік сияқты қасиеттерін тәрбиелеп қарсыласынан өктем басым болуға шындайды. «Қазақ күресі» өнерін ес білгеннен бастап қастерлеп келеміз. Сондай күшті де алып болсам деп арман еттік. Ол күш атасы Қажымұхан Мұңайтпасов, Әбілсейіт Айханов, Амангелді Ғабсаттаров, Аманжол Бұғыбаев сияқты кезінде әлемді аузына қаратып аты аңызға айналған бабаларымыздың да тұсауларын алғаш «Қазақ күресі» кескен. Бала күндерінен бұл өнердің әдіс-тәсілдерін үйреніп өскен және өзге күрес түрлерін де жақсы меңгерген [1].

«Қазақ күресі» бүгінгі әлемдік аренадағы күрес түрлеріне өте ұқсас. Жылдар жылжып ғасырлар өтсе де Қазақтың ұлттық күрес өнері тіршіліктен тыс қалмай бірге жасап жылдан-жылға жаңарып, дамып келеді. Мектептерде күрес әліппесін үйренуге байланысты көптеген қиындықтар кездеседі. Болашақ Әлем, Олимпиада чемпиондары ауылда жүруі әбден мүмкін, бірақ олардың өздігінен күрес техникасы мен әдістерін үйреніп талпынуға мүмкіндіктері аз. Ауылдық жерлерде күрес кілемі, жаттықтырушы мамандар мен қажетті құрал-жабдықтар жетіспейді. Өзіміздің төл өнерімізді жастарға үйретіп баулитын білікті жаттықтырушылар болса деген ой туындайды. Бұл жөнінде көптеген жұмыстар атқаруға тура келеді. Бұл олқылықтардың орнын толтыру үшін не істеуіміз керек? Мұның басты жолы жастардың күрес өнеріне деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ ұлттық өнеріміздің жанашырларына арнап оқу-құралдарын

жазып, халыққа кеңінен тарату және насихат жұмыстарын үнемі жүргізу болып табылады.

Басқа күрес түрлері сияқты «Қазақ күресін» өнер ретінде қарап өзіндік орны бар спорт үйірмелері мен арнайы спорт сыныптарын ашу керек. Ол үйірмелер бірнеше топтардан жас талапкерлерді қамтығаны дұрыс, оны жүргізуші осы өнерді жақсы меңгерген білікті жаттықтырушы болуы керек. Үйірмеге жас талапкерлерді тартуға болады. Өйткені бұл спорт түрімен шұғылданғысы келетін жас жеткіншектер ауыл мектептерінде өте көп. Үйірме мүшелері үшін жақсы жабдықталған спорт базасы болғаны дұрыс.

орнатылады. Белгілі бір қайта орнатулардың пайдалылығы осыған байланысты қаулылар қандай дәрежеде дұрыс ресімделіп, осы қорытындыларды қабылдауға қатысуы анықталған принциптер соған байланысты болады. Кәсіпкерлікті басқарудың әдіснамалық мәні 1-суретте көрсетілген. Шағын кәсіпкерлікті басқару міндеті-мемлекет экономикасының өсуіне түрткі қосу, оның қалыптасуын жақсарту.



Сурет 1. Кәсіпкерлікті басқарудың әдіснамалық мазмұны

Бизнес компанияның қаржылық қалыптасуының маңызды шарты болып саналады. Коммерциялық жұмыс - халықтың өмір сүруінің қоғамдық жағдайларын жақсартуға жәрдемдесетін мемлекет экономикасы мақсатындағы қажетті элемент.

Тұрақты қаржылық тұжырымдамада бизнес: белсенді қалыптастыруға жол беріледі, сатып алушылардың сұранысын өзгертуге бейімделген, бәсекеге қабілетті базар өзара қарым-қатынастарына жәрдемдеседі, экономиканың қаңқалы қайта құрылуына жәрдемдеседі, жаңа Еңбек учаскелерін қалыптастырады, жаңа Коммерсант компаниялары мен иелерін қалыптастыру мақсатында талапты қалыптастырады, мемлекеттің жаппай мемлекеттік сатысындағы елеулі бөлігін жеңіп алуға қабілетті, үкімет мемлекеттік бюджетіне ірі экономикалық қаражат береді. Сонымен қатар, Адвокаттық қағаздарда атап өтілгендей, бизнес-бұл жақсы қорытындылар мен жұмысқа қатысатын барлық тұлғаларға пайда түсіретін белсенді іс жүргізу, басқа да меншік пен ақша алу.

Кәсіпкерлік көмегінің инфрақұрылымы-кәсіпкерлік қалыптастыру мақсатында субъектілерді қалыптастыруға ықпал ететін және оларға талап етілетін қызмет көрсететін және коммерциялық саланың тіршілік ету саласы мен талаптарын қамтамасыз ететін мекемелер мен ұйымдардың осы кешені. Шағын кәсіпкерлік қызметі мен өнімінің көлемін арттыру мақсатында қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру.

Мемлекет бизнесмендерінің заңды және қаржылық сауаттылығына қанағаттанушылық байқалады. Коммерсанттар, әсіресе, жас өз қызметі, әдеттегі өмірде көптеген проблемалармен кездеседі. Заңдар үнемі өзгерістер жазылады, коммерсанттар бақылауға үлгермейді, ал Заңның хабарсыздығы жауапкершіліктен құтылмайды. Бұл ағымда қызметті шағын кәсіпкерлікті қалыптастырудың қолданыстағы инфрақұрылымын қолдану өнімділігін арттыруға сәйкес ұзарту қажет.

Мемлекет ауыл шаруашылығы елі болып саналатындықтан, шағын және делдалдық кәсіпкерліктің жүйесі мен қаржыландырылуын қолға алу және сақтау керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Бисенғазиев М.Б., Хамитов А.Ш. Кәсіпкерлік негіздері. – Орал, 2001.

2. Бердалиев К.Б. Қазақстан экономикасын басқару негіздері. – А.: Экономика, 2001. – 129 б.

3. Николас К. Сирополис управление малым бизнесом. - Москва, 1999.

4. Қинашева Ж. Қазақстан экономикасын қалыптастырудағы шағын кәсіпкерліктің ролі //Ақиқат. - 2006. - №2.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы развития предпринимательства в Республике Казахстан, описываются проблемы его эффективности и совершенствования механизмов поддержки в экономике.

SUMMARY

The article deals with the development of entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan, describes the problems of its effectiveness and improvement of support mechanisms in the economy.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША
ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
МЕХАНИЗМІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ**

*Муратбаева Гүлмира Алмабекқызы,
экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
«Болашақ» университеті;
Көшербаев Дархан Жомартұлы,
магистрант,
«Болашақ» университеті*

Өндірістің тиімділігін жоғарылатудың көптеген бағыттарының бірі экономикалық және әлеуметтік саясат орталығы өндірісті қарқынды дамытуды ынталандыратын ұйымдастырушылық және экономикалық қатынастарды, ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайларды іздестіру және практикалық құру болып табылады, бұл жоғары тиімді басқарудың негізі және нарықтық экономикадағы дамудың басым түрі ретінде. Біздің елде өндірістің даму тәжірибесі, басқа елдердің озық тәжірибесі дамудың қарқынды түрлеріне көшудің басты шарты өндірістік қатынастарды жақсарту қажеттілігін, бірінші кезекте өндірісті дамытуда ең тиімді және экономикалық тұрғыдан тиімді ұйымдастыру және экономикалық факторларды пайдалану қажеттілігін көрсетті. Дегенмен, жеке құрылымдардағы өнеркәсіптік өндіріс деңгейінің төмендеуі тұтастай алғанда өңірлердегі өңдеуші өнеркәсіп деңгейінің төмендеуіне әкелді. Бұл талдау, біздің пікірімізше, индустрияның дамуына тәуелді емес субъективтік және объективтік себептерге байланысты болашақта өнеркәсіптің одан әрі өсуіне арналған резервтерді анықтап, болашақта туындауы мүмкін басқа да себептерді азайтуға мүмкіндік береді [1].

Өндірістік кәсіпорындардың негізгі қызметінен 37,3%-ды құрайтын рентабельділік деңгейінің артуымен аймақтағы жалақының орташа деңгейі өте төмен, бұл республикалық орташа республикалық кірістің 2/3 артық емес. Бұл жағдай тұтастай алғанда теріс болып табылады, өйткені ол өнеркәсіптік өндірістің айтарлықтай өсуі аясында орын алады.

Бұл көбінесе басқа қызметтердің, соның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, коммуналдық қызметтер және басқа да әлеуметтік қызметтер сияқты мемлекеттік және жеке әлеуметтік қызметтердің маңызды рөлінің артуымен байланысты. Алайда жалпы экономикалық құлдырау жағдайында осы салалардың дамуын жеделдету өңірлік

экономиканы индустриалдандыруға, экономикалық әлеует деңгейін төмендетуге, сондай-ақ облыстың инвестицияларға және мемлекеттік бюджеттен шығындарға тәуелділігін арттыруға алып келеді.

Бұл құлдырау Қазақстанның қара және түсті металдарды қоса алғанда, қазақстандық экспортқа деген сұраныстың төмендеуіне байланысты. Сондай-ақ, өтпелі кезең басталғаннан бері кешені шикізат бағытын тереңдету жалғасуда.

Металлургиялық кешенді дамытуды шектеудің негізгі себебі - өндірістің төмен техникалық деңгейі. Бұл күрделі салымдардың жеткіліксіздігі, пайдалы қазбалардың пайдалы қорларының сарқылуы, шикізатты өндіру және қайта өңдеу үшін қолданыстағы технологиялардың жетілмеуі, тау-кен өнеркәсібінде жабдықтардың ескіруі, байыту және өңдеудің нәтижесі. Сонымен қатар, кешеннің өзінде корпоративтік құрылымдарды құру шикізаттың күрделілігін төмендететін монополиялық тенденцияларды ұйымдастыруға әкеліп соқтырды, нәтижесінде ол елеулі шығындарға әкеп соқты. Metallургия өнеркәсібінің бағалауы бойынша шетел фирмаларымен салыстырғанда кен шығыны 8-10% жоғары, отандық өнімдердің энергия сыйымдылығы әлемдік жетекші кәсіпорындардың көрсеткіштерінен 1,5-1,8 есе жоғары және еңбек өнімділігі төмен, 1,5-2 рет. Өндірістік шығындардың материалдық шығындар деңгейі 70%-ға жетеді.

Осы проблемаларды шешу үшін дәстүрлі өнімдердің сапасын жақсартуға және жаңа технологияларды меңгеруге бағытталған металлургиялық кешенде өндірісті елеулі қайта құру және жаңғырту жүргізілуде. Атап айтқанда, 2015-2020 жылдарға арналған Тау-кен металлургия өнеркәсібін кешенді дамыту бағдарламасы Қостанай облысындағы металлдалған пеллеттер өндіретін зауыттың құрылысын көздейді. Тау-кен өнеркәсібіне салынған инвестициялардың жалпы көлемі - \$ 1,667 млн, металлургия және металл өңдеу - 540 млн АҚШ доллары, жобалар бойынша ұсынылатын жұмыс орындарының саны - 2 790 және 1 590.

Осыған байланысты өңірдің тау-кен металлургиялық кешенінің басым бағыттары, біздің ойымызша, ресурстарды үнемдеу және экологиялық қауіпсіздікті сақтау мәселелерін шешу үшін түбегейлі жаңа технологиялық процестерді енгізу болып табылады. Өнеркәсіптік кәсіпорындарды одан әрі жаңғырту инновациялық және жоғары технологияларды енгізу арқылы ең тиімді түрде жүзеге асырылады.

Қазақстан мен Қостанай облысының экономикасын технологиялық жаңғырту міндеттері экономиканың нақты секторын көтеру үшін негіз болуға тиіс машина жасауды дамыту қажеттілігін анықтайды. Сонымен қатар мемлекет тарапынан қолдаусыз отандық экономиканың өңірлік секторын технологиялық дамытуға түрлі

кедергілер туындауы мүмкін [2].

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың ерекшеліктерін ерекше атап өткен жөн, инновациялық процесті жүзеге асыру үшін қажетті ресурстардың бар-жоғын анықтау қажет. Бұл қызмет түріне қатысуға шешім қабылдаған инноватор үшін өз құзыреті мен ерекшелігі шеңберінде инновациялық процестің әр кезеңін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін білікті мамандар болуы керек.

Қостанай облысының қазіргі заманғы инженерлік индустриясының тән ерекшелігі Ресей Федерациясы мен ТМД елдерінен жеткізілетін компоненттік материалдар мен басқа ресурстарға толығымен тәуелді болып табылады. Бұл жағдайға мысал ретінде «АгромашХолдинг» АҚ-ның Қостанай филиалының ресейлік зауытымен бірлескен ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізілді. Онда ауылдық және орман шаруашылықтарында дизельдік қозғалтқыштар мен тракторлардың бірлескен жинағы ұйымдастырылған.

Өңірде өндіріс, кеңсе, зертханалық, телекоммуникациялық жабдықтар, және, әрине, қаржы ресурстарының жеткілікті мөлшерін қоса алғанда, тиісті материалдық-техникалық база қажет.

Басқарудың тиімділігі тұтастай жеке процестерді басқарудың тиімділігіне байланысты, бірақ нарық жағдайындағы өндірістің және басқарудың түпкілікті нәтижелеріне негізгі әсер инновациялық үдерістермен байланысты. Инновациялық процестердің мазмұны «ғылыми-өндіріс» әртүрлі кезеңдерінде қабылданған және кәсіпорын, ғылыми және жобалау ұйымдары мен мемлекет деңгейінде басқарудың тиісті деңгейлерімен жүзеге асырылатын технологиялардың, технологиялардың, ұйымдастырушылық нысандардың және басқарудың экономикалық әдістерінің жаңа шешімдерімен көрініс табады. Инновациялар, инновациялар мен инвестициялар инновациялық қызметтің негізгі компоненттері болып табылады, олар ғылыми-инновациялық және нарықтық факторлардың жағдайына негізделген, экономикадағы құрылымдық өзгерістерді тереңдетуге, нарықтың көлемін арттыруға және қазіргі қажеттіліктерге қол жеткізуге ықпал етеді [3].

Бұл жағдай Қазақстанда өндірілетін мақтаның өңделуіне, оңтүстік аймақтың қосымша құнының өсуіне және бүкіл қазақстандық тоқыма өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, талданатын салада еңбек өнімділігін арттыру, мақта сапасының стандарттарын енгізу (бағалау), барлық нарық қатысушылары арасындағы қатынастарды орнату және реттеу, шикізат сапасын жақсарту, білікті жұмыс күшін қамтамасыз ету, жаңа технологияларды енгізу қажет.

Қазақстанның электр энергетикасын дамытудың маңызды міндеті барлық электр станцияларын бір жоғары вольтты желіге

біріктіретін бірыңғай энергетикалық жүйені құру болып табылады. Осылайша, Солтүстік Қазақстан энергетикалық жүйесі республиканың барлық алты солтүстік аймақтарының электр станцияларын біріктіреді және Шығыс және Орталық Қазақстан электр станцияларымен, сондай-ақ Ресейдің көршілес өңірлерімен (Троицк, Челябинск) байланыстырылған.

Қазақстандағы өнеркәсіптің ағымдағы жай-күйін талдау нәтижелері жүйелік проблемалардың болуымен сипатталады және ұйымдастыру және әртараптандыру бойынша қабылданған шаралар әлі де өз құрылымын өзгертпесе, ол әлі де тауарлық секторға бұрмалануда. Бұл көбінесе қажетті инвестицияның болмауына байланысты. Елге инвестициялар тарту тәжірибесі ішкі нарықтың тарылуы себебінен Қазақстандағы өндіріс орындарын құруға шетелдік инвесторлардың қызығушылығын көрсетеді.

Осылайша, экономикалық белсенділіктің негізгі түрлерімен өнеркәсіптік өндірістің құрылымы Қазақстандағы және оның өңірлеріндегі тау-кен өнеркәсібінің басым болуын көрсетеді, бұл жалпы өнеркәсіп өнімінің 61,1% құрайды.

Осыған байланысты өңірлік экономикалық саясатты келесі үрдістерде дамыту ұсынылады. Бірінші тренд облыстың агроөнеркәсіптік кешені, металлургия, машина жасау, көлік, электроэнергия және құрылыс секілді экономиканың белсенді секторларын жаңғыртуға қатысты. Екінші тренд - ақпараттық технологиялар, биотехнология, ядролық технологиялар, химия, талшықты-оптикалық технологиялар, гендік инженерия, ресурс үнемдейтін технологиялар, оның ішінде экология саласындағы жаңа салаларды дамыту [4].

Өңірдегі индустриалды дамудың басым саласы инжинирингті, кез-келген мемлекеттің және оның өңірлерінің даму деңгейін қамтуы тиіс. Әлемдік тәжірибе әлемнің дамыған елдерінде заманауи технологиялар мен технологиялардың, жоғары білікті инженерлік-техникалық кадрлардың, жоғары ғылыми-техникалық әлеуеттің және қаржы капиталының шоғырлануының көзі болып табылатынын көрсетеді. Өнеркәсіптік өндірістерді өздерінің инновацияларын құруға және оларды өндіріске енгізуде белсендіруге қабілетті институционалдық жүйені, тиімді ынталандыру ортасын құру қажет. Бұл бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға қабілетті жоғары технологиялық және жоғары технологиялық өндірістерді құруға және білімге негізделген экономикаға көшудің алғышарттарын жасауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1. Тулемисов О.Т. Өндірістік бизнесті дамытуды бағалау // КазЭУ хабаршысы. – Астана, 2017.

2. Проект развития инноваций и конкурентоспособности / Аналитический сектор Всемирного банка развития и реконструкции о состоянии научно-технической деятельности в Республике Казахстан. – Астана, 2018.

3. Кадыров Т.Ж. Роль финансовых институтов в реализации индустриально-инновационного развития Республики Казахстан // Теория и практика индустриально-инновационного развития Республики Казахстан: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2017.

4. www.Google.ru

РЕЗЮМЕ

Новшества, нововведения и инвестиции выступают основными компонентами инновационной деятельности, которая, основываясь на состоянии научно-инновационных и рыночных факторов, способствует углублению структурных сдвигов в экономике, увеличению размеров рынка удовлетворению существенных потребностей.

SUMMARY

Novelty, innovations and investments are the main components of innovative activity, which, based on the state of scientific-innovative and market factors, contribute to the deepening of structural changes to increase the size of the market to meet significant needs.

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ХИМИЯ,
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ**

ЦАС ЖӘНЕ ОНЫ БІРҚАТАР ДАҚЫЛДАРДЫҢ БУДАНДЫҚ ТҰҚЫМ ӨНДІРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«Болашақ» университеті;
Дүйсенова Ақбота,
студент,
«Болашақ» университеті

Будандық тұқымдарды жаппай өндіру үшін цитоплазмалық аталық стерильділіктің (ЦАС) практикалық маңызы өте зор. Оның сырттай көрінуі сан алуан болуы мүмкін:

1) гүлдерде аталық ұрық мүлдем жетілмейды, мысалы, темекідегідей;

2) гүлдердің аталық элементтері түзілгенімен, олар өте толығымен дифференциацияланбайды, мысалы, жүгеріде байқалады;

3) гүлдердің аталық элементтері қалыпты тозаңдар түзеді, бірақ тозаңдықтар ашылмайды. Мұндай жағдай томатта болып тұрады [1-3].

Әдетте бұл белгі ұрпаққа тек аналық тізбек бойынша беріледі. Тұқым қуалаудың осы типінің ерекшелігі стерильді тозаңы болатын өсімдіктерді бірқатар қалыпты фертильді өсімдіктермен шағылыстыруда тозаңдары стерильді ұрпақ алынады. Сол фертильді формалармен қайта шағылыстыруда стерильдік белгі көптеген ұрпақтар бойына беріле алады. Будан өндіруде ЦАС-ті өсімдіктер тек аналық форма ретінде пайдаланылады.

Фертильді тізбектер мен сорттар стерильді формамен шағылыстыруда, осы стерильділікті ұрпағында сақтауға қабілетті болатын болса, онда оларды стерильділікті бекітетіндер дейді. Жүгеріде бұл типке көпшілік сорттар мен тізбектер жатады, оны бірқатар басқа дақылдарда айтуға болмайды, мысалы күнбағыс, жуада. Бірақ ЦАС пайдаланудағы ақырғы шағылыстыруда будандар фертильділігін қалпына келтіретіндей формалар да болуы керек, әйтпесе олар тозаңның стерильдігінен тұқым өнімін бермейді. ЦАС-ті өсімдік ұрпағының жемістігін қалпына келтіретін тізбектерді және сорттарды фертильділікті қалпына келтіретіндер деп атайды.

Стерильді өсімдіктермен шағылыстыруда белгілі бір сандық қатынаста стерильді және фертильді өсімдіктер қоспасынан тұратын ұрпақты аралық типті формалар болады және оларды фертильділікті жартылай қалпына келтіретіндер деп атайды.

ЦАС екі бағытта пайдаланылуы мүмкін: бұрыннан пайдалануға рұқсат етілген будандарды стерильділік негізге көшіру және стерильділік негізде жаңа будандар жасау үшін. Қазіргі кезде жұмысты екі бағытта да жүргізеді, ал ЦАС-ті пайдаланудың алғашқы жылдарында селекционерлердің алдында көбіне бірінші міндет тұрған болатын.

ЦАС-ті тәжірибеде пайдалану мәселесі *жүгеріде* толығымен шешілген.

Стерильдік негізде будандар алу үшін қосарланған тізбекаралық немесе сорттық-тізбектік буданның аналық компоненті ретінде пайдаланылатын қарапайым тізбекаралық будан немесе сорт тозаңы стерильді болуы, ал аналық қарапайым буданның аналық тізбегі стерильді болуы қажет. Аталық қарапайым будандар тізбектерінің біреуінің немесе екеуінің де қалпына келтіретін қабілеті болуы тиіс.

Будандық тұқымдар өндіруде будандастырудың 3 нұсқасының біреуін қолданады: қалпына келтіру, жартылай қалпына келтіру және араластыру.

Қалпына келтіру нұсқасы барлық өсімдіктері фертильді болатындардан будан алуды қарастырады. Нәтижесінде будандық тұқым өндіруде будандастыру теліміндегі сыпыртқыгүлдерді жұлып тастау қажеті толық (98,6%) жойылады. Қолдан кастрациялауды будандастыру телімінің жалпы көлемінің шамамен 2%-ын алатын аталық қарапайым буданның аналық тізбегі өсімдіктерінде ғана атқаруға тура келеді. Осы нұсқаны 3-тізбектік, тізбектік-сорттық және сортаралық будандарды стерильдік негізге көшіруде қолданады. Бұл жағдайда қалпына келтіретін қабілеттілік, сәйкес аталық формаларда болуы қажет. Мысалы, Алматы облысында суаруда – дәнге, Қызылорда облысында дәні және сүрлемі үшін күні кешеге дейін өсіріліп келген 3-тізбектік Днепровский 277МВ буданы мен Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарынан басқа, еліміздің барлық өңірлерінде қазіргі кезде де пайдаланылатын күрделі 6-тізбектік Одесская 80МВ буданының тұқым шаруашылығы жұмысы «қалпына келтіру» нұсқасымен жүргізіледі [3-5].

Толық емес қалпына келтіру нұсқасы аталық форма толық емес, шамамен өсімдіктердің 50%-ының фертильдігін қалпына келтіретін будандар алуды қарастырады. Бұл буданның өндірістік егісінде барлық өсімдіктерді толық тозаңдауға молынан жеткілікті, себебі жүгерінің әр сыпыртқыгүлінде бірнеше миллиондаған (20 млн дейін) тозаң түйіршіктері түзіледі. Осы нұсқаға сәйкес, аталық қарапайым будан тізбектерінің біреуі қалпына келтіретін қабілетті болуы қажет. Сыпыртқыгүлді жұлып тастау қажеттілігі толықтай (98,6%) жойылады.

Бұл нұсқа, сондай-ақ аталық қарапайым будан алуда фертильділікті қалпына келтіретін бір тізбектен басқа, аталық стерильділік қабілеті болатын екінші тізбекті (аналықты) пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда барлық буындарда қолдан кастрациялау қажеттілігі туындамайды.

Араластыру нұсқасы қандай да болмасын будан алуға қатынасатын ата-аналық компоненттердің бірде-біреуі қалпына келтіретін қабілетті емес немесе қалпына келтіретін қабілеті жеткіліксіз дәрежедегі жағдайда ғана қолданылады. ЦАС негізінде алынған осындай будан тұқымын, сол буданның фертильді формасының кемінде 1/3-дей тұқымын қоспай өндірісте қолданбайды, себебі тозаңының стерильдігінен өсімдіктер тұқым салмайды.

Осы нұсқа бойынша жұмыста аналық қарапайым будандардың екі типі алынады: 1) стерильдік негіздегі; 2) қолдан кастрация жасайтын кәдімгі тәсілмен. Келесі жылы будандық тұқымдар алу үшін аналық қарапайым буданның стерильдік және фертильдік қатарын 2:1 немесе 1:1 қатынаста араластыру нұсқасы бойынша будандастыру телімін қалайды. Будандастыру

телімінде қатары 6:2, 6:3 және 9:3 қатынастарындағы аналық пен аталық формаларды ақырғы шағылыстыруда аналық қарапайым будан қатарының үштен бірі фертильді, үштен екісі стерильді форма болғаны дұрыс.

Сыпыртқыгүлдерді, тек аналық форма жалпы мөлшерінің 33 немесе 50% құрайтын аналық қарапайым буданның фертильді қатарында ғана, сондай-ақ аналық тізбектерде қарапайым буданның екі типін де алуда жұлып тастайды. Будандық тұқым өндірісіне араластыру нұсқасын пайдаланудағы қолдан кастрациялауда еңбек шығындары біршама азайтылғанымен (64 немесе 74%-ға), олар мүлдем жойылмайды.

ЦАС-ті будандық тұқым өндірудің «араластыру» нұсқасына, жүгерінің Қостанай мен Ақмола облыстарында – дәндік және сүрлемдік, Алматы облысында сүрлемдік үшін егілетін Днепровский 141Т (1990 жылы өндіріске енгізілген) буданы тұқым шаруашылығының жүргізілуі мысал бола алады.

Осы нұсқалардың кез келгенінің негізінде будандық тұқым өсіруде қарапайым стерильді будандарды аналық тізбектің стерильді аналогын стерильділікті бекітетін тізбекпен шағылыстыру арқылы алады. Қарапайым тізбекаралық будандарды тауарлық егістерде пайдалануда аналық тізбек – стерильді, ал аталық тізбек қалпына келтіруге қабілетті болуы керек.

Будандардың тұқым шаруашылығын стерильдік негізге көшіргенде олардың атауларына, сондай-ақ олардың ата-аналық формалар ретінде пайдаланылатын тізбектері, сорттары және қарапайым будандары атауына белгілі бір әріп белгілерді

қосады. Мысалы, жүгері формалары стерильділігін, қабылданған атауларына стерильдік типіне байланысты Т, М және С әріптерін қосумен, бұрынғы КСРО қабылдаған тәртіп бойынша көрсетеді. Стерильділігі техастық типті Алатау 26, Казахстанский 43, молдовалық – Казахстанский 162, Алтай 250, Будан 237, сондай-ақ бразилиялық типті Сарыарқа жүгері тізбектерін, сәйкес Алатау 26Т, Казахстанский 43Т, Казахстанский 162М, Алтай 250М, Будан 237М және Сарыарқа С түрінде белгілейді. Қандай да бір типтегі стерильділікті бекітуге қабілетті форманың атауына, мысалы, техастыққа зТ, молдовалыққа зМ, бразилиялыққа зС (техастық, молдовалық, бразилиялық типті ЦАС-ті бекітетін) әріптік белгіні қосады. Техастық немесе молдовалық, немесе бразилиялық типті стерильді тізбектердің фертильділігін қалпына келтіретіндерді, тип қасына В әрпін қоса ТВ, МВ және СВ түрінде белгілейді. Мысалы, Алатау 26ТВ, Казахстанский 43ТВ – техастық типтегі ЦАС фертильдігін қалпына келтірсе, Казахстанский 162МВ, Алтай 250МВ, Будан 237МВ – молдовалықты, ал Сарыарқа СВ бразилиялық типтегі ЦАС формалар фертильдігін қалпына келтіреді.

Еліміздегі пайдалануға рұқсат етілген будандардың көпшілігі стерильді негізге көшірілген және олардың тұқым шаруашылығы көп жағдайда «қалпына келтіру» және «араластыру» нұсқалары бойынша тұрғызылған.

Қонақжүгерінің ең жақсы будандары өндіріске енгізілген селекциялық сорттарына қарағанда өнімді 25-50% жоғары береді.

Қонақжүгері будандары өндірісінің өрлеуі, онда цитоплазмалық аталық стерильділіктің ашылуы мен пайдаланылуынан бастау алды. Бұрынғы КСРО-да бұндай будандар 1965 жылы Восход буданын өндіріске енгізуден басталды [2-3].

Қазіргі кезеңде елімізде отандық – Красноводопадское 246 (1964), Цунами 85 (1993), Казахстанское 16 (1998), КИЗ-94 (2000), Виктория 4 (2009), Пищевое (2010), КИЗ-7 (2011) және жақын шетел – ресейлік және молдовалық 10-нан аса дәндік, сүрлемдік және сыпыртқылық қарапайым тізбекаралық, сорттық-тізбектік, сондай-ақ тізбектік-сорттық будандар селекциялық жетістіктердің Мемтізбесіне енгізілген. Отандық қонақжүгері будандарын «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС, Красноводопад селекциялық тәжірибе стансасы және ҚР АШМ «Мал шаруашылығы және малдәрігерлік» ҒӨО шығарған. Олар Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстарының ауыл шаруашылығы өндірістерінде пайдаланылуда [4-5].

Қонақжүгері көбіне өздігінен тозаңданатын дақыл болғандықтан, оның өзін-өзі тозаңдауы инцухт-азғындауға ұрындырмайды. Өндірісте бәрінен де жөндісі қарапайым

тізбекаралық, сорттық-тізбектік, сондай-ақ тізбектік-сорттық будандарды пайдалану.

Қонақжүгеріден стерильдік негізде будандық тұқым алу үшін колда түрлі типті үш тізбек болуы қажет:

- 1) ЦАС тізбек (A_s);
- 2) оның фертильді аналогы (A);
- 3) бірінші тізбекпен шағылыстыруда жоғары гетерозисті және де фертильділікті қалпына келтіруді қамтамасыз ететін фертильді тізбек (B) [2-3].

Будандастыру телімдерінде тозаңдар жел көмегімен тасымалданады.

Қонақжүгері өсімдігі тозаңды көп мөлшерде түзеді. Оның кейбір сыпыртқыгүлінде 100 млн дейін тозаңдық түйіршіктер жетілуі мүмкін.

Қант қызылшасында ЦАС-тің ашылуы селекционерлерге арзан будандық тұқымдар алудың әсерлі тәсілін берді.

Аталық стерильділік – цитоплазмалық (S), сондай-ақ хромосомдық та (a_1, a_2) факторлардан болуы мүмкін. ЦАС формалардағы фертильділікті қалпына келтіру бір бағытта әсерлі екі жұп доминантты гендермен ($XXZZ$), ал стерильділікті бекітетіндер – қалыпты цитопазмадағы (N) сәйкес рецессивті аллельдермен ($xxzz$) анықталады. Стерильдігі хромосомдық факторлардан (a_1a_1 және a_2a_2) болатын формалар фертильдігін қалпына келтіру, олардың A_1 және A_2 доминантты аллельдерімен анықталады.

Қызылшаның табиғаты гетерозиготалы болғандықтан, жұмысты өзін-өзі тозаңдандыру арқылы гомозиготалы тізбектер алудан бастайды. ЦАС немесе ЦАС комбинациялары мен хромосомдық стерильділікті пайдалану негізінде өзін-өзі тозаңдандырған тізбектер арасындағы будандарды үш тәсілмен алуға болады:

1. Өзін-өзі тозаңдандырған екі тізбекті (A_s x B) шағылыстырумен. A_s тізбектің ЦАС қабілеті мен S_{xxzz} генотипі, ал оның фертильді аналогының (A) қалыпты цитоплазмасы (N_{xxzz}) болуы қажет.

2. Үштізбекті шағылыстырумен (A x B) x C . Қарапайым буданды бірінші жағдайдағыдай алады. Онда B тізбектің бекітетін қабілеті болуы керек. Будан жақсы тозаңдатқыш болып келетін C тізбек ұрығымен тозаңдандырылады.

Бұл тізбек генотипінің қалпына келтіретін қабілет қатысты мәні қажет емес, себебі өндірісте қызылша өсіруде негізгі өнім дәнді дақылдардағыдай тұқым емес, тамыржеміс болып табылады.

3. Екі қарапайым буданды шағылыстырумен (A x B) x (C x D). Бұл жағдайда цитоплазмалық және хромосомдық аталық стерильділікті пайдаланады. Аталық қарапайым будан (C x D) фертильділікті қалпына келтіру гені бойынша гетерозиготалы (Aa)

және аналық қарапайым буданды ($A \times B$) ұрықтандыру үшін тозаң түзеді. C тізбегі толық стерильді, себебі ол хромосомдық стерильділіктің рецессивті гені бойынша гомозиготалы (aa). Оны қалпына келтіру гені бойынша гетерозиготалы материалды өзара тозаңдандырумен ($Aa \times Aa \rightarrow AA : 2Aa : aa$) және тозаң беретін AA мен Aa генотипті өсімдіктерді жарамсыздандырумен алады [2-3].

Бірақ қант қызылшасы будандық тұқымдарын өндіруді өзістерильділік негізінде де ұйымдастыруға болатынын атап өтуге болады.

Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдер селекционерлері ЦАС пайдалану негізінде **бидайдың** гетерозистік буданын жасаумен айналысуда және будан жасауды әрі қарай да жалғастыруда.

Жұмсақ және қатты бидайлардың гетерозистік селекциясында ЦАС көздері ретінде *Triticum timopheevii*, *T. timonovum*, *T. zhukovskyi*, *T. araraticum* және *Aegilops ovata*, *Ae. triuncialis*, *Ae. umbellulata*, *Ae. triaristata* сияқты өсімдіктер түрлерін пайдалануға болады. Дүниежүзіндегі таралған барлық бидай сорттары – стерильділікті бекітетіндер. Тек олардың бірқатары ғана (Primeri, Professor Marshal, Palmaress және басқалары) қалпына келтіретін қабілетке ие. Одан басқа, фертильділікті қалпына келтіретіндер ЦАС-тің генетикалық доноры болатын түрлермен жұмсақ және қатты бидайларды шағылыстыруда пайда болады. Бірақ бірқатар елдерде будандық бидай жасау мәселелеріне айтарлықтай селқос қарау байқалады. Бұны кейде кәдімгі әдістермен бидай сорттарын шығарудың барлық мүмкіндігі әлі де түгісілмегеніне байланысты екенінен де көруге болады. Олардың көмегімен жана сорттар өнімділігінің үздіксіз өсуі қамтамасыз етіледі.

Арпаның гетерозистік будандық тұқымдарын жаппай өндіруді ұйымдастырудың түрлі нұсқалары кездеседі. Ерекше принципті 1965 жылы Р.Ремедж ұсынды. Ол аталық стерильдік (m), тозаңдық летальдылық (i) гендері мен тұқым қабығының қаралау түсінің маркер-гені бойынша теңдестірілген үшіншілік трисомиктерді пайдалануға негізделген. Америкада осы негізде ($mmLlbb \times MmmLllBbb$) алынған Хербар гетерозисті буданы өндіріске берілді. Бірақ будандастыру телімдерінде аталық стерильділікті арпаның өсімдігін тозаңдандыру мәселесі бидайлармен жұмыстағыдан әлдеқайда өте күрделі.

ӘДЕБИЕТ

1. Бороевич С. Принципы и методы селекции растений. – М.: Колос, 1984. – 344 с.
2. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 447 с.

3. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. – Астана: Фолиант, 2015. – 416 б.

4. Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі. [2018ж. 28 ақпан №95] // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2018. - 20 сәуір.

5. Сборник сортов и гибридов сельскохозяйственных культур, используемых в Республике Казахстан. – Астана, 2017. – 125 с.

РЕЗЮМЕ

Цитоплазматическая мужская стерильность может быть использована в двух направлениях: для перевода на стерильную основу уже допущенных к использованию в Республике Казахстан (включенные в Государственный реестр селекционных достижений) гибридов и для создания на стерильной основе новых гибридов. При производстве гибридных семян применяют одну из трех вариантов скрещивания: «восстановления», «полувосстановления» и «смещения». В данной статье приведены семеноводства линейных гибридов кукурузы, допущенные к использованию в Алматинской и Кызылординской областях Днепровский 277МВ, и во всех областях, кроме Жамбылской, Карагандинской, Кызылординской, Североказахстанской и Туркестанской – Одесская 80МВ, а также Алматинской, Костанайской и Акмолинской областях Днепровский 141Т по вариантам «восстановления» и «смещения».

SUMMARY

Cytoplasmic male sterility can be used in two ways: to transfer to a sterile basis already approved for use in the Republic of Kazakhstan (included in the State register of selection achievements) hybrids and to create new hybrids on a sterile basis. In the production of hybrid seeds, one of three crossing options is used: «restoration», «half-restoration» and «mixing». This article provides linear seed corn hybrids allowed to use in Almaty and Kyzylorda regions of the Dnieper 277MB, and in all regions, except for Zhambyl, Karaganda, Kyzylorda, North Kazakhstan and Turkestan – 80MV Odessa, and Almaty, Kostanay and Akmola regions of the Dnieper 141T the options «restore» and «offset».

BÝDANDASTYRÝ AÝQYMY JÁNE BÝDANDYQ MATERIALMEN JUMYS KÓLEMI

Janzaqov Marat Myqtybauuly,
aýylsharýashylygy gylymdarynyñ kandidaty,
qaýymdastyrylgan professorlar,
«Bolashaq» ýniversiteti;
Orazbek Janna,
stýdent,
«Bolashaq» ýniversiteti

Býdandastyrydy ósimdikterdiñ belgileriniñ jáne qasietteriniñ jai gana arifmetikalyq jiyntygy sraqty qaray durys emes. Býdandastyry ádisin qoldandyda formatúzilydiñ negizi – genderdiñ ózara kombinasialanýy jáne transgressia. Ata-analyq aǵzalar ózderiniñ urpaqtaryna belgilerdi emes genderdi, iaǵni býdandardyñ ár urpaǵynda qaitadan damytyn belgilerdi baqylaityn genderdi beredi. Birqatar jagdaıda bidaıdyñ eki qyltyqsyz formasyn shaǵylystyrǵanda, ekinshi urpaqta 1/4 jyyq qyltyqty ósimdikter parda boldy. Ata-analyq daraqtarda qyltyqlyq belgi bolmasa da, osy belgi damýyn anyqtaityn resessivti gender bolýynan býdandyq ósimdikter urpaǵynda resessivti gomozigotalar qyltyq túzýge bastama boldy. Masaq uzyndygy ortasha bidaıdyñ nemese arpanyñ eki sortyn shaǵylystyrǵanda, býdandyq urpaqta uzynmasaqty nemese qysqamasaqty ósimdikter jii baiqalǵan. Bul jañatúzilim sol belgini anyqtaityn polimerli genderdiñ jiyntyq áseri – transgressiamen bailanysty. Transgressiada býdanda birin-biri tolyqtyratyn genotipter birigedi.

Transgressialar, ata-analyq formalardyñ bireyiniñ nemese ekeyiniñ de bir mezgilde qaydaı da bir sandyq belginiñ damyp-jetilýin baqylaityn dominantty da, resessivti de allelderı bola tura, ony shektik dárejede kórsete almaıtyn genetikalyq júede ydyraıda sol belgili bir belginiñ shektik fenotiptik kórinistegi býdandary.

Sáirestep tañdalynǵan ata-analyq juptardy býdandastyrganda túrli paidaly-sharýashylyq belgiler men qasietter – ónimdilik, ósimdik biiktigi, vegetasialyq kezeń uzaqtygy jáne t.b. boıynsha transgressia bolýy múmkin.

Bizdiñ elimizdegi jáne alys-jaqyn sheteldik seleksialyq mekemelerdiñ kópshiliginde ár daqyl boıynsha kóp mólsherde býdandyq kombinasialar jasalynady jáne olardyñ negizinde ári qaraı jumys júrgizýge býdandyq materialdar alady. SIMMIT (SIMMYT) jyl saıyn jumsaq bidaıdyñ 3-5 myñ, qatty bidaıdyñ 1,5-2 myñ, tritikale men arpanyñ, saıkes 2 myñ jáne myńǵa jyyq kombinasialaryn jasaıdy [1-2].

Bolgariadaǵy bidaı jáne kúnbaǵys institútynda jyl saıyn 2 myńǵa jyyq býdandar alynady jáne onda ár kombinasiya boıynsha 2-3 masaq kastrasialanady. Jaña bastapqy materialdy derey býdandastyryǵa

qatystyrady. Ony aldyn ala zertteý jumysty tym sozyp jiberedi dep sanaidy. Degenmen de F_1 -de, ásirese F_2 -de alynǵan materialmen júrgizilgen jumys sol úlgiler qundylyqtaryn týra kórsetedi. Eger býdandyq kombinasiya sátti bolyp shyqsa, onymen qaitadan keńinen jáne tianaqty jumys júrgizedi. Ár jyly shamamen 70 myń F_3 - F_5 -shi urpaqtar tizbekteri men 1000-ǵa jýyq nómirler aldyn ala synaý men konkýrstyq synaýda zertteledi [2].

Germaniyanıń dandı daqyldardy zertteý jónindegi institútynda jyl saıyn tanaptan jáne jylyjaılardan arpanyń 1000-ǵa jýyq býdandyq kombinasialaryn alady. Elitalyq ósimdikter suryptaý F_2 -den bastap F_4 - F_5 -shi urpaqtarǵa deın jalǵasady. Seleksialyq jumys úshin jalpy jıyntyǵy 30-35 myńdaı ósimdik suryptalynady [1-2].

Seleksia-genetika institútynda (Odessa) kúzdik jumsaq bıdaıdy shaǵylıstıryı jyl saıyn 350-600 kombinasiada júrgizilse, olar negizinde ári qaraıǵy atqarylatyn jumys úshin alynǵan býdandyq tizbekter shamasy 24-25 myń jáne odan da asady. Don AShǴZI (Resei) seleksia ortalyǵynda kúzdik bıdaımen jyl saıynǵy oryndalatyn shaǵylıstıryı jumystarynda 400-500-ge jýyq kombinasialaryń árqaisynan 15-20 masaq kastrasialanyp, tozańdandyrylady. Suryptaý F_2 -de júrgiziledi, F_3 - F_6 -shy urpaqtardyń 50 myńdaı býdandyq tizbekteri seleksialyq pitomnikterde zertteledi. Belarýs eginshilik ǴZI seleksialyq ortalyǵynda jazdyq arpa boıynsha 500-700 býdandyq kombinasiya alynady [1-2].

Genderdiń túrli kombinasialarynyń eń joǵarǵy múmkin mólsheı, F_2 -de bolatyny belgili. Demek, F_2 popýliasialary múmkindiginshе kóp mólsheıli bolýy kerek. Osydan kelip, otandyq jáne jaqyn sheteldik seleksialyq ortalyqtar bıdaıdy shaǵylıstıryıda birinshi urpaqta júzdegen, al ekinshide – júz myńdaǵan ósimdik bolýy úshin myń kombinasiyanıń árqaisynan 25-50 masaqtan kastrasialaidy. Osyndaı aýqymdy jumysta 2-3-shi urpaqtardan bastap-aq qajetti sharýashylyq- paıdaly qasıetteri úlesken ósimdikterdi jeke suryptaýǵa, al jeke genderdi gomozıgotaly jaǵdaıǵa ótken qundylyǵy tómen ósimdikterdi erte jaramsyzdandyryıǵa múmkindik bolady. F_2 - F_3 -tiń árbir kombinasiyasynan 1000 jáne odan da kóp, al birqatar qundy kombinasialardan birneshe myńdaǵan tizbekter qalanady. Seleksialyq pitomnikke barlyǵy 25 myń jáne odan da kóp mólsheıde býdandyq tizbekter egiledi. Bul pitomnikte bir kombinasiadan konkýrstyq sortsynaıǵa deın suryptaısyz kóbeıtiletin 3-5 eń jaqsy tizbekter tańdalyp alynady. Olardyń nátıjeleri boıynsha keleside qundy erekshe tizbekterde jekeleý-toptyq suryptaý júrgiziledi. Bundaı býdandyq urpaqtarmen jumys ádisi seleksialyq prosestiń eń erte satysynda eń jaqsy tizbekter bólip alý men olardy tez kóbeıtýge múmkindik beredi. Onda jańa sorttardy erte de, kesh te urpaqtarda suryptap alady (keste).

Kestedegi jazdyq bıdaıdyń QR seleksialyq jetistikteri memlekettik tizbesine engizilgen, qazirgi kezde de Batys Qazaqstan, Qostanaı, Qaragandy, Aqmola, Pavlodar, Soltústik Qazaqstan, Almaty, Qyzylorda oblystary aýyl sharýashylyǵy óndirisinde paıdalanýǵa ruqsat etilgen

sorttaryn, QR AShM A.I.Baraev atyndaǵy astyq sharýshylyǵy GÓO, «Ósimdik biologiasy jáne biotehnologiasy» EMK, «Agrosemkonsalt» JShS, Pavlodar AShGZI, «Qazaq eginshilik jáne ósimdik sharýashylyǵy GZI» JShS jáne Oral AShTS men Reseidiń Ońtústik-Shyǵys AShGZI (Saratov), N.M.Týliakov atyndaǵy AShGZI (Samara) birlesip shyǵarǵan [3].

Kanadanyń seleksialyq mekemelerinde shaǵylystyrý júrgizý aldynda bastapqy ata-analyq juptardy ónim qurylymynyń elementteri, aýrýlarǵa, syrtqy ortanyń qolaisyz jaǵdailaryna tózimlilik jáne basqa da belgileri boıynsha óte muqiat tańdaıdy jáne zertteidi. Ol shaǵylystyrýdy azǵana mólsherdegi kombinasiamen shekteýge múmkindik beredi: jylyna ár daqyl boıynsha 4-5 kombinasiya. F_1 býdandaryn shaǵylystyrýlar jáne ósirý klimattyq kameralarda atqarylady. Egistik jaǵdailarda shaǵylystyrý sirek júrgiziledi. Ár kombinasiya boıynsha 2-den 10-ǵa deyin masaq kastrasialanyp, tozańdandyrylady. F_1 - F_2 urpaqtardyń býdandyq tuqymdary óte joǵary koefisienttermen kóbeitedi. F_2 -de ár kombinasiya boıynsha 10 myńdaı jáne odan da kóp ósimdikter ósiriledi, al kelesi urpaqtar tizbekteriniń salynatyn mólsheri birneshe myńǵa jetedi [1-2].

1 keste. Jazdyq bidaıdyń birqatar otandyq sorttarynyń býdandyq popýliasialardan suryptalynýy

Budandyq popýliasua	Suryptalý urpaqtary men alynǵan sorttar	
	ataýy	
Albidým 653 x Liýtessens 29 Priboı x Strela Saratovskaıa 36 x K-428010 (Kanada) Jnısa x Irtyshianka-10 Opaks-1 x Kazahstanskaıa 10 Selinnaıa iýbileınaıa x Omskaıa 19 Priboı x Liýtessens 49-71-62 BSZB(Grekým-476 x Omskaıa 9) x Omskaıa 9 Liýtessens 129/86 x Selinnaıa 60 Selinnaıa iýbileınaıa x Liýtessens 90/87-1 Harkovskaıa 17 x Altaıka Damsınskaıa 90 x Saratovskaıa 210		Vokgoýralskaıa Kazahstanskaıa10 Karagandınskaıa7 0 Liýtessens 32 Samǵaı Selina 50 Kazahstanskaıa15 Severıanka Táyelsizdik 20 Shortandınskaıa 2012 Korona Damsınskaıa ıantarnaıa

Aıqas tozańdanatyn daqyldardy kóbine shekteýli-erkin nemese erkin tozańdandyryú joly men shaǵylystyrady. Birqatar seleksialyq-tájiribelik mekemelerde ózdiginen tozańdanatyn daqyldardy da, eger olar ashıq güldenitin bolsa shekteýli-erkin tozańdandyryady. Mysaly, bidaıdyń jeke

sortтарында ашық гүлдеуін гүлдердің мөлшері 90-95%-ға жеті мүмкін. Гүлдеуге қолай жағдай тыманда тозаңдармен аяның қанығы соншам жоғары болынан, тозаңдардың ашық гүлдеуін гүлдер аналғынын айызина түсі мүмкіндігі өте жоғары.

Күздік бідандың еркін желмен тозаңданып шағылысын селексиа-генетика институтында (Odessa), мәскеулік селексиалық орталықта және бірқатар басқа ғылыми-зерттеу мекемелерде пайдаланы. Онда аналқ ретінде жергілікті екологиялық жағдайға ең жақсы беімделінген сорт алынды. Оны арнай таңдалған аталық тозаңдатқыш-сорттар қоршаында себеді. Осылай бір ғана аналқ туқым қыалайшылығын пайдаланы негізінде қажетті бідандық комбинасия мөлшерін алыға мүмкіндік жасалынады.

Адетте селексионер қарамағында бідандық туқым азғантай мөлшерде және шағылысқан жылы алынған бідандық туқымдар кóбине нашар толысқан болды. Сондықтан туқымдарды тез кóбету және олардан толыққунды óсіндік жетілуі үшін жақсы жағдайлар жасу өте маңызды.

Бірінші ұрпақ бідандарының барлық туқым қыалайтын мүмкіндіктерін толығымен кóрсетуін қамтамасыз ету үшін оларды қолай агротехникалық жағдайда óсiredі. Бідандық туқымдар ең жақсы алғы дақылдар бойынша егiledі: күздік дақылдар үшін – таза қара сүрі жер немесе сүрі жерде орналасқан жақсы дақылдар (асбуршақ, сүрлемдік жүгері және т.б.). Сол дақыл мен аймақ үшін жақсы мерзімде жақсы тыңайтуған топыраққа себеді.

Барлық вегетасиялық кезең бойына óсіндіктерді муқият күтіп-баптау, сондай-ақ арам шóптер, айрылар және зянкестермен күресу шараларын ұымдастырады.

Канада селексиалық стасаларында бірінші ұрпақ бідандары туқымның кóбетуі мыңға, тіпті он мыңға дейін жететін өте жоғары коэфисиентермен жүргизiledі. Ол үшін Мексиканың немесе АҚШ-тың (Калифорния штаты) сырмалы телімдерінде кеңқатарлы, өте сирек егистерді қолданды.

Екологиялық беімделгеш сорттар шығару үшін бідандық популяцияларды, олардан ириктелініп алынған формаларды және сорттарды әр түрлі табиғи-климаттық аймақтарда, қуары алын түрлі топырақтарда және агрофондарда, мысалы, сырмалы және тәлімі телімдерде, жоғары және кәдімгі нормаларда минералдық тыңайтқыштар енгізімен сынады. Бул болашақты сорттардың óнімділігі және стретик факторлар, айрылар мен зянкестерге тóзимділіктері тырлы толық жеткілікті ақпаратты тезірек алыға, олардың түрлі жарық күн ұзақтығында жетілуін, қубылмалы ая рай жағдайына реаксиясы нормасын анықтауға және кездеісоқ формаларды сурптау мүмкіндігін азайтуға ықпал етеді.

АДЕБИЕТ

1. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 447 с.

2. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. – Астана: Фолиант, 2015. – 416 б.

3. Сборник сортов и гибридов сельскохозяйственных культур, используемых в Республике Казахстан. Астана, 2017. – 125 с.

РЕЗЮМЕ

Из материала статьи видно, что в большинстве селекционных научно-исследовательских учреждениях нашей страны и зарубежом (в ближнем и дальнем) по каждой полевой культуре создают большое число гибридных комбинаций и на их основе получают огромный гибридный материал, с которым ведут дальнейшую работу. Отбор элитных растений начинают с F_2 и продолжают до F_4-F_5 . Максимально возможное число различных комбинаций генов достигается уже в F_2 . Следовательно, популяции F_2 должны быть как можно более многочисленными. Исходя из этого, например, в Краснодарском селекцентре при скрещивании озимой пшеницы в каждой из тысячи комбинаций кастрируют по 25-50 колосьев, чтобы в первом поколении иметь сотни, а во втором – сотни тысяч растений.

SUMMARY

From the material of the article it can be seen that in most breeding research institutions of our country and abroad (in the near and far) for each field culture create a large number of hybrid combinations and on their basis receive a huge hybrid material, which are further work. The selection of elite plants start with F_2 and continue to F_4-F_5 . The maximum possible number of different gene combinations is already achieved in F_2 . Therefore, the populations of F_2 should be as numerous as possible. Based on this, for example, in the Krasnodar breeding center PR crossing of winter wheat in each of the thousands of combinations castrate 25-50 ears to the first generation to have hundreds, and in the second – hundreds of thousands of plants.

ЕГІСТІК ДАҚЫЛДАР СЕЛЕКЦИЯСЫНДАҒЫ КЕЗЕҢДЕП (РЕКУРРЕНТТІ) СҰРЫПТАУ

Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«Болашақ» университеті;
Кенбаев Бақыт Қуанышбекұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
М.Ықсанов атындағы политехникалық колледж (Қызылорда
қаласы);
Сагаева Айғаным,
студент,
«Болашақ» университеті

Айқас тоздандатын дақылдардағы жаппай және жекелей сұрыптаулар артықшылығын үйлестіру үшін жүргізілген көптеген ізденістер нәтижелері *кезеңдеп (рекуррентті) сұрыптау* әдісін әзірлеуге алып келді.

Кезеңдеп сұрыптаудың мәні, бастапқы популяциядан ең жақсы генотипті өсімдіктер таңдаумен, әрі қарай оларды будандастыруда. Алынған рекомбинацияның негізінде, жаңа сорттар ретінде тура пайдаланылатын немесе келесі сұрыптау циклі үшін бастапқы материал болатын мол гендік қорлы жақсартылған популяциялар жасалынады [1-3].


Шағылыстыру мен сұрыптау циклдерін қайталау, осы әдістің басты ерекшелігі болып саналады. Кезеңдеп сұрыптауды бірінен соң бірін кезекпен, көпқайтара қолданумен популяцияның жеке белгілері мен қасиеттерін жақсартуға алып келетін қолайлы гендердің шоғырлануын арттырады. Онда, сондай-ақ сұрыптаудың жаңа циклдерін жүргізуге қажет генотиптік өзгергіштік сақталынып тұрады.

Кезеңдеп сұрыптаудың бірнеше типі болады және де өте кеңінен қарапайым фенотиптік сұрыптау мен жалпы комбинациялық қабілеттілікке сұрыптау қолданылады.

Қарапайым (фенотиптік) сұрыптау жаппай сұрыптаудың күрделенген нұсқасы және ол іріктелетін өсімдіктердің тура анықталуы мүмкін белгілері селекциясында қолданылады (1-сурет). Сондықтан да оның әсері, белгілері жоғары тұқым қуалайтынды болып келетіндерге ғана қатысты. Өсімдіктің гүлдеуіне дейін көрінетін белгілері (сабақтың биіктігі, қысқа төзімділік, саңырауқұлақ

ауруына төзімділік) селекциясында, іріктелінген өсімдіктердің өзін-өзі тозаңдандырмайды және сұрыптаудың әр цикліне бір жыл қажет. Ол үшін өсімдіктерге бағалау жүргізіледі және сұрыптаудың талаптарына сәйкес келмейтіндерді жояды, қалған өсімдіктер бір-бірімен өзара тозаңданады.


Құнды генотиптерді сұрыптап алудың тиімділігін арттыру үшін оны арандату фонында жүргізу қажет. Масақтың өнімділігі, 1000 дәннің массасы, жығылып қалуға төзімділік сияқты, гүлдеуден немесе өнім жинаудан кейін ғана шынайылықты баға алынуы мүмкін белгілер селекциясында іріктеп алынған өсімдіктер өзін-өзі тозаңдандырады және кезеңдеп сұрыптаудың әр цикліне екі жыл қажет. Ол үшін егістік немесе зертханалық бағалаулардың нәтижелері бойынша іріктеліп алынған ең жақсы өзін-өзі тозаңдандырған өсімдіктер ұрпақтарының әр өсімдігін бірдей шамада араластырады да, өзара тозаңдануы үшін оқшауланған телімге егеді. Алынған тұқымдарды егіске және сұрыптаудың келесі циклін жүргізу үшін пайдаланады. Селекцияның міндеттеріне және бастапқы материал сапасына байланысты, әдетте кезеңдеп сұрыптау жүргізу – екі циклден бес циклге дейін.



1 сурет. Қарапайым кезеңдеп сұрыптау

2-суретте жалпы комбинациялық қабілеттілікке (ЖКҚ) кезеңдеп сұрыптау сызбасы көрсетілген. Қарапайым формада оның циклі үш жылдық.

Бірінші жылы бастапқы популяциядан ең жақсы өсімдіктерді таңдайды да, оларды өз-өзін тозаңдауға мәжбүрлейді және бір мезгілде тестермен (анықтағыш) шағылыстырады. Шағылыстыруларда іріктелінген өсімдіктер аналық ретінде де және аталық ретінде де пайдаланылуы мүмкін. Бірінші жағдайда масақтардың немесе собықтардың бір бөлігі өз-өздерін тозаңдандырады, басқасы тестермен шағылыстырылады. Екінші жағдайда сыналатын өсімдік аталық қызмет атқарады. Ол үшін тозаңдардың бір бөлігін өзін-өзі тозаңдандыруға, ал басқасын тестердің бірнеше өсімдіктерін тозаңдандыруға пайдаланады. Екінші жылы комбинациялық қабілеттілік бойынша жақсы тізбектерді бөліп алу мақсатында топкросстық будандарды ($S_0 \times$ тестер) сынау жүргізеді.




2 сурет. Жалпы комбинациялық қабілетке (ЖКҚ) кезеңдеп сұрыптау

Тестілік комбинацияларды сынау негізінде таңдап алынған ең жақсы тізбектер (өзін-өзі тозаңдандырудан сақталған тұқымдар) кейін шағылыстыру (немесе еркін өзара тозаңдандыру) және сұрыптаудың екінші циклін жүргізуге негіз болатын синтездік популяция алу үшін бастапқы материал қызмет атқарады.

Будандық жүгері селекциясында кезендік сұрыптау әдісін қолдану тұқым шаруашылығы күрделі, өнімділігі төмендеу қосарланған тізбекаралық будандар орнына қарапайым тізбекаралық будандар жасау үшін өзін-өзі тозаңдайтын тізбектер өнімділігін көтеруге, сондай-ақ оларды жұпты будандастыруларда пайдалануға мүмкіндік береді. Инбридингсіз кезеңдеп сұрыптау жүргізудің ерекше сызбасы жақын шетел – Ресейде (БМДФЗИ) дайындалды. Оны күнбағыс дақылы тұқымының жоғары майлылығы және т.б. да белгілер селекциясында пайдалану жақсы нәтижелер беруде.

Күріш селекциясында ғалым-селекционер А.Н. Подольскихтің ұсынған стерильді тізбектер (ЦАС немесе ГАС) ауткроссингі негізінде топкросс, поликросстармен бастапқы материал жасауда өздігінен тозаңданатын дақылдарда дәстүрлі емес, кезеңдеп сұрыптау қолданылуда (3-сурет). Онда күрделі будандық популяциялар (КБП) 3 кезеңде қалыптасады. Бірінші кезеңде қарапайым жұпты шағылыстырумен алдын ала таңдалынған ата-аналық формалар геномына аталық стерильділік фактор (ГАС немесе ЦАС) инкопияланады. Екіншіде – қандай да бір құнды белгінің қажетсіз тіркесін әлсірету мен күшейту қарапайым будандардың ыдырайтын популяциялары ішінде ГАС немесе ЦАС негізінде беккросстаумен немесе сибкросстаумен іске асырылады. Үшінші кезеңде бірін-бірі жақсы толықтыратын бірдей мөлшердегі тұқымдарды араластырумен кезеңдеп сұрыптау үшін тұрақты ауткроссингті ұзақ репродукциялайтын күрделі будандық популяция жасалынады [3].



3 сурет. Күріш селекциясында стерильді тізбектер ауткроссингі негізінде топкросс және поликросс кезеңдеп сұрыптаумен бастапқы материал жасау

Бұл тәсілмен қазіргі кезде күріш селекциясында алынған нәтижелер де қуантарлық: осы тәсілмен алынған 6АГМС және 6АМС будандық популяцияларынан 2012 және 2015 жылдары Мемтізбеге енгізіліп, қазіргі кезде Қызылорда облысында күріш өндірісіне пайдалануға рұқсат етілген КазНИИР-5 және КазЕр-6 сорттары шығарылды [4-5].

ӘДЕБИЕТ

1. Бороевич С. Принципы и методы селекции растений. – М.: Колос, 1984. – 344 с.
2. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 447 с.
3. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. – Астана: Фолиант, 2015. – 416 б.
4. Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі. [2018ж. 28 ақпан №95] // EGEMEN QAZAQSTAN. –2018. - 20 сәуір.
5. Сборник сортов и гибридов сельскохозяйственных культур, используемых в Республике Казахстан. – Астана, 2017. –125 с.

РЕЗЮМЕ

Сущность периодического отбора состоит в выборе из исходной популяции растений с лучшими генотипами и их последующем скрещивании. На основе полученных рекомбинаций создаются улучшенные популяции с обогащенным генофондом, которые могут непосредственно использоваться в качестве новых сортов или служить исходным материалам для следующего цикла отбора. По содержанию статьи видно, что повторение циклов скрещивания и отбора является главной особенностью этого метода. Многократным, последовательным применением периодического отбора достигается повышение в популяции концентрации благоприятных генов, что ведет к улучшению ее отдельных признаков и свойств. При этом также поддерживается генетическая изменчивость, необходимая для проведения новых циклов отбора.

SUMMARY

The essence of periodic selection consists in the selection of the initial population of plants with the best genotypes and their subsequent crossing. On the basis of the recombinations obtained, improved populations with enriched gene pool are created, which can be directly used as new varieties or serve as starting materials for the next selection cycle. The content of the article shows that the repetition of cycles of crossing and selection is the main feature of this method. Repeated, consistent application of periodic selection is achieved by increasing the concentration of favorable genes in the population, which leads to the improvement of its individual characteristics and properties. It also supported the genetic variability necessary for conducting new cycles of selection.

ТҰҚЫМНЫҢ ТАЗАСОРТТЫҒЫН САҚТАУ ЖӘНЕ СОРТТЫҚ ЕГІСТЕР ЛАСТАНУЫМЕН КҮРЕС

*Кенжалиева Ұлмекен,
студент,*

«Болашақ» университеті;

*Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
«Болашақ» университеті*

Тұқымның тазасорттылығын қамтамасыз ету тұқым шаруашылығының басты міндеттерінің бірін құрайды. Тұқымның тазасорттығына мемлекеттік стандартқа сәйкес жоғары талаптар қойылады. Сорттық тұқымда қоспалар болуы сорттың шаруашылық сапасын және тұқымның құнын төмендетеді [1-2].

Бидай тұқымдарына наубайханалық сапасы төмен сорт тұқымының біршама қоспасы ұнның және нанның сапасын нашарлатады. Қатты бидай тұқымындағы жұмсақ бидайдың қоспасы оның технологиялық сапасын төмендетеді. Саңырауқұлақ ауруларына төзімсіз сорттың қоспасы, негізгі сортты зақымдаудың басты көзі саналады және оның өнімділігінің төмендеуіне алып келеді. Өсімдік залалдануын болдырмау үшін ауырмаған тұқымдық егістерді залалданған танаптардан кеңістік оқшаулауды қатаң сақтау қажет. Бұл келесі ұрпақтарда ауырмаған тұқым өсіруге мүмкіндік береді.

Тұқымдық егістерді сорттық тазалығы тек I-категориялы тұқыммен егу керек. Шаруашылықтардың өндірістік егістерін II және III-категориялы тұқымдармен егуге болады. Егер күздік және жаздық бидайлар, арпа, сұлы, тары, асбұршақ, үрмебұршақ, ноғатық тұқымдарының сорттық тазалығы 95% төмен болса, ондай тұқымдар сорттыққа жатпайды және себуге жіберілмейді.

Тұқымды сорттық (түрлік) ластанудан сақтау үшін себуге, жинауда, қырманда өңдеуде, сақтауда және тасымалдауда сақтандыру шараларын орындау, сондай-ақ егістен бөгде қоспаларды алып тастау керек. Сорттық тұқым өсірумен айналысатын агроном, қырман меңгерушісі, қоймашы мен барлық механизаторлар, әсіресе тұқымның тазасорттылығын сақтауға көп көңіл бөлулері қажет. Әр шаруашылықта барлық жұмысшыларды тұқым шаруашылығын дұрыс жүргізу тәсілдерін игеруді үнемі ұйымдастырады.

Сорттық тұқымды көбейтуде оның механикалық және биологиялық ластану мүмкіндіктерін жойып отыру қажет. Механикалық ластануда сорттық тұқымға басқа сорттар тұқымдары немесе сол дақылдың қатардағы тұқымдары, болмаса басқа мәдени дақылдар тұқымдары мен арам шөптер тұқымдары араласып кетеді.

Сол дақылдың, бірақ басқа сорттарының тұқымдары – сорттық қоспа, басқа мәдени өсімдіктер мен арам шөптер тұқымдары түрлік қоспа құрайды. Бір дақылдың түрлі сорттары тұқымдарын машиналармен бөліп алу мүмкін емес. Негізгі сортпен морфологиялық ұқсас қоспаларды егістікті отау кезінде де жою өте қиын. Түрлік ластанудағы өсімдіктерді жою оңай [3].

Сорттың ластану мүмкіндігін көп шамаға азайту үшін тұқымдармен барлық жұмыстар жүргізуде белгілі бір ережені сақтау қажет [4].

Тұқым қабылдау. Элита мен I-репродукция тұқымдарын пломбылы қаптарда, әр партияны сорттық құжаттарымен жібереді. Оларды қабылдауда ыдыстар, пломбылар дұрыстығы, әр қаптың сыртқы жапсырма қағазының (этикеткі) сорттық құжаттарға сәйкестілігі тексеріледі.

Пломбыларды ажырату (ашу). Егер тұқымды дәрілемейтін болса, оны пломбалы буылған күйінде егістік жерге апарып, тұқымдық өсірумен айналысатын агрономның қатысуымен пломбыларды бұзумен қаптар аузын ашып, ішкі-сыртқы жапсырма қағаздар сәйкестігін тексереді.

Тұқымды дәрілеу бөлек орында басқа сорттар, дақылдар, репродукциялар тұқымдарымен жұмыс жүргізілмейтін уақытта атқарылады. Дәрілеуді сапасы бойынша жоғары категория тұқымынан бастайды, дәрілеу үшін қолданылатын машиналар мен жабдықтарды әр жолы тұқымдардан мұқият тазартып отырады.

Тұқымды себуге жіберу. Себуге арналған тұқым дәрілеуге дейінгі қаптарымен жіберіледі. Егер басқа қаптар пайдаланылатын болса, оларды ішін сыртына қарата мұқият тазартып залалсыздандырады. Тұқым ілеспе қағазы салынған бірдей массалы қаптармен, дақылы, сорты, репродукциясы мен категориясы көрсетілген этикеткісімен бірге жіберіледі.

Егістік жерге тұқым тек тұрақты жолдармен тасымалданады. Басқа сорттар егілген немесе енді егілетін жерлерді басып баруға болмайды.

Сорттарды танапқа орналастыру. Әр сорттың егілетін орны алдын ала белгіленеді. Түрлі дақылдар, өздігінен тозаңданатын сорттар немесе бір сорттың түрлі категориялары араласып орналасатын болса, оларды ені 2-3м болатындай оқшаулайтын жолақпен бөледі. Ол жолақтарды отамалы дақылмен немесе жасыл азыққа арналған сиыржоңышқа-сұлы қоспасымен сеуіп тастайды.

Дәнділерді дәнді алғы дақылдар бойынша себуге болмайды, себебі олар алдында егілген қиын ажыратылатын дақыл кодіренімен ластануы мүмкін.

Айқас тозаңданатын дақылдар сорттарын кеңістіктік оқшаулау. Бұндай дақылдардың түрлі сорттарының айқас тозаңдану

мүмкіндігін жою үшін, олардың тұқымдық егістерін биологиялық ластануды болдырмайтын қашықтықтырға орналастырады. Онда да іргелес шаруашылықтардағы айқас тозаңданатын дақылдар егістерінің орналасуларын ескеру қажет.

Әр түрлі сорттар арасындағы айқас тозаңдану мүмкіндігі мен дәрежесі олардың бір-бірінен ара қашықтықтары, гүлдеуінің күнтізбелік мерзімдері сәйкес келуіне немесе сәйкес келмеуіне және желдің бағытына байланысты.

Түрлі сорттар мен будандар егістері арасында келесідей қашықтықтар сақтауы қажет: карабидай, қарақұмық, жүгері үшін 200м-ден кем емес, қонақжүгеріде – 500м-ден кем емес, күнбағыста – 1000 м, ал табиғи тосқауылдар болғанда 500 м.

Себуге дайындау. Егудің алдында тұқымсепкіштерді бір тұқым қалдырмай тазалау керек. Ол үшін әр себу агрегатына арнайы тазалағыш құралдар (қылшықты шөтке және т.с.с) пайдаланылады. Тұқым қорабының тесіктері уақытында бітелуі тиіс. Тұқым сепкіштерді тұқымнан тазарту, сорт немесе дақыл себіліп біткен танапта жүргізіледі. Бұл жұмыстың мұқият орындалғанын тұқымдық өсірумен айналысатын агроном тексереді.

Егуді жоғары репродукциялар мен категориялардан бастау керек. Танаптың шекарасынан шығып кетуге болмайды. Егуді бітіру бойына, шет жақтарды қопсытып сол тұқымдармен сеуіп тастайды.

Егісті күтіп-бантау. Тұқымдық егісте арам шөптер болмауы керек, қажет жағдайда оларды қолмен отайды. Әсіресе негізгі дақылдар тұқымын сорттағанда тұқымы қиын ажаратылатын арам шөптерді, нақтырақ, сұлы мен арпада – қарасұлыны, арпада – жабайы шалқанды, бидай мен қарақұмықта – ноғай қарақұмығын, тарыда – итқонақ пен мыңбасшөпті жою керек.

Қарасұлы сұлыдан ерте гүлдейді, оны сыпыртқыгүлдеу кезінде отайды. Жолдардағы және олардың жиектеріндегі арам шөптерді міндетті түрде орып тастаумен және гербицидтермен өңдеу арқылы жояды.

Тұқымдық егістерде түрлік және сорттық отауды жиі жүргізуге тура келеді. Түрлік отауда, әсіресе сорттауда тұқымдары қиын ажыратылатын мәдени өсімдіктерді, нақтырақ: бидайда – карабидай мен арпаны, арпа мен карабидайда – бидайды, асбұршақта – ірідәнді сиыржоңышқа мен егістік бұршақты (пелюшка), жасымықта – жалпақдәнді сиыржоңышқаны егістен жояды.

Түрлік және бірінші сорттық отауды келесі фенофазаларда атқарған дұрыс: күздік және жаздық бидайды карабидай қоспасынан – карабидайдың масақтану кезеңінде гүлдеуге дейін, бидайдың бірінші сорттық отауын – толық масақтанғаннан кейін (қылтықты формаларды қылтықсыздардан, жұмсақ бидай өсімдіктерін қаттылардан алып тастайды). Бидайдың екінші сорттық отауын

балауызданып пісудің басында масақ, қылтық түстері көрінгеннен кейін. Барлық қоспа-өсімдікті тамырымен жұлып, комбайнмен жинауда қайта ластауыш болмауы үшін танаптан шығарып тастайды.

Асбұршақты егістік бұршақтан, олардың қызыл-күлгін гүлдері жақсы ажыратылатын гүлдеудің кезінде отайды.

Жасымықтың егістерін де жалпақдәнді сиыржоңышқадан, олар күлгін түсті гүлдерімен ажыратылатын гүлдеуде тазартады.

Тары егістерінен сорттық қоспаларды сыпыртқыгүлдеуден соң жояды. Сабақтары тозанды қаракүйемен залалданған бидай мен арпаны тек гүлдеу басталуына дейін отайды. Залалданған сабақтарды танаптан тыс жерге апарып 0,5м тереңдікке көмеді. Жүгерінің дүңгіршек қаракүйесімен залалданған собықтарын тозаң пайда болмай тұрып танаптан шығарып барып жояды.

Тозанды қаракүйемен залалданған өсімдіктерді кешіктіріп отау пайдасыз ғана емес, тіпті келесі жылы егістің залалдауының артып кетуіне алып келеді.

Өнімді жинау. Өнім жинау бәрінен бұрын келесі тәртіпте орындалуы қажет:

а) жинауды жаңа, ең жақсы сорттан, егістің ең жоғарғы репродукциясы мен категориясынан бастау;

б) әр телімнің жинауын бастар алдында шеткі жақтарының 2-4м жерін ору, өнімін бөлек бастыру мен тұқымын азықтық, фураждық мақсаттарға пайдалану.

Әр келесі сортты жинардың алдында егін жинайтын машиналарды дән қалдықтарынан мұқият тазартады, мысалы, комбайнның дәндер мен масақтар тұрып қалуы мүмкін барлық бунақтары мен механизмдерін: десте жинауыш, тасымалдауыштар, тазалауыштың електі стандарты, бұрандалы біліктер, шанақ және т.б. Жылжымалы компрессорлардағы сұйытылған ауамен және қозғалтқыштың жағылған газын пайдалумен атқарылған тазартулар өте жақсы нәтижелер береді.

Комбайнмен жұмыс жасау алдында көлденең білік қақпағын ашу, сонан соң комбайнды 10 минуттай босқа қосып қояды. Егістегі комбайнның бірінші өтуінде бастырылған тұқымды азықтық және фураждық мақсаттарға пайдаланады, олар тұқымдық қырманға түспеуі керек.

Сабан шөмелесін басқа сорттар мен дақылдар танаптары шекарасынан жеткілікті қашықтықта жинайды.

Комбайннан машинаға құйылған тұқымды тек тұрақты жолдармен тасымалдау керек. Ол қырманға дақыл, сорт, репродукция, категория, танап нөмірі көрсетілген ілеспе қағазбен жіберіледі.

Қырманда тұқымды кептіру мен тазалауларда түрлі сорттар мен дақылдарды бірдей орналастыруға болмайды. Әр сортпен жұмысты бастар алдында қырыманды мұқият тазарту қажет. Қаптардың

әрқайсының ішкі жағын сыртына қаратып тазартады, тұқымдарды қоймаға сақтауға қоярда олармен бірге бөгде қоспалар мен арам шөптер тұқымдары ілесіп бармауын қадағалау қажет.

Машиналар, құралдар, ыдыстарды тазарту. Жаңа сортпен жұмысты бастар алдында және жұмысқа кіріскен сайын машиналар, құралдар, ыдыстарды тазарту қажет. Тұқымтазалағыш машиналарды тұқымдардан тазарту өте қиын, соған қарамастан машиналар тазалығына дұрыс көңіл бөлінбесе, олар механикалық ластанудың көзі болуы мүмкін. Олардың әрқайсының елеуіштері, біліктеріндегі ойықтары, шөткілері, триерлері бір дән қалмайынша тазартылады. Машина тазаланғаннан кейін бос жұмыс істеуі керек. Сондай-ақ, тұқым тиегіштерді, автомашиналарды да тазалайды.

Тұқым өсірумен айналысатын бригадалар немесе бөлімшелердің механизацияланған қырманьында әр сорт үшін жеке асфальталған орын бөлінуі қажет.

Тұқымды жинаудан кейінгі өңдеу технологиялық процесі ретімен кезектестіре орындалатын келесі операциялардан тұрады: біріншілік тазарту; кептіру немесе белсенді желдету; екіншілік тазарту; сорттау (ірі және орташа салмақты тұқымдар фракцияларын бөлу). Бұл сызбаға қажеттілікте тұқымды жылы ауамен қыздыруды қосуға немесе, егер кептіру қажет болмаса бір буынды қысқартуға болады.

Біріншілік тазарту тірі және өлі қоспаларды бөлу мен тұқымның ылғалдылығын төмендету мақсаттарында жүргізіледі. Қырманға түсетін барлық тұқымдар, сол түскен күні-ақ біріншілік тазартудан өтуі тиіс.

Тұқымдарды кептіру. Жоғары ылғалдылықтағы тұқымдарды барабан типті стационар кептіргіштерде тазартады. Тұқымдық материалды шахтылы және жылытылған ауамен белсенді желдететін қондырғыларда кептіру жақсы нәтижелер береді. Тұқымды, сондай-ақ оңтүстік аймақтарда ашық, күн жақсы шығып тұратын ауа райында асфальталған ашық алаңқайда күн астында да кептіреді.

Кейбір аумақтарда астықтардың пісуі ұзақ сипатта болуы және тұқымның артық ылғалдылықта болуы нәтижесінде жоғарысапалы тұқымдық қор жасау қиынның қияметі болады. Бұндай жағдайда комбайннан қырманға түсетін барлық тұқымды дереу кептірудің маңызы өте зор. Л.А. Азиннің зерттеулері бойынша, онда тұқымның егістік өнгіштігі 10-15% көбейеді, ал 1га өнімділік 0,3-0,5т артады.

Екіншілік тазарту. Бұл операцияның мақсаты – тұқымдарды тазалығы бойынша 1-ші класс егістік стандартына дейін жеткізу. Онда арам шөптер және басқа мәдени өсімдіктер тұқымдары, ұрылған, толық піспеген, ұшық дәндер, қаракүйелік қапшықтар мен қастауыш мүйізшелері толық алынып тасталынған болуы тиіс.

Сорттауды екінші тазартумен бірдей немесе тұқымдарды ірілігі мен тығыздығы бойынша фракцияларға бөлуге арналған өз алдына жеке тәсіл ретінде жүргізеді. Себуге ірі және орташа тұқымдардың (1000 дән массасы бойынша) бірінші және екінші фракцияларын пайдаланған бәрінен де жақсы болып саналады. Екіншілік тазарту және сорттау үшін тұқымтазалағыш машиналарын қолданады.

Ағымды желілер. Маманданған тұқым өсіретін шаруашылықтардағы, сондай-ақ тұқым өсірумен айналысатын бөлімдердегі (бригадалардағы) сорттық тұқым өндірісін шоғырландыру ағымды желілер жасауға және тұқымды жинаудан кейінгі өндеудің ағымдық технологиясын қолдануға мүмкіндік берді.

Ағымдық әдісте комбайннан тура түсетін дәндік қалдықтар кезекпен жүретін бірқатар операциялармен үздіксіз өңделіп, нәтижесінде тұқым егістік кондицияға дейін жеткізіледі.

Ағымдық желіні шаруашылықтағы тұқымтазалағыштар, кептіргіштер және т.с.с. пайдалана жасауға болады. Тұқым өсірумен айналысатын көптеген шаруашылықтарда осы негізде өте жетілдірілген және жоғары өндірімділікті тұқымтазалайтын пункттер жұмыс істейді.

ӘДЕБИЕТ

1. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 447 с.

2. Смиловенко Л.А. Семеноводство с основами селекции полевых культур. – М.: ИКЦ «МарТ», 2004. – 240 с.

3. Жанзақов М.М., Қаршыға Ғ.О. Сорт және оның нашарлау себептері // Ақмешіт хабаршысы. – 2013. - №1.

4. Жанзақов М.М., Сатаева Д.К-Ш, Тыныштықбаев Н. Тұқымның өнімділік қасиеттеріне экология мен агротехниканың әсері // «Болашақ» университетінің Хабаршысы. – 2015. - №3 (7).

РЕЗЮМЕ

Из статьи видно, что в соответствии с Государственным стандартом к чистосортности семян предъявляются высокие требования. Семеноводческие посевы следует засеять только семенами I категории сортовой чистоты. На производственных площадях хозяйств допускается посев семенами II и III категорий. На семенных посевах не должно быть сорняков, в необходимых случаях их пропалывают вручную. Здесь также приведены последовательно выполняемые операции технологического процесса послуборочной обработки семян.

SUMMARY

From the article it is clear that in accordance with the State standard for the purity of seeds high demands are made. Seed crops should be sown only with seeds of category I varietal purity. On production areas of farms sowing seeds of II and III categories is allowed. On seed crops should not be weeds, where necessary, they are weeded by hand. Here are also consistently performed operations of the technological process of post-harvest processing of seeds.

САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘДЕНИЕТІ

*Тоқсанбаева Ақжарқын Аққанжарқызы,
оқытушы,
«Болашақ» университетінің колледжі*

Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі - жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқараспен қалыптастыру. Олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешек өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

«Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты өмір салты - әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен ішімдікті тұтынуды қойып, тазалық пен сауықтыру шараларын сақтауымызға бағытталған» деп көрсеткен. Салауатты өмір сүру әлеуметтік маңызы бар мәселе болғандықтан, оны қарастыру негізі мектептен басталуы керек.

Жас жеткіншектерді ұлтын шексіз сүйуге тәрбиелейтін бірден-бір құрал - оқу-тәрбие ісіне қазақ халқының этнопедагогикасын енгізу.

Химия пәнінде «тіршілік элементтері» және олардың қосылыстары туралы, халық медицинасының негізі - химиялық қосылыстар, жергілікті жерде өсетін дәрілік шөптер, хлордың химиялық құрамы және қолданылуы туралы мәліметтер беріп, сабақтан тыс жұмыстарда халық педагогикасымен ұштастыру оқушылардың патриоттық сезімдерін оятады, танымдық көзқарастарын дамытады, экологиялық және экономикалық тәрбие беруге ұштасады.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу түрлері мен жана әдістерін ұсынатын білім де қажет.

Салауатты өмір сүру қағидаларын жеке ғылым ретінде салауаттану ғылымы насихаттайды. Жалпы ғылыми тұрғыдан қарағанда салауатты өмір сүру мәселелерін жаратылыстану ғылымына енетін пәндердің барлығы қамтиды, бірақ олардың әрқайсысы өз ілімі саласында қарастырады.

Соның ішінде химия пәні, біріншіден, химиялық заттардың атмосфераға, табиғи су көздеріне әсері, ауыл шаруашылығында қолданылатын минералды тыңайтқыштардың және химия өнеркәсіп орындарының мұржаларынан шығатын әр түрлі улы газдардың жер

бетіне атмосфералық жауын-шашындармен қайта жаууы қоршаған ортаның ластануына алып келуімен бірге, адам денсаулығына зиянды екенін қарастырады.

Екіншіден, адам организмінде кездесетін химиялық заттардың денсаулық үшін маңызы, химиялық элементтер мен химиялық заттардың жетіспеуінен туындайтын әр түрлі аурулар және олардың алдын алу шаралары, адам денсаулығы үшін маңызды химиялық заттардың организмде өз мөлшерінде болуы үшін дұрыс тамақтану мәселелері қарастырылады [1].

Адам өз денсаулығының қожасы, билеушісі, бірақ оған келтіретін зиянының орнын толтыруға, дер кезінде қамқорлық жасауға әрекеттенбейді. Денсаулығы үшін зиянды әдеттерді бойына сіңіреді. Ал қазіргі заман талабы педагогиканың алдына оқушының өз денсаулығына көзқарасын өзгерту, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру міндетін қойып отыр. Денсаулықты сақтау және гигиена мәселесі білім беру заңында мемлекеттің саяси ұстанымы дәрежесінде көтерілген. Адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы қарым - қатынасқа бейімделуге, физиологиялық өсіп-жетілуге салауатты өмір сүру мәдениетінің ауадай қажет екеніне жасөспірімдердің көздерін жеткізу - бүгінгі күнде әрбір педагогтің өзекті мәселелерінің бірі болуы керек.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда маскүнемдікке, шылым шегуге, есірткілерді тұтынуға қарсы күреске арналған іс-шаралардың рөлі үлкен. Алкоголь, никотин, есірткі - адам организмне кері әсер ететін заттардың бір бөлігі. Адам организмне қажетті заттардың өз мөлшерінен аз болуы нәтижесінде туындайтын науқастарды ұмытпаған жөн. Сол үшін мектептерде салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын нысаналы жүргізу керек. Химия, биология, салауаттану пән мұғалімдері, дәрігерлер, заң орындарының қызметкерлері, ата-аналармен бірге оқушылардың көзін жеткізетіндей іс - шаралар ұйымдастыруы қажет [1].

Оқушылардың ізденісін, шығармашылығын, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруды талап ететін іс-шаралардың бірі - мектепте ұйымдастырылған ғылыми - практикалық конференциялар.

Адамзат баласының алдындағы негізгі міндеттің бірі - қол жеткен қоғамдық рухани және материалдық құндылықтарды, өндірістік тәжірибені игерген тұлға даярлау. Осы міндетті жүзеге асыру негізінен білім беру жүйесіне жүктелетіні белгілі.

Мектеп-халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттерін жас жеткіншек бойына сіңіретін орта. Мектептің мұраты ұлттық зиялы қауымды қалыптастыру, мақсаты-логикалық шығармашылықпен ойлауға қабілетті, ұлттық сана сезімі жоғары, білімге құштар, азаматтық ұстанымы берік адам даярлау, философиясы-өзінің ұлттық тамырынан жалпы адамзаттық

құндылыққа ұмтылу, бала дарындылығын анықтап қолдау және дамыту.

Оқушының білімін негізінен мектеп қабырғасында дұрыс қалыптастыру керек. Осыған сәйкес М. Скатин жалпы білім беретін пәндерге қатысты өзара байланысты білімнің түрлерін: негізгі ұғымдар мен терминдер; әр түрлі нысандар мен болмыс құбылыстары арасындағы байланыстарды және ғылыми фактілер; ғылыми білімдер жүйесін қамтитын теориялар; әлеуметтік идеялар; іс-әрекет тәсілдері; таным әдістері және білім алу тарихы; ғылым тарихы жөніндегі білімдер деп қарастырады.

Ғылыми ұғымдарды қалыптастыруда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың басты мақсаты-оқушыларды жан-жақты дамыту, оларға ғылыми көзқарас қалыптастыру және бір пәннен екінші пәнді игеруде қолдана білуге дағдыландыру. Осыған байланысты, химия пәнінің мазмұнын химия тарихымен байланыстыра оқыту оқушылардың пәнді жан-жақты игеруіне көмектеседі. Осы екі пәннің арасындағы байланысты тереңінен меңгереді. Бұл пәннің басқа пәндер арасындағы статусы мен құрылымы, орны мен рөлі ерекше.

Химиялық білім, басқада іргелі ғылымдар сияқты, тіршілікте өзімізді қоршаған заттар мен құбылыстар әлеміне, ондағы заңдылықтардың қалыптасуына бүтіндей қарап, мәдениетті ойлауды, түйсіне ұғуды, парасатты болуды орта мектептен бастайды.

Химия пәнінен өткізілетін ғылыми-практикалық конференциялардың күн тәртібіне қоюға болатын мәселелері:

8-9 сыныптарда оқушыларға ақпарат бере отырып, ғылыми әдебиеттерді ұсынып, кейбір химиялық элементтердің адам организміндегі маңызын көрсететін тақырыпта баяндамаларды беруге болады. Бұл тақырыптың негізіне химиялық элементтердің организм мүшелерінің функциясына, химиялық элементтерден құралған минералды заттардың организмнің қышқылды - сілтілік тепе-теңдігіне әсерін алуға болады. Ол элементтердің организмдегі маңыздылық дәрежесіне келсек, бірінші баспалдақта натрий және калий тұрады. Натрийдің ең көп мөлшері организмге ас тұзымен түседі, оның тәулік бойынша организмге қажет мөлшері 10-15г. Бұл мөлшерден асып кеткенде гипертония науқасының пайда болатынын айту керек. Адам организмінде калий және натрий иондарының оптимал қатынаста болуы, жүйке және бұлшықет клеткаларының қалыпты қызметін қамтамасыз етеді. Басқа элементтердің де өз мөлшерінде болуы организм үшін өте маңызды - гемоглабиннің құрамындағы темір, асқазан асты безіндегі мырыш, ми мен бауырдың қызметін реттейтін - мыс, ас қорыту процесіне қатысатын асқазан сөлінің құрамындағы тұз қышқылы және т.б. [2].

10-11-сынып оқушылары үшін адам организмнің әр түрлі мүшелерінің қалыпты жағдайда қызмет атқаруы үшін қажетті

химиялық заттар - витаминдер туралы тақырыптарды ұсынуға болады. Бұл тақырыптарда адамның ішкі ортасының тепе-теңдігін сақтау үшін дұрыс тамақтану барысында тағам ретінде қолданылатын өнімдердің сан алуан болуы керек екеніне оқушының назарын аудару керек. Бірақ бұл тепе-теңдік тек қана дұрыс тамақтануға байланысты болмай, организмге түскен аз мөлшердегі алкоголь, никотин, есірткінің әсерінен болатынын айту керек. Алкоголь мен никотиннің адам организміне тигізетін әсерінен туындайтын науқастар туралы айтып, ішімдікке берілген адамдардың әр түрлі қылмыстарға баратыны туралы ескерткен жөн.

Араб мәдениеті дамыған заманда ішімдіктің күшіне алғаш рет алхимиктер зер салып, ішімдіктерге «аль-кахал» деген ат берген. Бұл сөз қазақшаға «өз ақылын өзі ішу, шатасу» деп аударылады. Көптеген ішімдіктердің күші, түрлері ондағы алкогольдік заттардың мөлшеріне байланысты болады. Таза алкоголь - спирт кейбір тірі организмдерді тез жоятын улы зат, сол себепті де оны медицинада микробтарды өлтіруге пайдаланады. Соншалықты күштілігіне байланысты спиртті таза күйінде ішімдікке өте сирек пайдаланады. 96 пайыздық таза спиртті ұрттаған кезде ауызды көмекейді, өңешті күйдіріп жібереді. Балалардың 1 кг. денесіне 3г., бір жастағы балаға 10г, жасөспірімге 40-50г арақ қауіпті әсерін тигізіп, қайғылы өлімге душар етеді. Алкогольдің адам организміне әсері туралы айтқанда, этил спиртінің алыну жолына да тоқталу қажет. Өндірісте этил спирті әр түрлі жолмен алынады. Ең ескі әдіс - араб алхимиктері тапқан - қантты ашыту. Этил спирті ағаш сүрегінен алынады. Ал негізгі тәсіл - жасанды жолмен алу. Ол үшін этиленді фосфор қышқылын қатыстыра сумен әрекеттестіріп, этил спиртіні алады. Ал этиленді тас көмір, мұнай, табиғи газдардан алуға болады. Алынған спирт бутадиен алуға да қолданылады.

Темекі түтінін жетілдірілген физика-химиялық әдістермен зерттеген кезде ғалымдар оның құрамында адам организміне зиянды толып жатқан улы заттардың бар екенін дәлелдеген. Ол заттар темекі шегу кезіндегі температура әсерінен химиялық реакцияға түсіп, басқа химиялық заттарға айналу арқылы темекі түтінінің улылығын күшейте түседі [3].

Газды хроматографиялық зерттеу арқылы темекі түтінінен CO , CO_2 , CH_4 , C_2H_6 , C_3H_8 , C_4H_{10} , C_2H_4 , C_2H_2 , азот оксидтерін, қанықпаған көмірсутектер, ауыр металдар тапқан. Темекі құрамындағы улы заттар - анабазин, метилпиридин, пиридин, пиррол - темекі түтінінің улылығын арттырады. Бұл заттардың сілтілік, қышқылдық қасиеттері арқылы организмге зиянын көрсету керек. Құрамында осындай токсинді заттардың көп болуы темекінің адам өміріне аса қауіпті зат екенін аша түседі.

Темекінің ерекшелігі, онда аса улы зат - никотин болады. Денсаулыққа ең зиянды осы. Таза никотиннің бір тамшысы жылқыны өлтіреді десе артық айтқандық емес. Никотиннен буланған бөлмеде құс отырса, оның өлетіні рас.

1 қорап темекіде 50-75мг. никотин болады, мұның өзі кісіні өлтіруге жарайды. Кейбіреулер күніне 2-3қорап темекі тартады. Бұның себебі, ішке тартқан никотиннің бәрі бірдей денеге тарамайды. Оның біраз бөлігі темекі түтінінде болатын заттардың әсерінен өзінен - өзі залалсыздандырылады. Оған қоса адам оның мөлшерін үзіп-созып аз алады да, уға қарсы иммунитет бейімделу пайда болады. Никотин организмге бірден емес аз мөлшерде белгілі бір уақыт ішінде сіңеді. Темекіге әбден құныққан адам өз өмірінде кт жуық никотин жұтатындығын ғалымдар есептеп шығарған.

Конференцияның қорытынды бөлімінде алкоголь, никотиннің қасиетін көрсететін химиялық тәжірибелер көрсетіп, дәлелдеу керек. Қазіргі таңдағы медицинаның ішімдіктен, шылым шегуден құтылуға көмектесетін психотерапевтік тәсіліне тоқталу қажет [4].

Демек, басқа ауруды жеңу үшін дәрі-дәрмек және басқада толып жатқан тәсілдер қолдану қажет десек, ішімдік және шылым шегуден мүлде бас тартқызуға болады. Қазіргі уақытта көп қолданатын әдістер - гипнотерапия, антобус тәсілі, ауыз шайғыш дәрілерді қолдану, ізін жою терапиясы деп аталатын емді қолдану т.б.

Медициналық әдебиеттердің мәліметтеріне қарағанда ер адамдар арасында бірінші рет темекі тарту және ішімдік ішу 84,2% 15-18 жасында болып тұр. Сондықтан да жас ұрпақтың денсаулығын сақтау үшін ата-аналар, педагогтер, медицина қызметкерлері бірлесе жұмыс жүргізуі тиіс. Химия пәні арқылы оқушының ішімдікке, шылым шегуге көзқарасын өзгертіп, көздерін жеткізу арқылы жаман әдеттен арылтуға әсер етуге болады.

Лұқман Хәкімнен «Өмірде байлық қымбат па, даңқ қымбат па?» деп сұрақ қойғанда, «Байлық та, даңқ та адам баласын бақытты ете алмайды. Біле берсеңдер ауру ханнан дені сау қайыршы бақытты. Ал бақыт дегеніміз, әрбір адам өзінің күш - жігерін халқына, ұрпақ тәрбиесіне жұмсап, ақылды, парасатты және денсаулығы зор болғаны» деп жауап берген екен [5].

Салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастырудың негізгі жүйесі кез келген жалпы білім беретін мектепте қолға алынуы керек. Сонда ғана салауатты қоғам құру мүмкіншілігі арта түседі. Сабактың тәрбиелік мақсатының негізгі тармағы ретінде салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру отбасына да байланысты екенін түсіндіру бәріміздің борышымыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Сәтбаева Х. және т.б. «Салауаттану-денсаулықты сақтау» бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру тұжырымдамасы // Биология, география және химия. – 2002. - №6.
2. Нұғыманұлы И. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы, 2004.
3. Әбілқасымова А. Қазіргі заманғы сабақ. - Алматы, 2004.
4. Тарновский Ю. Денсаулықты сақтай білу де өнер. - Алматы, Қазақстан, 1988.
5. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру. - Алматы . Республикалық баспа кабинеті, 1995.

РЕЗЮМЕ

Принципы здорового образа жизни пропагандируют науку о здоровье как частную науку.

SUMMARY

The principles of healthy lifestyle propagate the science of health as a private science.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ТОПЫРАҚТЫҢ ШЕКТІ КЕРНЕУЛІК КҮЙІНІҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

*Будикова Айгуль Молдашевна,
техника ғылымдарының кандидаты
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ;
Жақыпова Гүлнұр Мухамеджанқызы
техника ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ;
Бостандықов Бексұлтан Хасенұлы
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ
2-ші курс магистранты*

Топырақ массивінің шекті кернеулік күйі дегеніміз сәл күш салу немесе топырақ тығыздығын азайту тепе-теңдікті бұзуға әкелетін жағдай, яғни топырақ массивінің тұрақтылығын жоғалтуға әкелетін жағдай болып табылады. Тұрақтылықты жоғалтқан кезде топырақ массивінде жылжу қабаты туады, қозғалу деформациясы дамиды, топырақтың табиғи құрылымы бұзылады. Ол топырақтың босауына әкеледі немесе топырақ массасы жылжуының шөгуіне және құрылыстар мен ғимарат құрылысының жылжуын тудыратын құламасына айналдырады.

Негізгі тұрақтылығын жоғалтпай топырақ массивіне ықпал ететін салмақтың максималды мүмкіндігін анықтау үшін құрылыс негізінде топырақтың тұрақтылық тапсырмасын қарастыратын топырақтың шекті тепе-теңдік теориясын, қоршау құрылысына топырақ қысымын анықтау тапсырмалары, анкерлер және қоршау құрылысын қосуға топырақ кедергісін қолданады [1].

Шекті тепе-теңдік жағдайында басты кернеу мен сусымалы топырақтың ішкі қажалу бұрышының көлемі арасындағы байланыстың келесі қажеттілігі жасалады:

$$\sigma_3 = \sigma_1 (1 - \sin \varphi) / (1 + \sin \varphi) \quad (1)$$

ондағы σ_1 и $\sigma_3 - \sigma_3 < \sigma_1$ -дегі шекті кернеу күйіне сәйкес басты кернеу.

Сонымен қатар тригонометриялық түрде қайта пайда болғаннан кейін:

$$\sigma_3 / \sigma_1 = \operatorname{tg}^2 (45^\circ - \varphi / 2) \quad (2)$$

Егер шекті тепе-теңдік күйін координатты осіне сәйкес кернеу компоненттері арқылы білдірсе, келесі формуланы аламыз:

$$\frac{(\sigma_z - \sigma_y)^2 + 4\tau_{yz}}{(\sigma_z + \sigma_y + 2c \cdot \operatorname{ctg} \varphi)^2} = \sin^2 \varphi \quad (3)$$

γ салыстырмалы салмағы бар топырақ үшін өрескел тапсырма кезінде дифференциалды түрде тепе-теңдікті теңестірудің мынадай түрі бар:


$$\frac{\partial \sigma_z}{\partial z} + \frac{\partial \tau_{yz}}{\partial y} = \gamma; \quad \frac{\partial \sigma_y}{\partial y} + \frac{\partial \tau_{yz}}{\partial y} = 0 \quad (4)$$

(3) теңестіруге (4) шекті тепе-теңдік теңестіруін қоссақ, үш белгісіз үш теңестіру жүйесін аламыз. Әрі қарай шекті тепе-теңдіктің өрескел тапсырмасы статистика бойынша анықтауға болады.

Осесимметриялық кеңістікті тапсырма ретінде ең төменгі басты кернеу бір-бірімен тең деп қабылданады, яғни $\sigma_2 = \sigma_3$. Осыны ескере отырып, В.Г. Березанцевтар көмегімен негізгі топырақтың осесимметриялық артуында шекті тепе-теңдіктің дифференциалды теңестірілуінің шешімі алынды [2].

Топырақтың тұрақтылығы.

Тығыздалу деформациясының өсуі кезінде қатты қалыптар айналасында кернеудің шоғырлануы болады. Үлкен тіке кернеу қалыптарының айналасындағы топырақтың шекті кернеу күйінің тууына және 1-суретіне сәйкес пластикалық деформацияның (өзгеру деформациясы) дамуына әкеледі.



*1 сурет. Топырақ деформациясының даму сызбасы:
а - өзгеру аумағының пайда болуында; б - топырақты іргетаспен
ығыстыру және жоғарыға жарылу кезінде*

1 аумақтары салынған күш мөлшеріне қарай үлкейеді, бірақ олардың өсуіне 2 аумақ мөлшерінде нығыздалатын айналадағы топырақтың тікелей көлденең кедергісі болады. Бұл кедергі топырақтың пассивтік тойтарысы деп аталатын белгілі бір кеңістікке дейін ақырындап өседі және өзгеру аумағының өсуін баяулатуға әкеледі, алайда топырақ деформациясының үдеуімен байланысты келеді [2, 3].


1б суретіне сәйкес қалып астындағы бірнеше тереңдікте өзгеру аумағының қосылуында 3 нығыздалған ядро пайда болады, ал 4 аудандағы әрі қарайғы артуында жылжудың үздіксіз қабаты пайда болады және негізгі топырақ тұрақтылығы жоғалады.

Топыраққа түсетін салмақтың шекті мәндері. Қатты қалып астындағы салмақтың аз ғана өсуінде олардың табаны бойынша

қысымды бөлуге әкелетін пластикалық деформация аумағы пайда болады.

Табаны бойынша топырақтың реактивті қысым эпюрінің қисық сызықты кескіні салмақтың түсу мөлшеріне байланысты 2-суретіне сәйкес 2 және 3 ершік бейнеден 4-ші параболалыққа ауысады.

Қатты іргетас үшін негізі бойынша қысым орталық қысымдағы бірдей бөлінген және орталықтан тыс салмақ кезіндегі трапеция бойынша бөлінгенге тең [4].



2 сурет. Топырақ қысымына қарсы эпюра түрлерінің өзгеру сызбасы: а - қатты дөңгелек табан бойынша және б - сызықты салмақ сызбасы

Осы сызба және p_{cr} өлшемді қысымның пайда болу қатарлары жолы бойынша z_{max} жағдайдың шекті кернеулі аймағының даму тереңдігі келесі түрде анықталады:

$$p_{cr} = \frac{\pi(\gamma z_{max} + \gamma'd + c \cdot ctg \varphi)}{ctg \varphi + \varphi - \pi / 2} + \gamma'd \quad (5)$$

Шекті кернеулі күй жазықты салмақ айналасында орналасқан жерлерде ғана болатын $z_{max} = 0$ жағдайы үшін топырақтың жалғасуын ескере отырып бастапқы өлшемді қысымды анықтау үшін формула алынды:

$$p_{cr}^b = \frac{\pi(\gamma'd + c \cdot ctg \varphi)}{ctg \varphi + \varphi - \pi / 2} + \gamma'd \quad (6)$$

Тәжірибе p_{cr}^b болар-болмас жоғарылататын қысымда өзгеру аумағының дамуы кернеу мен деформация арасындағы сызықты тәуелділіктің бұзылуын болдырмайды. Осыған байланысты $0,25b$ тереңдікте өзгеру аумағының дамуы және өзгеру аумағының көрсетілген дамуындағы шартты өлшемді салмағы келесі формула бойынша анықталады: $p_{cr}^c = \frac{\pi(0,25 \gamma b + \gamma'd + c \cdot ctg \varphi)}{ctg \varphi + \varphi - \pi / 2} + \gamma'd$, оны былай қайта жасауға болады [1]:

$$p_{cr1} = M_{\gamma} \gamma b + M_{\gamma'} \gamma'd + M_c c \quad (7)$$

ондағы $M_\gamma = \frac{0,25 \pi}{\operatorname{ctg} \varphi + \varphi - \pi / 2}$; $M_q = \frac{\pi}{\operatorname{ctg} \varphi + \varphi - \pi / 2} + 1$;

$$M_c = \frac{\pi \cdot \operatorname{ctg} \varphi}{\operatorname{ctg} \varphi + \varphi - \pi / 2} -$$

қабілеті бар коэффициент.

ҚР ҚНЖЕ оған жұмыс жағдайы коэффициенті және сенімділік енгізу арқылы (7) формула бойынша R топырақтың есептік кедергісін анықтауды ұсынады.

Топырақ негізінің есептік кедергісі - жоғарыламайтын R іргетасының табанындағы орташа қысым. Сондықтан $p \leq R$ шектеулі жағдайы қолданылады.


Егер R -дан p -ға жоғарыласа, онда іргетас айналасында кернеу мен деформация арасындағы басты қабылданған сызықты тәуелділікті бұзатын пластикалық деформация ауданының өсуі байқалады. Шекті күйдегі аудандар тереңдігі бойынша фундамент табаны $1/4$ көлемінен аспауы тиіс.

Ішкі қажалу бұрышының аз маңызын алатын шаңды-сазды топырақ үшін, әсіресе аяқталмаған консолидация жағдайында $\varphi = 0$ қабылдауға болады. Олай болған жағдайда топырақ ерекше байланысқан денеге айналады және өзгеру аумағының дамуынсыз жекелеген жерлердегі бастапқы өлшемді қысымды анықтаудағы формуланың мынадай түрі бар: $p_{cr}^b = \pi c + \gamma' d$.

p_{cr}^b жоғарыдан қысымның күшею шамасы бойынша айналадағы тегіс бөлінген жолақ салмақта өзгеру аумағы пайда болады. Өйткені бұл аумақтар жабық түрде, олардағы өзгеру деформацияның дамуы қоршаған топырақтың қарсылығын тудырады. Осы себепті өзгеру аумағының сыртқы шегі жолақ салмақтан тысқары және жартылай жоғары жылжиды. Өзгеру аумағы шегінің орын ауыстыру шамасында олардың жан-жағындағы топырақтар нығыздалып, осы орын ауыстыруға деген кедергісі арта түседі.

Іргетас табанының ($\gamma = 0$) жеңіл топыраққа өтуін қабылдай отырып, жолақты тең бөлінген салмақта жылжу қабатын құруға болады, бұдан олар σ_1 басты кернеудің басым бөлігін $45^\circ - \varphi / 2$ бұрышына қабылдамайды.

Бұл жағдайда, тікелей σ_1 тіке кернеумен әрекет ететін салмақтан жылжымалы қабатта қиылысатын екі тұқымдас 3-суретіне сәйкес аумақта OAB тік ромбы жасайды. OBC аумағында жылжымалы қабаттың бір тұқымдасы O нүктесінен бөлінетін сәуле құрады, басқа тұқымдас – логарифмдік спираль. Әрі қарай OCD аумағында көлденең ромбылар пайда болады, өйткені көптеген басты кернеулер көлденең бағытталған болады.



3 сурет. Шекті жолақты салмақтан жылжу сызығының екі құрамдасы ($\gamma = 0$)

Топырақ салмағының есебінде шекті тепе-теңдік аумағында жылжымалы қабаттың құрылуы қиындайды. Бұл, әсіресе, іргетас сұйықтығы есебі табанындағы топырақтың қажалуына байланысты болады. Сол себепті тікбұрышты үшбұрыш түрінде топырақтың нығыздалған ядросында орналасқан орын ауыстыруды ескерген жөн [5].

Орталық салмақтың артуында қатты іргетас табаны бойынша орташа шекті қысым ядроның нығыздалу есебімен мына формула бойынша табылады:

- жолақты салмақта:

$$p_{u.st} = N_{\gamma.st} \gamma b / 2 + N_{q.st} \gamma' d + N_{c.st} c \quad (8)$$

- дөңгелек іргетас:

$$p_{u.c} = N_{\gamma.c} \gamma D / 2 + N_{q.c} \gamma' d + N_{c.c} c \quad (9)$$

ондағы $N_{\gamma.c}; N_{q.c}; N_{c.c}$ N - көтергіштік еселігі ; γ және γ' - топырақтың орташа салыстырмалы меншікті салмағы (табанының асты мен үстінде); b - іргетас ені; D - іргетас диаметрі; d - салу тереңдігі.

$p_{u.st}$ немесе $p_{u.c}$ маңызын көтеру жылжымалы қабат бойынша топырақ босауына әкеледі. Тең бөлінген жолақты салмақта және дөңгелек фундаментте елемеуге болатын ең кіші ішкі қажалу бұрышы бар шаңды-сазды топырақ үшін орташа шекті қысым мына формула бойынша анықталады:

$$p_{u.st} = 5,14 c + \gamma' d \quad (10)$$

$$p_{u.c} = 5,7 c + \gamma' d \quad (11)$$

(8) - (11) формулаларын салмақтың осьті қосымшасында қолданады. Эксцентриситетте іргетас орнықтылығы тез төмендейді және арнайы шешімдерді қажет етеді.

Топырақ сипаттамаларының нормативтік және есептік мәндерін анықтау. Топырақтың физикалық күйінің қандай да бір сипаттамасына берілген анықтамалар бойынша:

$$X_n = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n X_i \quad (12)$$

берілген орта арифметикалық көлемдігі сияқты, оның X_n нормативті мәні орнатылады.

Мұндағы n - сипаттамасын анықтаудағы тәжірибе саны, ал X_i - ізделіп отырған сипаттаманың мәні.

Есепте қолданылатын X сипаттамасын әдетте есептік деп атап:

$$X = X_n / \gamma_g \quad (13)$$

формуласы бойынша анықталады, ал γ_g - топырақтың дәйектілік коэффициенті болып саналады.

Топырақтың тығыздылығы (көлемді масса) ρ -дан басқа, топырақтың физикалық сипаттамасындағы есептік мәнін $\gamma_g = 1$ барысында анықталады. Топырақтың меншікті салмағы мен тығыздылықтың есептік мәнін топырақтың өзгермелі сипаттамасы мен бағалау дәлдігінің көрсеткішін есепке алғанда оны ұқсас төзімділік мәнінен табады [4].

Топырақтың өзгермелі сипаттамасы (12) және (13) ережелері бойынша есептелінеді. Компрессионды байқап сынау жағдайында, m_v сығымдылыққа қатысты коэффициентті анықтау ұсынылады, ал статистикалық жүктеме жүктелген қалыптармен жерге байқау сынағын жасау барысында, топырақтың өзгеру модулі E_0 болады, өйткені m_v -дан E_0 -ға және керісінше дәл емес.

Топырақтың жер қыртысына байқау сынақтарын көптеп өткізудің салдарынан, оның статистикалық жүктемесі оның екі, үш рет қайталатындығымен шектелетіндігін де айтып кеткен жөн.

Топырақтың төзімділік белгілері φ және c -ны жоспарды құрғаннан кейін де анықтауға болады. Қозғалтуға тәжірибе жасаудың нәтижесі небары кіші квадраттар экспериментальды мәліметтері әдістерін өңдеу үшін қолданып, тікелей аппроксимирленеді, ал кейіннен алынған кестенің параметрлері нормативті мәндерін табады.

Кем дегенде алты эксперимент жасауда статистикалық ережелерді қолданып, топырақтың сипаттамасындағы қажетті есептік мәндерді анықтайды. Анықтамалар санын тағайындау барысында неғұрлым көп тәжірибе жасалса, соғұрлым іздестірілген сипаттамадағы есептік мәнінің көбі нормативті мәніне жақындай түседі. Бұл жағдайда, топырақты негізге сай қолдануда ұтымды шешім алынады.

Топырақтың механикалық сипаты E_0 , φ және c жағдайлардың тізбегіндегі қажетті санын анықтау қиын соғады.

Осы мезетте олар топырақтың физикалық жағдайының кейбір сипаттамасымен корреляциялық байланысқа ие болатындығы белгілі болады. Сол себепті, кішірек алаңда іздестіру жүргізу кезінде, кейде топырақтың физикалық жағдайының сәйкесінше көрсеткішін анықтаумен шектеледі, сосын ҚР ҚНЖЕ қосымшасының кестесі

бойынша немесе әрбір біркелкі топырақтың қабаты үшін E_0 , φ және c қажетті аймақтық нормаларды табады.

Көлемнің үлкен санын жобалау барысында топырақтың бірдей айырымына қатысты жағдайда, осы аймақтағы топырақ үшін E_0 , φ және c аймақтық мәндер кестесін құру қажет.

Үйлер мен ғимараттардың іргетастарын жоюалауды мынадай екі шекті күй бойынша жүргізеді: бірінші шекті күй - көтергіш қабілеті (беріктілік) бойынша, екінші шекті күй - пайдалануға жарамдылығы бойынша. Сөйтіп, іргетастардың шекті күйлері олардың топырақты негіздерінің шекті күйлерінен бөлек болып келеді.

Іргетастарды бірінші шекті күй бойынша есептегенде мынадай мәселелерді шешу көзделеді:

материалдардың (тас, бетон, темірбетон, т.б.) қасиеттерін толық пайдалана отырып, яғни, есептеуді олардың беріктігін тексеру арқылы жүргізіп, іргетастардың тиімді-қирамайтын, берік жұмыс істейтін конструкцияларын таңдап алу;

іргетастардың орнықтылығын жоғалтуын алдын-ала болдырмау, мұның ішінде: іргетастың табанының сырғып тайғанауын немесе оның астындағы топырақпен бірге ығысып жылжуын; ауырлық центрі жоғары орналасқан ғимараттардың іргетастарының аударылып кету мүмкіндігін; жерасты суларының деңгейінен төмен салынатын іргетастардың, әсіресе, қуыс конструкциялы, жоғары қарай қалқып шығып кетпеуін, т. б.

Іргетастардың екінші шекті күй бойынша есептеудің басты мақсаты олардың деформацияланған кезінде конструкцияларында жарықшақтардың пайда болуын және болған күнде олардың әрі қарай дамымауын шектеу болып табылады. Мұндай шарттың қойылуының маңызы әсіресе іргетастарды олардың материалдарына қатысты зиянды ортада салып пайдаланылатын жағдайларда өте зор. Осы шекті күй бойынша іргетастың конструкциясының деформациялары да тексеріледі.

Іргетастар мен негіздерді шекті күйлер бойынша жобалау кезінде олардың басқа құрылыс материалдарынан мынадай өзгешеліктерін ескеру қажет [3]:

іргетастар мен негіздер қатқылдықтары әр түрлі материалдардан тұрады;

іргетастардың материалдарымен (тас, бетон, темірбетон, металл) салыстырғанда топырақтар созушы кернеулерге кедергі (қарсы әсер) жасай алмайды, сондықтан есептеудің шарттары арқылы мұндай кернеулерді болдырмау керек;

іргетастар мен ғимараттардың конструкциялары жасалатын материалдармен салыстырғанда олардың тұғыры ретінде жұмыс жасайтын негіздер өте сығылғыш, жұмсақ денеден, яғни, топырақтардан тұрады. Осыған байланысты ғимараттардың

топырақты негіздерін екінші шекті күй (деформация) бойынша есептейді. Жобалауды бірінші шекті күй (беріктілік, орнықтылық) бойынша құрылыс нормаларының нұсқауларына сәйкес ерекше жағдайларда ғана жүргізеді;

басқа көтергіш құрылыс конструкцияларымен салыстырғанда салынған ғимараттардың топырақты негіздерінің деформациялануы (шөгуі) ұзақ уақытқа созылады. Әсіресе, іргетастарының негізі ретінде суға шылқыған және су өткізгіштік қасиеті өте төмен балшықты топырақтар қолданылса, онда ғимараттың шөгуі оны пайдалану кезінде де жалғасып жүріп жатады. Сондықтан іргетастарды жобалау кезінде, оның ішінде олардың шөгуінің әркелкілігін тексергенде бұл факторды ескерген жөн;

көбінесе салынатын объектілер белгілі болып келеді де, ал оларды орнататын құрылыс алаңдары өздерінің инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық жағдайлары бойынша әр түрлі болады. Сондықтан әрбір салынатын ғимаратты құрылыс алаңының ерекшеліктеріне икемдеп, құрылысты мейлінше тиімді жүргізуге тырысу керек;

Ғимараттар салынған табиғи ортаның инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық жағдайлары жаратылыс құбылыстарының немесе адамның инженерлік әрекеттерінің әсеріне байланысты үнемі өзгеріске ұшырап отыруы мүмкін;

іргетастар мен негіздерді жобалау кезінде салынатын ғимараттың конструктивтік және пайдалану ерекшеліктерін ескеру қажет.

Сөйтіп, ғимараттардың іргетастары мен негіздерін жобалау көптеген факторларды ескере отырып, ғылыми негізде және комплексті түрде шешуді қажет ететін күрделі инженерлік есеп болып табылады.

Топыраққа түсетін бастапқы қауіпті күшнегіздіктің топырағында шектеулі кернеу жағдайы аумақтарының пайда болуынан сыртқы күштің (қысымның) мәнін білдіретін топырақ негіздігі күштің бастапқы қауіпті күші болып табылады. Бастапқы қауіпті күш аз болған жағдайда күш түсу кезінде негіздіктің барлық нүктелерінде кернеу жағдайы шегіне жетпейді және топырақтың деформациялануы Гук заңымен жазылуы мүмкін.

Олай болса бастапқы күштің ауырлығы үшін серпімділік теориясы есептерінің шешімдері қолданылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтасов Т.М., Оразалы Е.Е., Жакулин Ә.С. Геотехника. – Алматы: «Дәуір», 2011. -156 б.

2. ҚР ҚНЖЕ 5.01-01-2002 Ғимарат пен құрылыс негізі. - Астана: ҚР МИТ құрылыс ісі жөніндегі комитет, 2002. – 82 б.

3. Шилибек С.К. Топырақ және топырақтар механикасы. Оқу құралы –Тараз, Тараз университеті, 2003. – 125 б.

4. Далматов Б.И., Бронин В.Н., Карлов В.Д. и др. Механика грунтов. Ч.1. Основы геотехники в строительстве. – М.: АСВ, 2000.

5. Межгосударственный свод правил по проектированию и строительству: Проектирование и устройство оснований и фундаментов зданий и сооружений: МСП 5.01-102-2002. – Астана, 2005. – 106 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены проблемы почвообразования, структуры, геотехнических характеристик и конструктивной классификации. Особое внимание было уделено почвенным бассейнам, методам их испытаний, нормативным и отчетным характеристикам физических и деформационно-стабилизирующих свойств.

SUMMARY

The article deals with the problems of soil formation, structure, geotechnical characteristics and constructive classification. Special attention was paid to soil basins, methods of their testing, normative and reporting characteristics of physical and deformation-stabilizing properties.

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31. «Болашақ» университеті

Басуға 28.12.2018 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 8.0 б.т. Офсетті қағаз. Тапсырыс №226.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
№2 (16)**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.